За 5 лет Парламент второго созыва принял 597 законов, способствовавших поступательному экономическому развитию страны.

Логическим этапом развития парламентаризма в Казахстане стала конституционная реформа 2007 года, в результате которой при сохранении президентской формы правления была усилена роль парламентаризма в системе управления государством.

Сам Глава государства Нурсултан Назарбаев неоднократно подчеркивал, что конституционная реформа 2007 года направлена на практическую трансформацию Казахстана из президентской республики в президентско-парламентскую.

В результате конституционной реформы высший законодательный орган страны получил возможность участвовать в формировании и контроле деятельности Правительства, утверждать две трети состава таких ключевых органов, как Конституционный совет, Центральная избирательная комиссия и Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета.

Также была изменена система выборов депутатов Мажилиса, которая теперь осуществляется по пропорциональной системе. Это стало серьезным шагом вперед в сфере демократизации, поскольку выборы депутатов Мажилиса по пропорциональной системе с этого времени направлены на повышение роли политических партий, усиление их активности, а, следовательно, и значительной части казахстанского общества. В отличие от прошлых лет избиратели впервые голосовали не за отдельных кандидатов, а за партийные программы.

Принципиальным моментом, касающимся деятельности депутатов, является исключение норм о том, что депутат Парламента не связан каким-либо императивным мандатом.

Парламент изменился не только качественно, но и количественно. Численность депутатов Парламента была увеличена до 154 депутатов, среди них появились видные общественные деятели, ученые, предприниматели, стало больше женщин, представителей различных этносов.

В соответствии с внесенными в Конституцию поправками была установлена ответственность Правительства не только перед Главой государства, но и перед Парламентом.

Таким образом, была обеспечена более высокая эффективность исполнительной власти, а также общественная подотчетность и прозрачность деятельности ее органов.

Ключевым моментом стал новый механизм формирования и функционирования Правительства на основе парламентского большинства. Теперь одна из главных ролей в утверждении Премьер-Министра стала отводиться Мажилису Парламента. А конституционная обязанность Премьер-Министра ставить перед вновь избранным Мажилисом вопрос о доверии Правительству также стала еще одним фактором влияния на судьбу Правительства.

Принципиальным новшеством конституционных поправок стало придание Ассамблеи народа Казахстана конституционного статуса как организации, обеспечивающей представительство различных этносов в общественно-политической жизни страны.

Впервые в нашей истории в Мажилис Парламента стали избираться депутаты от АНК.

Выборы в Мажилис Парламента РК четвертого созыва состоялись в августе 2007 года в соответствии с изменениями и дополнениями, внесенными в Конституцию в мае 2007 года.

По итогам выборов 18 августа 2007 года, в которых участвовало 7 политических партий, все 98 мест в Мажилисе Парламента заняла Республиканская Народно-демократическая партия «Нур Отан» – команда единомышленников и сторонников стратегического курса Первого Президента. В следующих выборах в январе 2012 года тоже принимали участие 7 политических партий, 3 из которых по итоговым результатам набрали больше 7 процентов голосов избирателей.

Уровень поддержки партии «Нур Отан» еще раз продемонстрировал единство казахстанцев, их консолидацию вокруг курса Первого Президента. Абсолютное большинство граждан подтвердили свою приверженность идеям своего Лидера, стремление построить процветающий Казахстан.

Несмотря на многопартийность, действующий состав Парламента показал консолидированную работу по реализации стратегии Лидера нации. Вне зависимости от идеологических различий и партийной принадлежности все парламентарии, отстаивая принципиальные позиции своих политических программ, демонстрируют не только умение конструктивно взаимодействовать на основе демократических процедур, но и вырабатывают и принимают решения, выражающие интересы страны, интересы народа. Это говорит и о том, что высший законодательный орган, работая в условиях

многопартийности, стал местом не только плодотворных дискуссий, но и совместных конструктивных действий.

Подобное единство депутатского корпуса отражает сплоченность и консолидацию всего казахстанского общества вокруг курса Главы государства.

Казахстанский Парламент прошел непростой путь от советского Верховного Совета до профессионального двухпалатного законодательного органа, доказавшего свою состоятельность эффективной законотворческой деятельностью, способствующей экономическому процветанию страны, укреплению общественно-политической стабильности, сохранению гражданского мира и национального согласия.

За 20 лет Независимости Парламент Казахстана состоялся как полноценный орган государственной власти, соответствуя общепринятым международным нормам представительной демократии. Депутаты Парламента доказали свой профессионализм в решении государственных задач и проведении политики Первого Президента, его стратегического курса, направленного на рост благосостояния и процветания каждого казахстанца.

И сегодня высший законодательный орган по праву является важным элементом политической системы независимого государства, функционируя в соответствии с общепринятыми в мировой практике принципами парламентаризма и демонстрируя тем самым демократическую направленность развития казахстанского общества.

Парламентаризм сегодня развивается в условиях конституционно закрепленного принципа разделения властей, верховенства закона, обеспечения прав и свобод граждан. Весь мировой исторический опыт показывает, что парламентаризм – это неотъемлемая составная часть демократии. Реальный парламентаризм способствует государственной стабильности и преемственности в развитии общества, поскольку одна из важнейших функций Парламента – представление народа в публичной власти.

Сегодня перед Парламентом стоят новые задачи, поставленные Главой государства в послании «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» и в выступлении на открытии текущей сессии.



Депутатский корпус сейчас проводит большой объем законодательной работы – прежде всего по нормотворческому обеспечению 20 поручений, обозначенных Президентом Казахстана в его концептуальной статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к

Обществу Всеобщего Труда», которая вызвала в казахстанском обществе широкий резонанс и поддержку.

В соответствии с президентскими поручениями Парламенту предстоит законодательно обеспечить меры по углублению экономической и форсированию социальной модернизации, расширению законодательной основы реформы правоохранительных органов и системы правосудия, развитию гражданского общества и межгосударственных интеграционных процессов. Все парламентарии осознают возложенную на них высокую ответственность, так как необходимо будет принять довольно большое количество законов, которые, по словам Главы государства, «...должны комплексно решать соответствующие вопросы, иметь прямое действие, соответствовать ожиданиям казахстанцев, делать жизнь народа проще и комфортнее, быть понятными и доступными для всех».

И парламентарии уверены, что с поставленной задачей справятся. Осуществляемые по инициативе и под руководством Лидера страны новые полномасштабные преобразования в экономике и социальной сфере, несомненно, позволят добиться впечатляющего роста уровня жизни и благосостояния казахстанцев.

Как подчеркнул сам Президент: «В фокусе моего внимания – забота о каждом казахстанце. И это необходимо, потому что от решения социальных вопросов зависят жизнь и каждодневное самочувствие всех граждан нашей страны».

В этом еще раз проявляется одно из главных качеств Нурсултана Назарбаева не только как политика, но и как общенационального лидера всех казахстанцев.



АРХИТЕКТОР РЕФОРМ

Кайрат Келимбетов,
заместитель Премьер-Министра

Казахстанская правда, 5 июля 2012 г.

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев предлагает пути и механизмы преодоления кризисных тенденций на глобальном уровне, опираясь на богатейший опыт национальных реформ.

«Мир на пороге перемен» – эту фразу все чаще используют политики, политологи, журналисты для характеристики современных процессов, происходящих в сфере геоэкономики и геополитики. Подобный штамп, однако, нуждается в уточнении – порог уже пройден, и мы становимся свидетелями формирования новой реальности, которая пока что не исследована и не описана в научной терминологии.

В силу этих обстоятельств резко возрастает спрос не только на актуальные прогнозы со стороны ученых и практиков, но прежде всего на лидеров мирового уровня, способных воплотить в жизнь новые идеи, предотвратить системное нарастание тенденций хаотизации в глобальной политике и экономике.

Одной из таких прорывных идей стала концепция G-Global, выдвинутая Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым. Напомню, что эта инициатива впервые прозвучала на торжественном собрании, посвященном 20-летию юбилею независимости Казахстана, когда наш Лидер четко и ясно сформулировал причины и необходимость изменения формата мировых диалоговых площадок: «Пока никто не смог предложить мировой антикризисный план, который был бы принят всеми. К сожалению, форматы G20 и G8 демонстрируют неэффективность мирового антикризисного плана. Я предлагаю расширить число участников в поисках антикризисных решений для мира. Новую коммуникативную площадку я предлагаю назвать проект G-Global».

Концепция G-Global является естественным продолжением тех стратегических инициатив, которые Нурсултан Назарбаев предлагал мировым лидерам на протяжении всей истории независимого Казахстана. Важно отметить, что речь идет не только об идеях, которые предлагается реализовать на международных площадках. Всякий раз в центр проблемы ставится казахстанский опыт практических действий, на основе которого вырабатываются рекомендации и предложения более глобального уровня.



Первым таким шагом стал отказ нашей страны от ядерного оружия – важнейшее, стратегически выверенное решение Нурсултана Назарбаева, позволившее молодому государству стремительно выйти на уровень государств, уважаемых и узнаваемых на международной арене.

А со временем этот вектор внешнеполитических инициатив Президента Казахстана воплотился в

целый комплекс прорывных предложений, нацеленных на создание более прозрачных и справедливых «норм поведения» в вопросах «ядерного диалога» и режима нераспространения ядерного оружия.

Еще один важнейший вектор национальной стратегии Казахстана – евразийская интеграция. И снова мы видим как идеи Президента страны Нурсултана Назарбаева приобретают со временем все новых сторонников и последовательно воплощаются в жизнь.

От исторического выступления нашего лидера в стенах Московского университета в 1994 году до формирования евразийского Экономического союза как важнейшего инструмента повышения конкурентоспособности национальной экономики через синергию потенциалов стран – евразийских партнеров на основе равноправного и взаимовыгодного сотрудничества.

Мировой кризис 2008-2009 годов стал серьезным испытанием для казахстанской экономики, но мы выдержали этот тест на прочность благодаря внутренней сплоченности нашего общества и системности тех шагов, которые были предприняты в рамках реализации антикризисной программы.

Трудно переоценить ту роль, которую сыграли в эти сложные дни статьи Нурсултана Назарбаева – «Ключи от кризиса» и «Пятый путь», в которых были обозначены эффективные «рецепты» лечения болезней мировой экономики на основе глубокого переосмысления опыта казахстанских экономических реформ.

Позднее Президент РК Нурсултан Назарбаев формулирует основные принципы G-Global: «Жизненно важно, чтобы в перспективе глобальные решения международных ассоциаций, международных объединений и форумов, саммитов принимались только на основе консенсуса. Речь идет об учете новой системы глобального управления как развитых, так и развивающихся государств».

Подобный подход касается не только сферы глобальной экономики или, например, вопросов нераспространения ядерного оружия. Его позитивное воздействие намного шире, затрагивая такие проблемы современной цивилизации, как межэтническое согласие и мультикультурализм. Именно в этой сфере опыт казахстанских реформ, создание такого уникального механизма, как Ассамблея народа Казахстана,

уже давно являются предметом самого пристального внимания со стороны ведущих международных структур. И как отмечал наш Лидер Нурсултан Назарбаев, толерантными должны быть отношения между государствами, вне зависимости от их геополитического веса, это – единый методологический принцип взаимодействия. То есть снова мы видим, как практический опыт казахстанских реформ может и должен быть использован в качестве универсальной модели, регулирующей глобальные процессы.

Принцип эволюционности преобразований, на важность соблюдения которого постоянно обращает внимание в своих статьях и публичных выступлениях Нурсултан Назарбаев, это не только этапность и последовательность воплощения реформаторского курса. Сердцевиной казахстанского модернизационного проекта является механизм преемственности, который реализуется через подготовку, обучение, воспитание новых управленческих кадров. Это тоже один из ярких примеров реализации прорывной стратегии развития на основе системного видения национального Лидера Казахстана.

Достаточно вспомнить программу «Болашак», роль и значение которой в жизни современного общества трудно переоценить. А ведь «Болашак» появился в начале 90-х годов, когда сама жизнь, трудности первых лет независимости, казалось бы, диктовали совсем иные приоритеты.

Но в том и состоит дар выдающегося политика, чтобы выстраивать верные приоритеты, ясно видеть стратегическую перспективу. Этой четко прочерченной линией движения вперед стала цель – выход Казахстана на передовые рубежи конкурентоспособности через системное повышение уровня человеческого капитала.

Новое поколение молодых управленцев пришло в бизнес, политику, социальную сферу, а им на смену уже готовится новая генерация национального менеджмента, вооруженная самыми современными технологиями, освоившая самый современный мировой опыт. Но в фундаменте подготовки находятся все те же базовые принципы, что и для первых поколений болашаковцев, – любовь к Родине и высокий патриотизм.

На прошедшем недавно V Астанинском экономическом форуме, когда участники одной из панельных секций обсуждали проблему современных экономических стратегий, прозвучала мысль о том, что необходимо еще раз обратиться к опыту казахстанских экономических реформ, именно с точки зрения оценки значимости национального стратегического планирования.

С этой точкой зрения нельзя не согласиться. Ведь вся история модернизации казахстанской экономики состоит из последовательной реализации элементов единого, общего плана – национальной стратегии «Казахстан-2030». За прошедшие 15 лет с момента оглашения этого программного документа мы неоднократно убеждались в том, что именно базовые принципы, сформулированные в нем, обеспечивают поступательное и устойчивое развитие во всех сферах нашего общества, позволяют создавать новые точки для инновационного роста казахстанской экономики.

Говоря о значении опыта казахстанских экономических реформ с точки зрения современных геоэкономических процессов, нельзя не отметить, что эта значимость системно возрастает. И прежде всего это заслуга архитектора национальных реформ – Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева, политика мирового уровня, который предлагает пути и механизмы преодоления кризисных тенденций на глобальном уровне, опираясь на богатейший национальный опыт стратегического реформирования.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЗІРГІ БИІГІН НАЗАРБАЕВТЫҢ АРҚАСЫНДА БАҒЫНДЫРДЫ

Ганс-Дитрих Геншер
Германияның бұрынғы
Сыртқы істер министрі Вице-канцлері
«Егемен Қазақстан» газетіне арнайы жазылған мақала
1 желтоқсан 2012 жыл



Өзімнің 1991 жылы Қазақстанға алғашқы сапарым барысында мен Қазақстанда көп жылдан бері тұрып жатқан неміс ұлты азаматтарымен кездестім. Әңгіме барысында олар тіпті Германияға қайтып оралғанның өзінде де Қазақстан өздері үшін екінші Отан болып қала беретінін айтты. Себебі, қаһарлы соғыс жылдары тағдыр тәлкегіне түсіп, отанын сатты деген жалған айып тағылып, Сталиннің бұйрығымен Қазақстанға жер аударылған 500 мыңнан аса неміс текті азаматтарды өз тауқыметтері мол, жоқшылықта өмір сүріп жатқан жергілікті тұрғындар қонақжайлықпен қарсы алып, оларға қамқор бола білген еді.

Жаңа, тәуелсіз Қазақстанға сол сапарым барысында мен алғаш рет елдің күш-қуатқа толы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездестім. Ол мені өз елінің проблемаларымен таныстырып, болашақ даму туралы ойларымен бөлісті. Өзара сенімге толы әңгіме барысында мен осы жолдың қаншалықты ауыр да қиындыққа толы боларын түсіндім.

Міне, бүгін, жиырма жыл өткеннен кейін, осы жолдың нәтижелерін қорытындылауға болады. Аса зор ризашылықпен төмендегідей жемістеріне куә бола аламыз: Қазақстан сол кезден бері Президент Назарбаев қойған тапсырыстар мен мақсаттарды артығымен орындай алды. Бұл, Қазақстанның ішкі дамуына да, сонымен қатар, маңызы жоғары осы елдің сыртқы

саясатына да қатысты. Тарихи тұрғыдан алғанда, аталған қысқа ғана мерзімде (уақыт аралығында) Қазақстан сол аймақта да, халықаралық аренада да үлкен сенімге ие болды. Қазақстан – қазір әлемде үлкен құрметке ие болған саяси ойыншы. Қазақстанның қол жеткізген беделін оған бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының ішінде алғашқы болып ЕҚЫҰ-ны басқару сеніп тапсырылғанынан көруге болады.

Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан өз төрағалығы барысында аталған Ұйымның ішкі дамуын жетілдірді, сондай-ақ көптеген сыртқы саяси мәселелерді шешуге бағытталған қадамдарды қолға алып, оларды іске асыра білді. Бұл ел мен ел басшы-лығының аталған қысқа мерзімде ие болған беделінің арқасында мүмкін болды. Өткенге көз сала отырып, Қазақстанның төрағалығы Ұйымның дамуына жаңа серпіліс берді деп айта аламыз. ЕҚЫҰ-ның Саммитін дайындау және оны Астанада өткізудің тарихи маңызы зор. Көптеген саясаткерлер өздеріне «Қазақстанға сол Саммиттің қажеті қанша?» деген сұрақ та қойды. Менің ойымша, Қазақстан басшылығы өзіне осы халықаралық қоғамдастықтың сеніп тапсырған жауапкершілігін толық түсінді және ақтай білді.

Германия Федеративтік Республикасының Федералдық канцлері осы кезең ішінде Қазақстанда екі рет болды. Бұл – Германия Қазақстанды тек шикізат саласында ғана емес, маңызды саяси актер ретінде бағалайтындығының белгісі. Мен, әсіресе, дәстүрлі достық, өзара сенім мен түсіністікке ие болған қазақ-неміс қатынастарының мерейтойлық жылында газет оқырмандарын Қазақстан Тәуелсіздігінің 21 жылдығымен құттықтау мүмкіндігі туғанына қуаныштымын.

Өткенге көз сала отырып, Нұрсұлтан Назарбаевтың «алдымен – экономика, содан кейін саясат» деген қанатты сөзін жақсы түсінуге болады. Шынымен, адамды алдымен өмір сүруге аса қажет алғышарттармен қамтамасыз ету қажет: әр адам тамақ ішкісі келеді, баспанасы болғанын қалайды, оқуға ұмтылады. Содан кейін ғана саясатпен шұғылдануға болады. Осы стратегияның бірлігі Қазақстанның дамуы мен халықтың әл-ауқатын жақсартуда шешуші рөл атқарды.

Өз тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Қазақстан тағы да бір аса маңызды мәселені шешуге тиіс болды: Қазақстан аумағындағы көлемі мен күші жағынан әлемдегі атом қаруларының төртінші ірі арсеналымен не істеу керек? 40 жыл бойы өткізілген атом қаруының сынағы ел мен халық үшін орны толмас қасірет әкелді: 1 миллионнан астам адам денсаулыққа аса қауіпті радиациялық сәуле алып, Германия мен Италияны қоса алғандағы аумақтың экологиясы уланды. Осы жағдайда Қазақстан Президенті 1991 жылы елдегі атом сынақ полигонын жабу туралы аса көреген және мемлекет басшысына лайық шешім қабылдады. Дәл осындай маңызы мол шешім 9 айдан кейін қабылданған Қазақстанның өз аумағында орналасқан атом құралдарынан бас тарту туралы шешімі болды.

Қазақстан тек ЕҚЫҰ мен ШЫҰ-ның белсенді мүшесі ғана емес. ЕҚЫҰ Саммиті барысында Астанада осы Ұйым аясындағы ынтымақтастық тек Еуропаны ғана емес, Азияны да қамтуы керек деген идеяға басымдық берді.

Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығындағы жоғары белсенділігі сөзінің ісінен алшақтығы болмайтынын көрсетті: осы Ұйымдағы төрағалығы кезінде Қазақстан қарама-қайшылықтарға тосқауыл қойып, бейбіт қатар өмір сүру идеясын іске асыруға барынша күш салды.

Діни және конфессияаралық төзімділік, түсіністік пен ынтымақтас-тықты қамтамасыз етуде Қазақстан халықаралық қоғамдастық үшін үлгі бола алады. Халқының жартысынан көбі мұсылмандар болатын Қазақстан өзінің конфессияаралық түсіністік пен қоғамды демократияландыруға ұмтылыс жолында екенін көрсетіп берді.

Қазақстан Президенті Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу туралы бастамасы үшін үлкен беделге ие болды. Аталған съезд діндер мен мәдениеттер арасындағы өзекті үнқатысуға қол жеткізуге қосқан маңызды үлес болып табылады.

Кейбіреулер айтқандай, мәдениеттер арасында қарама-қайшылықтың болуы мүлде міндетті емес. Сөз мәдениеттер мен діндердің қатар өмір сүруіне төнген қауіп ретінде қарау емес, керісінше, өзара байытуға, теңдік пен әділдік рухына негізделген, бейбіт және әділ әлемдік тәртіп орнату туралы болып отыр. Бұл – басқа мәдениеттерді құрметтеумен бірге, өз мәдени ерекшелігін дәріптеудің және мақтаныш тұтудың көрінісі.

Саясат шекара дегенді, оның ішінде, діни және мәдени шекараны білмеуі тиіс, сол үшін халықтар түсіністігін байланыстыратын көпір қажет. Қазақстан, міне, осындай байланыстырушы дәнекер ел. Тәуелсіздіктің қысқа мерзімі ішінде Президент Назарбаев сарабдал саясатының арқасында өз елінде этникалық бірлікті қамтамасыз ете білді. Сонымен қатар, басқаларды таңғалдырар экономиканы дамыту үдерісі қолға алынып, жауапкершілігі мол, болашағы ашық сыртқы саясат іске асырылды.

2012 жылғы ақпанда Президент Назарбаевтың Берлинге сапары барысындағы соңғы кездесуімізде ол мені өзінің жігерлілігімен, өз елін одан әрі өркендетуге бағытталған идеяларының молдығымен таңғалдырды. Қазақстандық саясаттың жана кезеңінде оны да табысты іске асыратынына сенімім мол.

Мен «Егемен Қазақстан» газетінің оқырмандарына, солармен бірге, бүкіл қазақ халқына сәлем жолдаймын. Қоғамды демократияландыру, экономикалық және ғылыми дамыту жолында Қазақстанға шын жүректен бар жақсылықты тілеймін. Елбасына осы саясатты іске асыруда денсаулық, табыс және әрдайым сәттілік тілеймін!



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Тайыр Мансұров,
Еуразиялық экономикалық
Қоғамдастықтың Бас хатшысы

Егемен Қазақстан, 27 қараша 2012 ж.

Осы заманғы еуразиялық интеграция өз бас-тауын Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы наурызда М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де ұсынған «Еуразиялық мемлекеттер одағын (ЕАС) қалыптастыру жайындағы жобасынан» алады. Талассыз көшбасшылық фактор және Н.Ә.Назарбаев тұлғасының пассионарлығы біздің тарихымыздың шешуші кезеңінде айқын көрініп, посткеңестік кеңістікте дезинтеграция белең алған тұста, біздің елдеріміздің келешегі интеграциялық үдерістермен байланысты екенін күні бұрын сезіп, негіздей білді.

Н.Ә. Назарбаев ұсынған ЕАС жобасы көкейкесті интеграциялық идеяны қозғауымен қатар әрі ұзақ тарихи кезеңде Еуразия халықтары арасындағы қалып-тасқан шаруашылықтық, саяси, көліктік және әлеуметтік байланыстарды сақтап қалу және оны жаңа деңгейге көтеру мақсатындағы посткеңестік елдердің өзара ықпалдасуын кеңейту бағытындағы іс-қимылдар үшін нақты нұсқаулық болды десек, қателеспейміз.

Бұдан біраз жыл өткен соң 2011 жылғы 25 қазанда «Известия» газетінде жарияланған өзінің «Еуразиялық одақ: идеядан – болашақтың тарихына» деген бағдарламалық мақаласында Қазақстанның Тұңғыш Президенті былай деп жазды: «1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда менің табанды бастамам бойынша шақырылған посткеңестік мемлекеттер басшыларының саммитінде жойылып бара жатқан супердержаваның аласапыранды ыдырауының қауіпті үдерісі тоқтатылды... Қазақстанның және бұрынғы Одақтың өзге республикаларының көптен күткен тәуелсіздікке ие болуының қуанышты сезімі біздің халықтарымыздың еншісіне тиген тарихи жауапкершіліктің аса күрделілігін сезінумен тығыз астасып жатты... Ол кезеңде саяси дағдарыс экономиканы одан бетер әлсірете түсті. Бұрынғы ортақ шаруашылық механизмі көз алдымызда күйреп жатты. Ұлтаралық жанжалдар да кеңінен етек жайды... Бүгінде Еуразиялық Одақ құру идеясы теріс қарау сезімін туғызбайды және ешкімді де таңдандырмайды. Ал бұдан он жеті жыл бұрын басқаша болатын. 1994 жылдың наурызында мен тұңғыш рет ТМД кеңістігінде жаңа сапалық интеграциялық бірлестік – Еуразиялық мемлекеттер одағын құруды ұсындым. Мен ТМД құрылғаннан екі жылдан соң-ақ пайда болған көп қырлы



интеграциялық әрекеттерді тығырықтан шығару мақсатында табанды шешіммен бүкіл Достастықтың зиялы қауымына тікелей ұсыныспен шықтым. Сол бір күндері өзімнің еуразиялық бастамама посткеңестік елдердің барлығынан дерліктей жұртшылықтан көптеген қолдау хаттар алдым».

Нұрсұлтан Назарбаев идея ұсынып қана қоймай, ЕАС-тың нақты жобасын да жасады және ол жобада оның өзіне мүше әрбір елдің ұлттық-мемлекеттік мүдделері іске асырылатындай және олардың жиынтық әлеуеті пайдаланылатындай тең құқықты тәуелсіз мемлекеттердің одағы болуы керектігі айтылды.

ЕАС-тың құрылуы рыноктық реформаларды жүргізуде, еуразиялық елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және олардың жаһандық экономикалық жүйеге бірге енуінде келісілген ортақ іс-әрекеттерді қалыптастыруға қызмет етуі тиіс болды. Бұл міндетті аймақтың мемлекеттеріне біртұтас экономикалық, саяси, кедендік және гуманитарлық кеңістік құру арқылы жүзеге асыру ұсынылды. ЕАС жобасы сондай-ақ, ұлттықтан жоғары бірқатар үйлестіруші құрылымдарды құруды қарастырды. Н.Ә. Назарбаевтың осы заманғы интеграциялық стратегиясын жасауы ХХ ғасыр бойында Еуропада, Азияда, Америкада жүзеге асқан, оның ішінде ең басты баламасы Еуропалық одақ болып табылатын аймақтық интеграцияның әлемдік тәжірибелеріне негізделді. Оның үстіне ЕАС жобасының негізіне өзара ынтымақтастықтың формасы, қарқыны және деңгейін елдердің дайындығы мен мүдделілігіне қарай таңдалатындығын білдіретін «әртүрлі жылдамдықтағы» және «әртүрлі деңгейдегі» интеграция тұжырымдамасы алынды.

Еуразиялық интеграцияның қажеттілігі идеясын одан әрі ілгерілету Қазақстанның Тұңғыш Президентінің маңызды міндетіне айналды. Ол озық жоспарды ұсынып қана қоймай, көршілес мемлекеттердің басшыларын өзі ұсынған интеграциялық ұсыныстардың тиімділігіне сендіре білді және олардың белсене қатысуының арқасында еуразиялық жобаның өмірде сәтті іске асуына ықпал етті.

Нақты айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаевтың бойындағы көшбасшылық фактор еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процестердің іргетасы үшін айқындаушы негіз болды. Іс жүзінде еуразиялық идеяның «үш киті» – ЕурАзЭҚ, АӨСШК (Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары кеңесі) және ШЫҰ (Шанхай ынтымақтастығы ұйымы) жүзеге асты.

Президент Н.Ә. Назарбаев Ресей мен Қазақстанның еуразиялық интеграцияның ядросы болып отырғанына сенімді және де 2012 жылғы 5 қазанда «Российская газета» басылымындағы «Ғасырларға бағытталған достық» мақаласында былай деп атап көрсетті: «ТМД кеңістігіндегі интеграцияда іс жүзінде біз «әңгімелер он жылдығынан» – «іс әрекеттер он жылдығына» көштік. Шын мәнісінде Ресейдің, оның атынан В.В. Путиннің табанды қолдауынсыз мұндай интеграция болмас еді. Біздің В.В. Путинмен

экономикалық прагматизмге, теңдікке, өзара тиімділік және әрқайсымыздың мүдделерімізді құрметтеу ұстанымдарына негізделген интеграциялық процеске деген практикалық көзқарасымыздың ұқсас екенін атап өткім келеді».

Қазақстанның Тұңғыш Президенті еуразиялық идеяны «қоғамдық жобаға» айналдырып, оны қазіргі жағдайларға икемдей білді, бұл Қоғамдастықтың мүше мемлекеттеріне алдын ала бірнеше жылға еуразиялық кеңістік дамуының стратегиялық бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік берді: ЕурАзЭҚ базасында Кедендік одақ құрылды, Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) қалыптасуда, алда Еуразиялық экономикалық одақ құру міндеті тұр.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың осы заманғы қала үлгісінде ойластырып, жүзеге асырған Қазақстанның жаңа орталығы Астананың алып құрылысын әлемдегі ең беделді сарапшылардың өзі ХХІ ғасырдағы озық жоба деп санайды. Міне, осы Астанада 2000 жылғы 10 қазанда Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері, кейін посткеңестік кеңістіктегі ең бір сәтті және тиімді интеграциялық жоба ретінде танылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы келісімге қол қойды. ЕурАзЭҚ құру туралы шешім бес мемлекет басшылары ерік-жігерінің өзара тиімді ынтымақтастық пен экономикалық интеграция жолындағы бірлігінің жемісі болды және ол біздің елдеріміз азаматтары тарапынан қолдау тапты.

2010 жылғы 5 шілдеде Астанада тағы бір елеулі оқиға болды. ЕурАзЭҚ пен Кедендік одақтың Жоғарғы органы Мемлекетаралық кеңес отырысында мемлекет басшылары Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың 10 жылдығына орай бірлескен мәлімдеме қабылдап, 2010 жылғы 6 шілдеден Кедендік одақтың Кедендік кодексінің күшіне енетінін жариялады.

ЕурАзЭҚ жұмыс істеп келе жатқаннан бері қарай айтарлықтай экономикалық ілгерілеуге қол жеткізді. 2011 жылы 2001 жылмен салыстырғанда, орта есеппен алғанда Қоғамдастық бойынша ІЖӨ, оның ішінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісі – 1,7 есе, негізгі капиталға инвестиция құю – 2,5 есеге, тауарлардың өз-ара сауда-саттық көлемі 4,2 есеге өсіп, тұтастай алғанда 11 жыл ішінде 823 млрд. долларды құрады.

Қоғамдастықтың қызметі мүше мемлекеттер арасындағы бизнестік топтардың өзара тиімді әріптестіктеріне, әсіресе, тауарлар мен қызмет көрсету саудасы, көлік пен байланыс, отын-энергетикалық және агроөнеркәсіптік кешен сала-ларындағы іскерлік байланыстарының тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті әлденеше рет атап көрсеткеніндей, біздің елдеріміздің интеграциялық қызметі өзі сияқты өзге аймақтық бірлестіктердің оң тәжірибелерін, олардың даму қарқыны мен динамикасын, сондай-ақ, олар кезігіп, еңсерген қиындықтар мен ауыртпалықтарды ескере отырып, әртүрлі жылдамдық пен әрқилы деңгейдегі интеграция тұжырымдамасына сәйкес жүргізіледі.

Әсіресе, Еуроодақтың кезең-кезеңмен құрылуы мен оның жұмыс тәжірибесі ерекше ескеріледі, сыни тұрғыдан ой елегінен өткізіліп, біздің

жағдайларымызға лайықталынады, бұл Қоғамдастық шеңберінде Кедендік одақ және БЭК (Біртұтас экономикалық кеңістік) құру барысында жиі ұшырасатын қателіктерге және әртүрлі басы артық бюрократиялық кедергілердің орын алуына жол бермейді. Бүгінде Кедендік одақтың толыққанды және тиімді жұмыс істеуі, БЭК-тің де іске қосылып, екпін ала бастауы біздің еуропалық интеграция кемшіліктерін дұрыс аңғарып, олардың өзімізде қайталанбауына жол бермеуіміздің жарқын дәлелі.

Беларусь, Қазақстан және Ресейдің Кедендік одағы барынша жоғары қарқынмен қалыптастырылды. 2007 жылғы 6 қазанда үш мемлекет басшылары оны құру туралы шешім қабылдап, іс-әрекеттер жоспарын бекітті, олары сәтті орындалды. 2009 жылы посткеңестік кеңістікте бірінші рет ұлттықтан жоғары орган – Кедендік одақ комиссиясы құрылды. 2010 жылғы 1 қаңтардан үшінші елдерден импортталатын тауарларға ортақ кедендік тариф және ортақ тарифтік пен тарифтік емес реттеу ережелері енгізілді, яғни Кедендік одақ жұмыс істей бастады. 2010 жылғы 6 шілдеден Кедендік одақтың Кедендік кодексі туралы келісім күшіне еніп, кедендік реттеудің ортақ жүйесі іске қосылды. 2011 жылғы 1 шілдеден Кедендік одақ барлық халықаралық стандарттар негізінде толыққанды сипатта іске кірісті.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 2011 жылғы қазанда: «Кеден одағы – бүкіл ТМД кеңістігіндегі шынымен де ерікті және тең құқықты интеграцияның алғашқы формасы. Ол тарихта тұңғыш рет біздің елдеріміздің халықтарын өзара сыйластық, ұлттық ерекшелікті сақтау және ортақ болашағымыздың бөлінбестігін түйсіну негізінде жақындастырып отыр. Кеден одағының біртіндеп Біртұтас экономикалық кеңістікке, уақыт өте келе, Еуразиялық экономикалық одаққа ұласуы біздің халықтарымыздың гүлденуі жолындағы қуатты ынталандырушы күшке айналып, біздің елдерімізді ауқымды әлемдегі жетекші өрістерге алып шығатынына менің сенімім зор», - деді.

Мемлекетаралық бағдарламалар мен экономика салаларын дамыту тұжырымдамалары ЕурАзЭҚ-ты дамыту стратегиясы мен оны дамытудың басым бағыттарын орындаудың және экономикалық өсу қарқынын, мүше мемлекеттердің экономикаларының бәсекелестік деңгейін арттырудың нақты құралы болып табылады. Қазіргі кезде Қоғамдастықта 9 бірлескен мемлекетаралық бағдарлама және 11 тұжырымдама, оның ішінде ЕурАзЭҚ-тың халықаралық қызметінің, азық-түлік қауіпсіздігі, ортақ энергетикалық рынок және ортақ көліктік кеңістік қалыптастырудың тұжырымдамалары жасақталып, жүзеге асырылуда.

Осымен екінші жыл бес жылға жобаланған «Инновациялық биотехнологиялар» жұмыс істеуде, оның нәтижесінде жаңа биотехнологиялар, биопрепараттар және де ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, медицина мен қоршаған ортаны қорғау салалары үшін диагностикалық тест-жүйелері жасалынып, жүзеге асырылатын болады, ал 2012 жылы Еуропалық одақ елдерінде қолданылатын жаңа компьютерлік транзиттік (NCTS) жүйесімен ұштастырылған үш жылдық «ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердегі

кедендік транзитті бақылаудың ортақ автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау» бағдарламасы жұмыс істей бастады.

2012 жылғы сәуірде ЕурАзЭҚ-тың үкімет басшылары тарапынан «ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердегі уран өндірісінің ықпалында болған территорияларды рекультивациялау» деген бағдарлама бекітілді. Оны жүзеге асыруға 2013-2018 жылдарда 1,16 млрд. рубль қаржы бөлініп, Қырғызстанда екі объекті, ал Тәжікстанда бір объекті рекультивацияланады.

ЕурАзЭҚ-та ортақ көліктік кеңістікті қалыптастырудың тұжырымдамасына сәйкес, қазіргі кезде Қоғамдастық территориясында: Батыс Еуропа – Батыс Қытай, Солтүстік – Оңтүстік, Батыс – Шығыс деп аталатын үш халықаралық көліктік дәліз салынуда. 2015 жылға дейін көліктік инфрақұрылымды кеңейту мен қайта жаратандыруға бағытталған 108 инвестициялық жоба іске асырылатын болады. «ЕурАзЭҚ-тың көлік қақпалары» деген инвестициялық жобада біріктірілген логистикалық орталықтардың тіректік жүйесі жасалынады. Қазірдің өзінде 8 логистикалық орталық іске қосылды, ал 2020 жылға қарай тағы да 37 орталық салу жоспарланған.

2006 жылы президенттер Н.Ә. Назарбаев пен В.В. Путиннің бастамаларымен қатысушы мемлекеттердің экономикаларының өсуіне ықпал ету, олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту және инвестиция арқылы еуразиялық кеңістікте интеграциялық үдерістерді дамыту мақсатында халықаралық қаржылық ұйым – ЕАБР (Еуразиялық даму банкі) құрылды. Аталған банк интеграциялық пайдасы бар инвестициялық жобаларды қаржыландырады, экономикалық интеграция мәселелері бойынша зерттеулер жүргізеді, ЕурАзЭҚ-тың Дағдарысқа қарсы қорының қаржыларын басқарады.

2012 жылдың ортасында ЕАБР-дың инвестициялық қоржынында 3,3 млрд. доллар қаржы болса, жинақталған қаражаты 3,9 млрд. долларды құрады. Оның қатысушы мемлекеттердің экономикаларына құйған инвестициясының жалпы сомасы 3,9 млрд. доллардан асты. Банктің ЕАБР жобалары бойынша қатысушы мемлекеттер арасындағы өзара инвестициясының өсуі 1,1 млрд. долларға жетті. ЕАБР жобалары елеулі әлеуметтік-экономикалық маңызға және мультиплативтік нәтижеге ие. Олар банктің қатысушы мемлекеттердің экономикалары салаларын-да жобаларды жүзеге асырып, жылына 3 млрд. доллардан астам қаржы жұмсап, өнімдер шығаруы, сондай-ақ, 3,7 млрд. долларға экономиканың аралас салаларында қосымша өнімдер шығаруды ынталандыру арқылы көрінеді.

Мынаны ерекше атап өткен жөн, 2008 жылдың желтоқсанында Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Қоғамдастықтың мемлекет басшылары әлемдік қаржылық дағдарысқа қарсы іс-әрекеттер жоспарын келісу үшін Астана маңындағы Бурабайда бейресми саммитте бас қосты. Сонда бірлесіп қаражаты 10 млн. доллар мөл-шерінде ЕурАзЭҚ-тың Дағдарысқа қарсы қорын және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен инновациялық жобаларды жасап, жүзеге асыру мақсатында Жоғары технологиялар

орталығын құру туралы шешім қабылданды. 2009 жылы аталған Қор мен Орталық құрылып, жұмыс істей бастады.

ЕурАзЭҚ-тың Дағдарысқа қарсы қорының қаражаты әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың ұлттық экономикаларға жағымсыз әсерлерін жеңу, табысы төмен қатысушы мемлекеттерге тұрақтандыру несиелерін беру, мемлекетаралық инвестициялық жобаларды қаржыландыру ісіне жұмсалады. Дағдарысқа қарсы қор есебінен 2010 жылы Тәжікстанға 70 млн. доллар көлемінде қаржылық несие берілді. 2011 жылы кезең-кезеңмен 3 жыл ішінде Беларусьқа 3 млрд. доллар несие беру жөнінде шешім қабылданып, бұл ел оның 1,68 млрд. долларын біртіндеп алып үлгерді.

Бүгінге дейін ЕурАзЭҚ-тың Жоғары технологиялар орталығын жүзеге асыру үшін 14 инновациялық жобаны таңдап алды және 80 жоба қаралу үстінде. Орталық ресейлік «Сколково» қорымен белсенді байланыс жасап тұрады. Бірлескен ортақ жобаларды қаржыландыру мақсатында Беларусь, Қазақстан және Ресейдің тиісті қаржылық құрылымдарының қатысуымен «Венчурлік компания – ЕурАзЭҚ-тың инновациялық орталығы» құрылуда.

Қоғамдастық мемлекет басшыларының ұсынысымен ЕурАзЭҚ Соты құрылып, ол 2012 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастады. Мұндай арнайы ЕурАзЭҚ-тың Соты ЕурАзЭҚ және Кедендік одақ шеңберінде туындайтын экономикалық дауларды реттеу, яғни Қоғамдастықтың сот органын нығайту мен дамыту мақсатында құрылған. Ендігі жерде біздің елдеріміздегі барлық шаруашылық жүргізуші нысандар, кәсіпкерлік және басқа да экономикалық қызмет салаларында өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін оған шағымдана алады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процестердің даму қарқынын талдай отырып, 2011 жылдың қазанында былай деді: «Небәрі 11 жыл ішінде ЕурАзЭҚ шеңберінде интеграциялық процестің әртүрлі өлшемдері бойынша тетіктердің тармақталған құрылымы қалыптасты. Оның үстіне олар тек мемлекетаралық деңгейде ғана емес, сонымен бірге, төменнен: кәсіпкерлердің, ғылым, білім беру және мәдениет қайраткерлерінің, НПО (ҮЕҰ), жастардың бастамасы бойынша да құрылды. Біздің кәсіпкерлеріміз өз мүдделерін келісу, ішкі бәсекелестік пен өзара қолдау ережелерін қалыптастыру үшін де интеграциялануда. Еуразия Медиа-форумы, Телевизия мен радионың Еуразия қауымдастығы нақты тақырыптар бойынша жұмыс істеуде. Еуразия кино және театр фестивальдері, түрлі мәслихаттар, жастар форумдары да дәстүрге айнала бастады».

Еуразиялық интеграциядағы тағы бір тағдыршешті кезеңді атап өткім келеді. Президенттер Н.Ә. Назарбаев, Д.А. Медведев және А.Г. Лукашенко Кедендік одақтың құрылуының аяқталуын күтпей-ақ, Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шешім қабылдап, 2009 жылдың 19 желтоқсанда оны қалыптастырудың іс-қимыл жоспарын бекітті. Сонан соң о баста жоспарланған екі жылдың орнына небәрі бір жылдың ішінде мұның құқықтық негізін құрайтын 17 базалық келісім жасалынып, бекітілді. БЭК-ті қалыптастыратын негізгі келісімдер пакеті 2010 жылы қабылданып, 2011

жылы бекітілді. 2012 жылдың 1 қаңтарынан БЭК құрудың алғашқы әрекеттері қолға алынды, енді төрт жылдан кейін ол толық сипатта жұмыс істей бастайды. БЭК-тің толық көлемде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін 2011-2015 жылдар аралығында тағы да 55 халықаралық келісімдерді және басқа да құжаттарды қабылдап, белгіленген нақты мерзімдеріне сәйкес, БЭК қалып-тастыратын келісімдер бойынша 74 міндетті шаралардың орындалуын қамтамасыз ету қажет.

БЭК жағдайында сауда-саттықты реттеудің ортақ механизмдері жұмыс істеп, келісілген салық, ақша-несиелік, валюта-қаржылық саясат жүргізіледі. БЭК шеңберіндегі тауарлар мен қызмет көрсетудің, капиталдың және жұмыс күшінің ортақ рыногы кәсіпорындар арасындағы өндірістік-кооперациялық байланыстарды тиімді дамытуға, біздің өнімдеріміздің бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеруге, қосымша жұмыс орындарын ашуға, еңбек мигранттарының жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді. БЭК-ке қатысу Беларусь, Қазақстан және Ресей экономикаларының құрылымдық қайта құрылуы мен одан әрі дамуына мүлде жаңа мүмкіндіктер ашады. РФА Халық шаруашылығын болжау институтының бағалауына, Кедендік одақ пен БЭК құрудан келетін макроэкономикалық тиімділік бес жыл ішінде қосымша ІЖӨ-нің 5% пайызына, ал он жылдықта 15 пайызына өсетін болады.

Қоғамдастық еуразиялық экономикалық жүйенің ажырамас бөлігіне айналды, ал БЭК түріндегі интеграцияның жоғары деңгейі болашақта басқа да посткеңестік елдер қосыла алатындай еуразиялық мемлекеттердің институтционалды-ұйымдық және нормативтік-құқықтық тұтастығын қамтамасыз етуі тиіс.

2012 жылдың басынан үш мемлекет шеңберінде жаңа интеграциялық құрылым – Еуразиялық экономикалық комиссия жұмыс істей бастады. Ол ұлттықтан жоғары басқару мәртебесіне ие, Кедендік одақ пен БЭК-тің тұрақты жұмыс істейтін ортақ реттеуші органы.

Еуразиялық интеграцияның мұнан әрі дамуы Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕЭО) құрылуымен байланысты болмақ. Оның материалдық және геосаяси негізі еуразиялық кеңістіктегі интеграцияның ядросын құрайтын тығыз экономикалық және мәдени-әлеуметтік байланыстар, ал материалдық емес құрамы – өркениетті қайта құру ұстанымдарына, яғни Еуразия халықтарының қуатты мәдени әлеуеттерін сақтау сипатындағы этномәдени байланыстардың дамуына иек артатын ұлтаралық, этникааралық және дінаралық қарым-қатынастар болып табылады.

Нұрсұлтан Назарбаев еуразиялық интеграцияның даму барысын ой елегінен өткізе отырып: «Кеден одағының біртіндеп Біртұтас экономикалық кеңістікке, уақыт өте келе, Еуразиялық экономикалық одаққа ұласуы біздің халықтарымыздың гүлденуі жолындағы қуатты ынталандырушы күшке айналып, біздің елдерімізді ауқымды әлемдегі жетекші өрістерге алып шығатынына менің сенімім зор», – дегенді айтты.

Қоғамдастық шеңберінде, келешекте ЕЭО көлеміндегі біздің елдеріміздің әрекеті – интеграцияланған «бестік» пен «үштіктің» өндірістік,

шикізаттық, технологиялық, ғылыми әлеуеттерінің ұштасуы экономикалық «жиынтық жетістікке» жеткізіп қана қоймай, адамзаттық даму деңгейін көтеруге де ықпал жасайды. Еуразиялық таң-дау бұл Еуроодақтағы гуманитарлық интеграция саясатының негізі саналатын, әлі жүзеге аса қоймаған мульти мәдениет стратегиясының баламасы болып саналады.

Н.Ә. Назарбаевтың еуразияшылдық стратегиясының эволюциясы, оның жүзеге асуы ЕАС жобасының бір сәт жарқ етіп көрініп, артынан сөнетін импульс емес, ортақ тарихпен, мәдениетпен және менталитетпен байланысып жатқан еуразиялық мемлекеттер үшін объективті қажеттілік екенін айқын көрсеткендей. Еуразия-шылдықтың «алуан түрліліктен – бірлікке» деген басты ұранын теориялық және практикалық жағынан толықтыру Қазақстанның Тұңғыш Президентінің есімімен тікелей байланысты. Ол өзінің қажымас күш-қайратымен ЕурАзЭҚ, Кедендік одақ және БЭК құрылуы үшін қолынан келгеннің бәрін жасады.

Біздің көз алдымызда қайта түлеген Еуразия пайда бола бастады. Дәуірдің үні мен дамудың өзекті бағыттарын дәл уақытында алғаш аңғарып, оның бастауында тұрған, бағыт-бағдары мен қарқынын белгілеп берген адам Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болды. ЕурАзЭҚ пен Кедендік одақ табысты жұмыс істеп, БЭК қалыптаса бастаған, яғни бірқатар кезеңдік маңызды міндеттер орындалған, мемлекетаралық мақсатты бағдарламалар мен әлеуметтік-гуманитарлық бастамалар жүзеге аса бастаған бүгіннің биік деңгейінен өткенге көз жібергенде, оның сонау 1994 жылы М.В. Ломоносов атындағы ММУ айтқан: «Тарих бізге ХХІ ғасырға өркениетті жолмен ену мүмкіндігін беріп отыр. Мұның бір жолы біздің ойымызша, посткеңестік кеңістіктің дамуының объективті логикасын және халықтардың интеграцияға деген ынтасын білдіретін Еуразиялық одақты құру жөніндегі интеграциялық әлеуетті жүзеге асыру болып табылады», – деген сөздері еске түседі

Н.Ә. Назарбаевтың шығармашыл табиғаты еуразиялық интеграцияның стратегиялық негіздерін таяу жылдарға ғана емес, ұзақ болашаққа, посткеңестік елдердің одан әрі ынтымақтастығының мүмкіндіктерін іздеуге жетелеп отыратындай. Бұл орайда оның еуразиялық жобасын іске асыруда Тәуелсіздік алғаннан кейін туғандар арасынан да қолдаушыларын тауып отырғанын аңғарамыз. Бұл Қазақстан көшбасшысының талассыз зор жетістігі, өйткені, Ресейде, Қазақстанда, Беларусьте, Тәжікстанда, Қырғызстанда посткеңестік кеңістіктің басқа да елдерінде бүгінде 20-ға толғандар біздің ортақ бола-шағымызды құратын болады.

Бүгінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев еуразиялықпен қоса, әлемдік интеграция, доллар идеясының қайталануы, ұлттықтан жоғары жаңа әлемдік валютаны енгізу мүмкіндіктері жайында ой толғап, Ресейдің жетекші басылымдарында жарияланған: «Дағдарыстың кілті», «Бесінші жол», «Еуразиялық одақ: идеядан – болашақтың тарихына» деген тәрізді іргелі мақалаларында еуразиялық интеграцияның ұзақ мерзімдік негізгі даму жолдарын көрсетіп берді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – әлемдік деңгейдегі тарихи қайраткер, аса көрнекті саясаткер және стратег, еуразиялық интеграцияның шынайы көшбасшысы. Ол ХХІ ғасырға бағдарланған еуразиялық интеграция идеясын жаңаша пайымдайтын саясаткерлер мен мемлекеттік қайраткерлердің, ғалымдар мен бизнестік-қауымдастықтың болашақ ұрпағы үшін бағыт-бағдар болатындай еуразиялық жобалардың «басты сәулеткері» болып қала бермек.



ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Мұрат Бактиярұлы,
Парламент Сенатының депутаты

Егемен Қазақстан, 7 шілде 2012 ж.

Қазақ елі былтырғы жылдың соңында өз тәуелсіздік ғасырының бестен бірін толтырған еді. Бұл мерзім адам өмірімен есептегенде де, тарихи тұрғыдан алып қарағанда да көп уақыт емес. Бірақ осы бір қысқа мерзімге қарамастан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық-әлеуметтік және саяси қиыншылықтарды еңсере білген Қазақ елі әлем мойындаған мемлекеттер қатарына қосылды. Еліміздің саяси өмірі жаңартылып, түбегейлі өзгерістер жасалды. Мемлекеттіліктің барлық институттары құрылып, экономикамыз нарықтық жолға түсті. Халықтың әл-ауқаты жаңа деңгейге көтерілді, әлеуметтік салада жаңа асулар бағындырылды. Мемлекеттік шекарамыз айқындалып, елдің тұтастығы, жердің бүтіндігі қамтамасыз етілді. Елбасының көрегендігі мен ерік-жігерінің нәтижесінде Қазақстан әлемде тұңғыш рет ядролық қарудан бас тартып, Семей сынақ полигонын жабуы бүкіл дүниежүзінің назарын өзіне еріксіз аударды. Осы бір батыл қадамның нәтижесінде мемлекетіміздің қауіпсіздігіне әлемнің іргелі мемлекеттері кепілдік берді. Әлем елдерімен терезесі тең тәуелсіз мемлекет құрып, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы ұлы арманы мен мақсаты орындалды.

Қазақ елі тәуелсіздігінің көк байрағын өз қолымен тұңғыш көтеріп, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрған – Елбасымыздың аз жылдың аясында туған елін әлемдік қоғамдастыққа танытқандығына өзгелермен бірге өзіміз де қайран қалып, тамсанамыз. Тарихтың қилы бір кезеңдерінде елге Нұрсұлтан Назарбаевтай Көшбасшының табылуын халқымыздың бағы деп те түсінеміз. 1991 жылы 1 желтоқсанда қазақстандықтар өздерінің Тұңғыш Президентін сайлап, сенім артты, ел тәуелсіздігін аманат етті, жауапкершілік жүгін арқалатты, Халық өздері таңдаған Көшбасшысының не істеу керектігін білетіндігіне, елді адастырмайтынына, тура жолға бастайтынына сенді. Еліміз бен халқымыздың сол сенімін Елбасының толық ақтап отырғандығына да осы күндері көзіміз анық жетті.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабының ағылшынша нұсқасының алғы сөзінде Англияның 1979-1990 жылдары үкіметін басқарған және кезінде «Темір Леди» атанған Маргарет Тэтчер де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның көш-басшылық рөл атқарғандығын

мойындап, соған оң баға беріп: «Мемлекеттердің іргесін салған негізін қалаушылар әрдайым дерлік қалыпқа сыймайтын тұлғалар болып келеді, ал Нұрсұлтан Назарбаевты толық мәнінде осы санатқа жатқызуға болады. Мұндай көшбасшылар өздеріне қатысты түрлі үйлесімдегі қауырт сүйсініс секілді даңғаза сынды да туындатуы мүмкін. Мәселенің мұндай мәнісі олардың мемлекеттің аса маңызды сәттерінде оның басшылығында тұруымен, осылайша оларға дейін болғандарға немесе олардан кейін келетіндерге қарағанда әлдеқайда танымал тұлға болуымен байланысты.

Көшбасшының болмысы алда болатын оқиғаларды қандайлық деңгейде анықтайды? Оқиғалар көшбасшының болмысын қандайлық деңгейде танытады? Осындай сұрақтарға жауап іздеген тарихшылар тұтас томдарды жазып тастар еді. Алайда, мұндай көшбасшылар өздерінің соңындағы тарихтағы маңызды іздерін қалдыратыны даусыз.

Президент Назарбаев Қазақстанды бүгінгі шыққан биігіне жеткізу үшін батылдық пен сақтықтың үйлесімін пайдаланды. Коммунизм бұғауларын быт-шыт қылған ел өзінің ерекше қазақы қасиеттерін сақтап қалды. Президент Назарбаев экономика мен қоғамның ашықтығына, яғни, оның кейбір көршілері қасарыса бас тартқан нақ сондай нәрселерге ұмтылды, ол сөйтіп Қазақстан үшін халықаралық ұйымдарда айтарлықтай беделге қол жеткізді», – деп жазған еді.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет басшылығына келген алғашқы сәттен бастап айрықша ерекшелігі бар өзгеше бір халықаралық және ұлтаралық мәселелер шиеленісінің шешуін асығыстыққа салмай, арандататын пікірлердің ығы мен ырқына жығылмай, әліптің соңын баға сабырмен, уақыттың талабына, қазақстандық жолдың ерекшелігіне үйлестіре, жан-жақты мүдделердің түйісу нүктесін таба алу және шеше білу даралығымен бірден әлем назарын аударды. Елбасы өзінің қол жеткізсем-ау деген саяси және ұлттық биік мақсаттарын әрдайым есінен шығармаумен бірге, оған жету үшін де жалаң ұран көтеріп, жақсы атақ алуға қызықпады. Қандай мәселеде болсын қолдан келетін нақты мүмкіндіктерді ғана түгел пайдаланып, эволюциялық жолмен тұрақты ілгері жылжи бергенді дұрыс санады. Дамудың қазақстандық жолын іздестірді, өзіндік бағытты таңдады. Сол қазақстандық даму жолынан өзге даму жолдарының ешқайсысын да, тіпті бірде-бірін жоққа шығарған емес, керісінше, өзге даму жолдарының қажеттісін алып та, пайдалана білді.

Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздіктің бетбұрысты кезеңдерінде Мемлекет басшысы ретінде, әсіресе, экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұра білді. Ешкімнің ойына келмеген және де бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршен маңызы бар шешімдерді батыл қабылдап жатты. Елбасының өз кезінде: «Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келді», – деп айтқанын осы күндері еске ала отырып, яғни билік үшін күрестегі батылдық пен билік басындағы батылдықтың екеуі екі басқа екендігін өз ісімен дәлелдей білгендігі ерексіз сүйсіндіреді.

Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап ұлтаралық келісімді, ел бірлігін мемлекет саясатының басты қағидаты ретінде белгіледі. Ұзақ жылдар бойы өз жерінде қағажу көрген қазақ ұлтының дамуы мен орыс және басқа да этностық топтардың құқықтарын сақтау саясаты ұлтаралық қарым-қатынастың тепе-теңдігін орнықтырды. Дегенмен де, Елбасының мейлінше салмақталған бұл ұстанымын жұрттың бәрі бірдей және бірден қабылдай да қойған жоқ. Алғашқы кездерде қазақтардың да, сондай-ақ ұлтшыл-радикалдардың да қарсылықтарын еңсеруге тура келді. «Халықтар достығының лабораториясына» айналған, жергілікті халық – қазақтардың азшылыққа ұшыраған аумағында ұлтаралық қақтығыстардың орын алуы, оны әдейілеп қоздырудың түрлі амалдары да бар еді. Жүзден астам ұлт өкілдері тұратын республикада шиеленісті жағдайлар мен тұрақсыздық тудыруға әрекеттенгендер де, ұлтаралық факторларды пайдаланғысы келетіндер де табылмай қоймайды. Мұндай жағдайға да Елбасы лайықты жауап таба білді. Қазақстан халқы Ассамблеясын құру, оны жетілдіру, оны басқа елдерге үлгі ету Н. Назарбаев қызметінің даналығының көрінісі болды.

XX ғасырдың соңын ала тәуелсіздікке ие болған елдердің бірсыпырасында ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар да болмай қалған жоқ. Сондай қақтығыстардың біразы әлі күнге дейін жалғасып та жатыр. Дәл осындай болуы мүмкін қақтығыстар мен жанжалдардың алдын алған Н.Назарбаев Қазақстанды дауылсыз айдынды мұхитқа алып шықты. Көрші елдер мен әлемнің әр қиырында тұтанған этностық соғыстар мен жанжалдардың аясында, әлемдік геосаяси тұрақсыздық кіндігінің бойында орналасқан осынау орталықазиялық елдегі ұлттық келісім мен татулық және өркенді даму Елбасы Н. Назарбаевтың жеке еңбегі әрі басты саяси жетістігі болатын. Қазақстандағы этносаралық шиеленісті жою арқылы ғана Н.Назарбаев реформаларды одан әрі жүзеге асыру үшін берік ішкі саяси іргетас қалай білді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев тәуелсіз ел мүддесі үшін және оның өркенді жолмен дамуына қажетті деген небір өте ауыр реформаларды тиімді жүргізе білді. Тіпті, қажет болған жағдайда төтенше шаралар қолдануға да барды. Елбасының мұндай ұстанымы мен әрекетіне қарсы шыққандар да табылды. Олар тисе терекке, тимесе бұтаққа деген сыңайлы орынсыз сындарын да айтып жатты. Бірақ, Елбасы өзіне сенім артқан, жауапкершіліктің бар жүгін өзіне ғана артқан халқына сенді. Істеп жатқан ісінің бас сарапшысы деп тек халқын ғана таныды. Ең бір қиын сәттерде де халқына ғана жүгінді. «Сынға назар аудармаңдар! Егер біз табысқа жетер болсақ, халық бізге баға береді, сол кезде барлық сын бос сөз болып қалады да, біз үстем болып шығамыз. Табысқа сеніп жұмыс істейік, табыс сонда келеді», – деп айтудан танбаған Елбасы сол кезде өзінің серіктестерін жігерлендіріп, қанаттандырып отырды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа астананы тұрғызу бастамасы мен оны ақиқатқа айналдыруы Елбасының модернизациялық жобасының басты табысының символына айналды. Қазақстанның жаңа астанасы шын мәніндегі жаңа дәуірдің қаласы бола алды. 1994 жылы Н. Назарбаев астананы көшіру

ойын алғаш рет алға тартқан кезде бұл жағдай қоғамда екіұдай пікір туғызды. Қазақстан Президентінің бұл шешімі мейлінше күтпеген жәйт болды. Ел өтпелі кезеңнің ауыр жағдайларын бастан өткеріп жатты. Экономикалық дағдарыс та жан-жақтан қыспаққа алып тұрды. Дәл сол бір қиын-қыстау кездері астананы көшіру жөніндегі Елбасының бұл бастамасын батылдық пен батырлық демеске және де амалың жоқ. Тіпті, дүние тарихында өз тәуелсіз мемлекеттіліктерін қалыптастыру кезеңінде бір де бір мемлекет басшысы мұндай түбегейлі батыл қадамға барған да емес. Төрт жыл бойына, яғни жаңа астананың тұсаукесері өткенге дейін, Президентке ел астанасын жаңадан салу жөніндегі өз идеясы мен ұсынысының түптің-түбінде пайдалы болатындығын қорғап, дәлелдеп отыруға тура келді. Егемен Қазақстанның елордасын жаңа әрі тәуелсіз идеялардың топтастырушы орталығына айналдыру жөніндегі Елбасының идеясы тәуелсіздікті нығайтудың салмақты бір дәйектемесі болды.

Жаңа астананың салынуы және көшірілуі рекордтық аса қысқа мерзімде өтті. Бұл қадам дағдарыс кезеңінде қазақстандықтардың әлеуметтік оптимизміне қолдау жасау үшін өте маңызды еді. Астана елдің өткенінен болашаққа, жаңа дәуірге ауысуының нышандық оқиғасына айналды. Жас елдің мүмкіндіктері әлемге паш етілді. Астана саяси және экономикалық қана емес, сонымен бірге, Назарбаевтың жеке, адами жобасына да, ұлттық тарихтың жаңа келбетіне де айналды.

Әлемдік тәжірибеде астаналардың, саяси орталықтардың ауыстырылуы нәтижесінде түбегейлі өзгерістерге қарқын берген экономикалық-әлеуметтік даму серпіні және саяси жаңаруы туралы да аз айтылмайды. Осы тәжірибені растағандай біздің Астанамыз қуатты да өркенді және барша қазақстандықтарды біріктіретін, сонымен бірге, халықты ұштастыратын ұлттық идеяға айналып келеді. Өйткені, Астана – жаңа Қазақстанның күш-қуаты, барлық қазақстандықтардың үміті мен болашаққа деген сенімінің символы бола алды. Астана – Елбасының қолынан шыққан туынды. Астана мен Елбасы есімі ел назарында егіз ұғым болып қалыптасты. Өйткені, жаңа дәуірдегі жаңа Қазақстанның жаңа астанасының салынуын еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасының қазақ мемлекеттілігін өркенді дамытып, бүкіл әлемге таныту жолындағы дәуірлік ерлігі деп айтуға да толық негіз бар. Елбасымыз еңселеткен елорда болғандықтан, оған басқаша баға беру де мүмкін емес.

Елбасының әлемдік деңгейдегі қабілет-қарымына, саяси іс-қимылына, тиянақты шешіміне, құрдымға кете бастаған экономиканы алға жылжыту жолындағы тиімді саясатына, уақыт талабына қарай ойластырылған әдіс-тәсілдеріне, стратегиялық ұстанымдарына қапысыз сенген қазақстандықтар өзінің тұңғыш Президентіне, тізгін ұстаған Елбасына әрқашан қолдау білдірді, қолдау білдіріп те келе жатыр. Тізгіннің сенімді қолға тиюінің арқасында ел жаңарды, дәулетіміз толыса түсті.

Мемлекеттің, оның басшылығының қандай саясат жүргізуіне, қандай бағыт және жол таңдағанына сәйкес саяси құрылым, саяси жүйе, саяси билік түрі орнайды. Аталған саяси жүйе мен билік түрі және елдің саяси бағыты

жаңадан тәуелсіздік алған елдердің таңдаған даму үрдісіне және сол елдің басшылығының жүргізген саясатына байланысты да қалыптасады. Сол сияқты тәуелсіздік алғанына жиырма жарым жыл болған Қазақстанның да жаңа мемлекеттілікті қалыптастырудан бастап өзіндік мемлекеттік құрылыстағы, әлеуметтік-экономикалық дамудағы, елдің қоғамдық өмірінің кезең-кезеңімен демократияландыру бағытындағы қазақстандық жолы қалыптасты.

«Назарбаевтың нұсқасы» деп аталған бұл стратегия шетелдік саясаттанушылар мен қайраткерлердің оң бағасына ие болуымен қатар, қазақстандықтардың да басым көпшілігінің қолдауына ие болды. Бұл қолдаудың дәйектілігі мен шынайылығы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елдің Тұңғыш Президенті ретінде де, тәуелсіз елімізді өтпелі кезеңнің ауыр қиыншылығынан алып шығуда және оның бұл бағыттағы жүргізіп отырған саясатымен байланысты болған парламенттік және президенттік сайлауларда айқын жеңіске жетуінен де көрініс тауып келеді.

Патшалық Ресейдің және қызыл империяның құрсауында болып келген елдің жаңа мемлекеттігінің іргетасын қалау және оны мызғымастай етіп, әлемдік қоғамдастық мойындайтын дәрежеге жеткізу әсте де оңай болған жоқ. Көп ұлтты, көп дінді және бодандық кезінде аумақтық бүтіндігі жырым-жырым болған жас республиканы алғашқы қақтығыстар мен әлеуметтік сілкіністерден алып шығу қияметтің қияметі болатын. Тәуелсіздік буына елтіген халықтың эмоциялық шабырқануы да ұлтаралық және басқа да қақтығыстарға алып келуі мүмкін еді. Мұндай жағдайда тәуелсіздікті алу мен оны нығайтуда басқа елдердің тәжірибесін пайдалана қою да күмәнді болатын.

Мемлекеттің пайда болуы, оның қалыптасуы, нығаюы бар жерде Мемлекет басшысының да орны айқын көрінеді. Өйткені, мемлекеттің пайда болуы немесе тәуелсіз ел атануы, әлемдік қоғамдастық тарапынан мойындалып, өркениет қатарына қосылуы көп жағдайда осы кездегі сол елді басқаруға тәуекел еткен, бар жауапкершілікті мойнына алған ел басшысының көреген саясаткерлігі мен білікті ұйымдастырушылығына, қарым-қабілеті мен қайсарлығына тікелей байланысты екендігі айдай ақиқат.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстанның өзіндік даму жолын таңдауы туралы бастамасы алғаш рет 1992 жылы мамыр айында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында» жария етілді. Тәуелсіз еліміздің бағытын айқындауда, оқиғаны болжап білуде, түпкі мақсатқа қол жеткізуге сенімді болуға мүмкіндік беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын және нақты стратегиясының қажеттігін баса көрсеткен Елбасы Н. Назарбаев аталған еңбегінде мемлекет алдыа қойылып отырған нақты стратегиялық мақсаттарды белгілеп берді. Мемлекет басшысы еліміздің саясат саласындағы басым бағыты жас егеменді мемлекеттің күшті президенттік республика құру бағытына тікелей байланысты болу қажеттілігіне назар аудартты.

Мықты президенттік басқарусыз өтпелі кезеңнің экономикалық, саяси және құқықтық қиыншылықтарымен қатар, әлеуметтік сілкіністердің алдын

алу және еңсеру мүмкін емес болатын. Сондықтан да Қазақстан басшылығы президенттік басқаруды барынша тез және оңтайлы шешуге әрекеттенді. 1993 жылдың соңында жергілікті және Жоғарғы Кеңестің өзін өзі таратуы туралы бастамалары мен оның жүзеге асуы еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау туралы мәселені күн тәртібіне қайта алып келді.

1995 жылы наурызда бір жыл бұрын ғана сайланған Жоғарғы Кеңестің заңсыз деп танылуы мен 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының одан әрі өз күшін жалғастыруына байланысты Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жеделдетілді. Жоғарғы Кеңестің заңсыз деп танылуы және еліміздегі билік тармақтары арасындағы осы бір оқиғаның шиеленіссіз шешіліп, мемлекет басшылығы мен заң шығарушылық қызметтің де біршама уақыт Президент қолына көшуі Қазақстандағы президенттік басқарудың өзіндік моделінің бастамасы болып табылды.

Ел тәуелсіздігінің баянды болуы мен болашақтың кемелділігін қамтамасыз ету жолындағы Тұңғыш Президентке артылар жүк те ауыр болды. Артылған жүкті абыроймен көтеру, халық сенімін ақтау, тәуелсіздікті тұғырлы ету, әлемдік қоғамдастыққа терезесі тең елдер қатарында болуды жүзеге асыру одан да қиынырақ істерді атқаруды, батыл шешімдер қабылдауды қажет етті. Осы аталған аса маңызды мақсат, міндеттерді шешу тұрғысында Елбасы Н. Назарбаев бірден-бір дұрыс қадам жасай алды. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен қалана бастаған Қазақстанның өзіндік даму жолы еді.

Бұл жол тек экономикалық үлгіні таңдап, жалпы конституциялық ережелерді қабылдаудың, президенттік күшті билікті орнықтыруды ғана емес, сонымен бірге, саяси режимді, инфрақұрылымды және конфессиялық қатынастарды қамтудың да саяси үлгісі болатын. Қазіргі уақытта бұл үлгі дүниежүзінде, беделді халықаралық ұйымдарда және республикамыздың өзінде де аса жоғары бағаланып отыр. Қазақстанда этностық және діни өзара түсіністіктің сақталуы көп жағдайда қазақстандық жолдың мәртебесін арттыра түседі. Бұл жолдың оңтайлы шешілуінің және тиімділігінің Қазақстан Президентінің атымен байланыстырылуы да қазақстандық қоғамның Ұлт көшбасшысының төңірегіне одан әрі топтаса түсу қажеттілігін айқындайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қалыптастырған дамудың қазақстандық жолы ең әуелі тұрақты әрі әлеуетті экономика құрып алмайынша, қоғамдық-саяси дамудың баяу жүретінін және оның ауырға соғатынын бүгінгі күнгі кейбір елдердегі ахуал да дәлелдеп отыр. Саясаттың алға шығып кетуі экономикада және халықтың әл-ауқатын көтеруде қиыншылықтар келтіріп, халықтың жаппай наразылығын туғызғанын, елді тұрақсыздыққа әкеліп соқтырғанын және солай болатынын тарих та алға тартып келеді.

Ұзақ уақыт отарлық езгіде болған елдердің көпшілігінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдарда әртүрлі әлеуметтік топтар мен мүдделер

және көзқарастар арасында қайшылықтар болатындығы белгілі. Оларға дер кезінде тоқтау қойылып, мәмілеге келмегендіктен, сонымен бірге, дамудың дұрыс жолын таңдай алмағандықтан, аталған мүдделер мен көзқарастар қақтығысқа ұласып, оның өзі мемлекет тәуелсіздігіне қауіп төндіріп, елдің өркенді дамуына кесірін тигізді. Азия мен Африканың кейбір елдерінде мұндай қақтығыстар мен жанжалдар әлі күнге дейін жалғасуда. Кек кекті тудырады дегендей, сол жылдары басталған әртүрлі қақтығыстар әлсін-әлсін қайталануда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай қақтығыстардың басталып кету қаупі біздің елде де болды. Оның алдын алу Қазақстанның өзіндік даму жолының нәтижесінде ғана мүмкін болды.

Тарихты халық қана емес, ұлы адамдар да жасайды. Бұл қағидамен келіспейтіндер кемде-кем шығар. Қандай да бір тарихи оқиғаларды, өтпелі кезеңдерді, мемлекеттердің құрылуын, күшеюін, бұл мемлекеттердің орасан зор территорияға, өркениетке, дамуға ықпал еткенін оқи отырып, сол оқиғаны басқарған, жетекшілік еткен, соңына дейін жеткізген жеке тұлғалардың өмір сүргендігін, сол тұлғалар болмаса, айтылған оқиғалардың қалай өрбитіндігіне күмән келтіріп немесе жоққа шығаратындай күйде болатындығымыз рас. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның даму тарихын бізге өткеннен іздеудің қажеті жоқ. Өйткені, біздің өзіміз тәуелсіз елімізбен бірге өмір сүріп келеміз. Тәуелсіздіктің қиыншылығын да, жемісі мен жеңісін де, тіпті әрбір қадамын да өзіміз бірге көріп, бірге ілгері жылжудамыз. Содан да болар, елдің бүгінгі жетістігі мен табысы құдай берген несібе сияқты болып көрінуі де мүмкін. Бірақ, әсте де олай еместігін, тәуелсіз елдің бүгінгі әлем сүйсініп отырған жетестігін біз өзіміздің өткенімізбен және бүгінімізбен салыстыра отырып, тәуелсіздіктің бұралаң жолын еңсеру бізге оңайға түспегендігін, мұның сарабал жолында Елбасының даналығы мен көрегендігі жатқандығын айтқанымыз ләзім.

Қазір тәуелсіз Қазақ елінің тарихы жасалды. Бірақ оны қазақ елінің Көшбасшысы бола алған Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылы бүкілхалықтық сайлаудан кейін қолға алған басшылық қызметінсіз көзге елестету мүмкін де емес. Өйткені, тәуелсіздік қарсаңындағы және тәуелсіздіктің сан қырлы соқпақты жылдарындағы оның тізгінін ұстаған Мемлекет басшысы, оның тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқарған қызметінсіз тәуелсіз ел тарихының парақтарын жазып шығу мүмкін де емес. Өйткені, бұл тарихта тәуелсіз еліміздің іргетасын қалап, керегесін керіп, оның әрбір уығын шаншып, шаңырағын көтерген, бар-жоғын түгендеп, іргесін кеңейткен, оны әлем елдері мойындаған мемлекетке айналдырған, онымен санасуға мәжбүр еткен Қазақстан Республикасының Президенті, оның Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолтаңбасы, қабылдаған тарихи шешімдері, ұстанған саясаты, саяси қызметі, өзіндік дара жолы жатыр.

Батыстық саясаткерлер мен қайраткерлер де Қазақстанның бүгінгі табыстарын оның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен байланыстырады. Солардың бірі ағылшын публицисі, саяси еңбектерімен белгілі Дж.Айткен «Назарбаев және Қазақстанның қалыптасып дамуы» деген

еңбегінде Қазақстанды әлемдік қоғамдастықпен таныстырудың, оның жетістіктерін жеткізудің кілті Назарбаев тұлғасында екендігін мойындайды және аталған кітабын осы бағытта жазады. Қазақстанды қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, өркендеу жолындағы, жыл сайынғы өрлеу бағытындағы мемлекетке айналдыруда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басты рөл атқарғанын әлемнің басқа саясаттанушылары да үнемі айтып жүр. Мұның өзі де еліміздегі мемлекет тізгінінің сенімді қолда екендігін еліміз ғана емес, басқа елдерге де мойындатуды білдірді.

1991 жылы 17 желтоқсанда Алматыдағы Республика алаңында өткен митингіде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қо-сып, бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де жетеді. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін», – деп айтқан сөзінің бүгінгі күні шындыққа айналғанын көріп отырмыз. Тәуелсіздіктің таңсәрі шағында айтылған бұл сөздің ақиқатқа айналуына да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халық сеніміне лайық бола алу қасиеті мен берілген уәделерді орындауы және қажымас қайраты мен табандылығы, көреген саясаткерлігі себеп болғанын мойындағандар жетіп артылады. Сонымен бірге, Қазақстан халқы еліміздің жасампаз бүгіні мен жарқын болашағының кепілдігін Елбасымен байланыстырады.

Елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын және өркенді дамуға серпін беретін реформаларды жедел де тиімді жүргізу үшін және бұл мақсатқа жетуде бірінші кезекте халықтың қолдауына ие болатын қабілетті де күшті тұлғаның қажет болатындығын тарих парақтары әлдеқашан дәлелдеген. Енді тәуелсіз Қазақстан тарихында мұндай тұлға болды және алдағы уақытта да қажет. Сондықтан да Елбасы, Ел тәуелсіздігі, Ел ертеңі ұғымдарын қастерлей де, қолдай да білуіміз парыз етіледі. Бұл біздің, ұрпақтарымыздың болашағы үшін қажет.

Өзіміздің ел тәуелсіздігінің тарихы және Елбасының ел егемендігіндегі рөлі жөніндегі оймызды қорыта айтқанда, аз ғана уақытта Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың жетекшілігімен елімізде экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және саяси түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылғандығын бөле-жара атап көрсету қажет. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Елбасы белгілеген және батыл жүргізген бағыт өзін өзі ақтады және алдағы уақытта да өміршең болатындығын дәлелдеп отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген бұл саясаты мен бағыты қазіргі уақытта «Қазақстанның даму жолы» ретінде дүниежүзі қоғамдастығынан мойындалды. Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Елбасы еңбегінің бір-бірімен тығыз ұштасып жатқандығын, олардың бір-бірімен ажырағысыз егіз ұғым екендігін ақиқат есебінде тарих алдымызға тартып отыр.



1 ЖЕЛТОҚСАН НЕМЕСЕ МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУҒА БАСТАҒАН КҮН

Жабал Ерғалиев,
жазушы, Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының депутаты

Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан 2012 ж.



Тәуелсіз қазақ елінің тарихы сол елдің екі тізгін, бір шылбырын өз қолына ұстаған Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдыры, бұған керісінше Елбасының тағдыры қазақ елінің тағдыры мен тарихы болып қалыптасты. Бұл қос тағдыр тұтас бір халықтың тағдыры!

Биыл жарық көрген «Әлемді жүрегіне сыйғызған» атты кітабымда айтылған осы бір ой-пікірімді онан әрі тарқата сөйлеудің тағы бір реті келіп тұрған сынайлы. Мұны уақыттың өзі айтқызығалы тұр. Былтырғы жылдың желтоқсан айының 10-шы жұлдызында Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізу арқылы 1 желтоқсанды Тұңғыш Президент күні есебінде белгілеп, бұл күн мемлекеттік мерекелер санатына енгізілген болатын.

Өз тәуелсіздігінің екі он жылдығынан астам уақытта егемен ел болуды қалыптастырған және де қалыптастырып қана қоймай, тарихтың осы бір аса қысқа мерзімінде өзін әлемге тыныта алған мемлекеттің ендігі тарихынан бұл күн, яғни желтоқсанның 1-і ойып тұрып өз орнын алуы керек еді. Солай болды да! Көне тарихтың әлімсақтан бергі қағидаларына саяр болсақ, тіршілік жаралғаннан кейінгі бар оқиғалардың басында тұлғалар тұрған. Ал

енді қазақ елінің ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігін және соған жету жолында бірнеше ғасырдың жүздеген жылдарының қасіреті мен зобалаңын, тар жол, тайғақ кешуін басынан өткерген халықтың тағдырын анықтап, тұтас бір елдің, тұтас бір халықтың сол тәуелсіздігін өзі жариялап, сол тәуелсіздіктің көк байрағын өз қолымен тұңғыш көтерген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сынды тарихи тұлғаның ерлігі мен ұлылығы қазақ тарихының ғана емес, жалпы адамзат баласы тарихының беттеріне алтын әріптермен жазылып қойылғаны бар.

Біз күшті президенттік мемлекет құру таңдауын өте дұрыс жасағанымызды ел тәуелсіздігінің әр жылдарының әр кезеңдерінде айқын сезініп келе жатырмыз. Ең әуелі «бас-басына би болудан» ада тұрдық та, бұл еліміздің әлемдік дағдарыстардың ең бір ауыр да сындарлы кезеңдерінде тұрақты дамуын қамтамасыз етуге зор ықпалын тигізді, әлі де тигізіп келе жатыр. Қазақстандағы президенттік билік жүйесі 1990 жылғы 24 сәуірде енгізілді де, 1991 жылғы 1 желтоқсанда тұңғыш рет президент сайлауы өткізілді. Сөйтіп, біз барша қазақстандықтар өз президентімізді өзіміз сайлап алу құқымызды тұңғыш рет жүзеге асырдық та, еліміздің демократиялық қағидаларға берік екендігін әлем алдында тағы да бір көрсетіп берген едік.

Сөйтіп, 1 желтоқсан – тұңғыш президент сайлауында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың барша қазақстандықтардың зор сеніміне ие болған күні. Тұтас ел мен халықтың сеніміне ие болу арқылы Елбасы өзіне жүктелген бар жауапкершілікті айқын сезіне отырып, өз елі мен халқының тағдырын анықтауда өзінің перзенттік те, президенттік те борышын адал атқарып келеді. «Қазақ елін, қазақ деген ұлтты әлем ең әуелі Назарбаев есімімен, Назарбаев келбетімен таныды. Бұл – тарихи ақиқат» деген немесе «Назарбаев нені де болса елімен бірге көрді, елімен бірге төзді, елімен бірге жеңді!» деген бұдан бұрын айтқан ойларымызды тағы да бір қайталаймыз, Елбасының қазақ елі тарихындағы аса маңызды орнын қазір де, болашақта да анықтап тұратын бір күн қазақ тарихында болуы керек еді, сол бір күн 1 желтоқсан болып күнтізбелік тарихтың жылдар жылнамасынан орын алды.

Біз 1 желтоқсанды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ елін мәңгілік ел ету арман-мүддесінің жүзеге асырыла бастаған күні деп те қастерлеуге тиістіміз. Өйткені, мәңгілік ел болу бүгінгі біздің де және бізге дейінгі де талай бір ғасырлар иініндегі «елім-айлап» өткен ата-бабаларымыздың да аңсар арманы мен зар тілегі де болатын. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мәңгілік ел құру жөніндегі осы ойы мен арман-мүддесінің тарихи маңыздылығын – біз толық сезіне алып отырмыз ба? Елордасы Астана қаласында «Мәңгілік ел» монументті қақпасы неге тұрғызылды? Қазір біздің әрқайсымызды осы бір сауалдар ойландыруы керек те, біздің соған деген өз жауабымыз әр көкіректе сайрап тұруға тиісті. Елбасы арқалаған ел жүгін бірге көтеру және де ел бірлігін сақтау арқылы біз өзіміздің мәңгілік ел бола алатындығымызды күн сайынғы ісімізбен де, білім, біліктілігімізбен де, еңбек еткіш қабілетімізбен де көрсете білер кез қазір. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің президенттік қызметінде қазақ елін мәңгілік ел

етудің барлық жағдайларын да, соның барлық алғышарттарын да жасап берді, әлі де жасап келеді деп тұжырым жасауға болар еді. Сол мәңгілік ел болудың бір алғы шарты болып саналатын «Қазақстан-2030» стратегиясы Елбасының алысты аңдаған, болашақты болжаған, келешекке көрегенділікпен көз тіккен, бүгінгімізге бел шешіп, ертеңімізге еңсемізді тіктеп барар жолымыз еді. Солай болды және солай болып та келе жатыр!

Біз 1 желтоқсанды Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ елін әлемнің дамыған 50 елінің қатарына қосу және бәсекеге қабілетті болуға бастаған күні деп те санаймыз. Бұл Елбасының бағзы көшпенділердің тағдырлы тарихтың қилы-қилы кезеңдерінің тауқымет құдығының суын ішіп, ащылы сортаңының сорын кешкен, зобалаң жылдардың зарын тартқан, таршылықтан тарылып тұралаған, жоқтықтан ашығып бұратылған, жазықсыз жараланған, айыпсыз айдалған бүгінгі ұрпақтары, мына біздерді мына дүбірлі әлемнің аламанына қосқан қайырлы күні деп те білеміз. Бүгінгі бірегей дүниенің біртұтас экономикалық жүйесінде Нұрсұлтан Назарбаев талмай таңдап та, дұрыс та, ұтымды да етіп қалыптастыра білген Қазақстанның өзіндік даму жолы небір сындарлы кезеңдерде өзінің өміршеңдігін көрсетіп те бере алды. Әлемдік экономиканың іргесін қайта-қайта шайқап тұрған бүгінгі қаржы дағдарысына дес бермей келе жатқан Қазақстанның қазіргі жағдайы бізге осыны айтқызады. Бұған дейін экономикалық әлеуеті жөнінен ешкімге жалынан ұстатпайды дейтін Еуропаның біраз елдері абдырап та, дағдарып та қалған осы бір тұста Қазақстан Президентінің елді инновациялық және индустриялық бағытпен дамыту бағдарламасын ұсынуы және де мұны ендігі Қазақстанның болашағы деп атап көрсетуі, бұл ұлы міндеттерге барша қазақстандықтарды жұмылдыруы манағы біз айтқан мәңгілік ел болудың жайын тереңінен саралап, тағы да бір ойластыруы дер едік.

Біз 1 желтоқсанды Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бұрынғы отар қазақ елін айдай әлемге танытуға ұмтылып, сол жолда ұта да білген және де әлемдік саясатқа олжа салған ұпайлы күні деп те білеміз. Қазақстанның кешегі кеңестік жүйені былай қойып, тұтас түркі әлемінде тұңғыш болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі және де аузын айға білеген әлемнің не бір мемлекеттері он бір жыл бойы өткізе алмай келген, сөйтіп арқауы босай бастаған ЕҚЫҰ-ның жетінші Саммитін 2010 жылдың 1-2 желтоқсан күндері қазақ елінің Астана қаласында өткізуі және де әлемдік маңызы бар бұл тарихи шараға қатысушылардың Астана Декларациясын бірауыздан қабылдауы қазақ елінің әлемдік көкжиектен жұлдызының жарқырай жанған сәті еді. «Біз бірін-бірі жылдар бойы көрмей келген ел басшыларының басын қосып, мәмілеге келтірдік. Еуропа мен Азия ұғымын кеңейттік. Біз алдымызға қойған барлық міндетті орындадық. Қазақстан Ұйымның жаңа ғасырда дамуына серпін бере алды. Бүкіл әлем Қазақстанға басқаша көзбен қарап, біздің халқымыздың барша құндылықтарын көрді. Саммитті өткізу бүкіл Қазақстан халқының салтанаты, оның бірлігінің, болашаққа ұмтылысының дәлелі болды», деп Елбасының өзі атап көрсеткеніндей, бұл

тарихи іс Қазақстанның Тұңғыш Президентінің өз елін дүние жұртына сөзсіз мойындата білген тарихи жеңісі болатын. Астана Саммитін өткізу арқылы қазақ елі сан ғасырлық тарихы бар әлемнің дамыған, өркені өскен өркениетті мемлекеттерінің қатарына барып қосылып, жарқын жүзбен нық барып тұра алды деп те батыл айта аламыз. Біз сол биікке көтерілген елміз, бізді сол заңғар биікке алып шыққан да Елбасымыз, өзіміз-дің Тұңғыш Президентіміз!

Біз 1 желтоқсанды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың XXI ғасырда дүние тіршілігі үшін жаһандық жаңа қатерлер бой көтере бастаған қатерлі тұста түрлі діндердің ғасырлар бойғы ізгі де жасампаздық мол тәжірибесі мен Құдай сөзін Адамзаттың бітімгершілік пен келісімінің пәрменді құралы ретінде пайдалануды терең сезіне отырып, адам баласы жаратылып, олардың діндері қалыптаса бастаған кезеңдерден бермен қарай тұңғыш рет, өз ынтасымен және басшылығымен 2003, 2006 және 2009, 2012 жылдары қазақ жеріндегі Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кездесулерін тұрақты өткізіле бастаған және де Адамзаттың жаңа мыңжылдығының конфессияаралық диалог пен кеңесіп, кездесулер жүйесін құруға жол ашылған, өркениеттің қазақ жеріндегі тоғысуы мен табысуларының бастау алған күні деп те санаймыз.

Біз 1 желтоқсанды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Кеңестер Одағының ыдырауына байланысты дүниенің қайта бір бөлісі үшін жаңа қақтығыстар ошағындағы саясат қазаны бұрқ-сарқ қайнап, оқ атылып, жарылыстар дүмпуі естіліп жатқандығына да қарамастан қазақ жеріндегі Семей атом сынақ полигонын өз Жарлығымен жауып, өз қолындағы ядролық қарудан өз еркімен бас тартуын бүгінгі Адамзат пен жалпы өркениетті ядросыз әлем құруға шақырған батыл да ізгі қадамының басталған күні деп санай отырып және де өз Елбасымызды ядросыз әлем құрудың бас архитекторы деп те әспеттейміз! Биылғы жылы «Нью-Йорк Таймстың» электронды нұсқасында және «Егемен Қазақстан» газетінде (27 наурыз 2012 жыл) жарияланған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қауіпсіз ядролық болашаққа жол сала отырып» атты мақаласында: «Мен барлық елдерге төмендегіше үндеу тастағым келеді: Қазақстан тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, елдер ядролық қарудан бас тартса, үлкен пайдаға кенеледі. Осындай оң шешіміміздің арқасында біздің өсіп-өркендеген және тұрақты дамыған елге айналғанымызға, әлемде көптеген достар тапқанымызға, ықпалымыздың да арта түскеніне мен еш күмәндаймын. Бізге өзіміздің барлық ерік-жігерімізді пайдаланып, басқа проблемаларды шешуге және ядросыз елдерге өздерін қорғалып отырғандай сезінуге көмектесуіміз керек. Бұл ядролық қарудың таралуын болдырмаудың жалғыз жолы болса, ол өз кезегінде өлім себетін материалдың терроршылардың қолына түсу ықтималдылығын азайтады. Бұл – біз еш жол беруге болмайтын тәуекел. Біздер, қазақстандықтар, ядролық қару қатері аласталатын әлем құруға көмектесуге қолдан келгеннің бәрін жасаймыз деп сендіре аламын», – деп айтқандығы біздің «өз Елбасымызды ядролық әлем құрудың бас архитекторы» деген пікірімізді нықтай түскендегі бар.

Біз 1 желтоқсанды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың XX ғасырдың соңғы он жылдығының дүниесі барынша өзгеріп, саяси жүйесі әлі де толық қалыптасып болмай жатқан өліара тұста Қазақстан сияқты алып елдің жаңа Астанасын жаңа орынға көшіріп алып келіп, Есілдің бойына ел қондырып, алғашқы қазығынан бастап өзі қағып, бүгінгі айдынды да айбынды Ақордалы Астананы дүниеге әкелген, сөйтіп өз елі мен өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігінің белгісіндей етіп қасиетті қазақ жеріне, өз даласына тұтас әлемді қондырып, орнықтыра білген, өз Астанасын өз қолымен салу арқылы біздің де мәңгілік ел бола алатындығымызға ең әуелі өз жұртының да, одан қалды дүние жұртының да көздерін жеткізіп, иландыра білген бір ұлы күннің жасампаздығының салтанаты деп те танимыз! Бұл Астана тәуелсіздігінің лүп-лүп соғып тұрған жүрегі емес пе?!

Тұңғыш Президентіміздің Қазақстан тарихында тұңғыш рет ел шекарасын анықтап, оны заңдастыруы ежелгі қазақ елінің тағдырын анықтаған көрегендігі болса, Еуразия біртұтас кеңістігін қалыптастырудағы және Шанхай ынтымақтастық ұйымын құрудағы бастамашылдығы жалпы әлем тыныштығын, адамзат бірлігін сақтап қалудағы дүниелік маңызы бар істері болатын. Сондай-ақ, Қазақстанның Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына төрағалық етуін де әлемнің қазақ еліне, оның лидері Нұрсұлтан Назарбаевқа деген алқаусыз берік сенімі деп қарағанымыз да абзал.

Біз өзіміздің Тұңғыш Президентіміздің бүгінгі дағдарыстан толқып тұрған мынау дүние дариясындағы толқынды ағыстарының селі мен сеңінен, дауылы мен дауынан өзінің туған елі мен халқын аман алып өтудің бар амалын жасап та отырғандығын және де ол үшін қазір де болашақта да не істеп, не қою қажеттілігін де үзбей айтып келе жатқандығына да сүйсінуге тиістіміз. Елбасы өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақсатты сөзімен елді еңбек ете білуге үндеуі және де Назарбаев университетінде оқыған лекциясында да біздің ендігі тағдырымызды білімді ұрпақтың айқындайтындығын айта отырып, тағы да интеллектуалдық ұлт қалыптастырудың мақсатты мұратын алға тартты. Осы арада елдің жайын да, жағдайын да Елбасыдай ойлайық деген бір ауыз сөздің көкейге қонғаны болды. Тарпаң да талайлы тағдыры мен тамырлы тарихы біртұтас түркі әлемі Назарбаевты өз көшбасшымыз деп танып, құрмет тұтып, ардақтап отырған Елбасының жалпы адамзат өркениеті мен тіршілігін сақтап қалудағы қадамды да ақылды, парасатты да пайымды қазіргі істері бүгінгі күндеріміз аптығып, асыққан апталарға, ол қарайламай жылжи отырып, айлар мен жылдарға, ғұмырлы ғасырларға барып ұласқан сайын өзінің мәңгілік мүддесімен үн қатып отыратын болады.

Енді бүгіннен бастап бүгінгі ұрпақ та, дүниеге әлі де келер талай бір ұрпақтар да тарихи маңыздылығы жылдар көші ұзаған сайын терең айқындалып, анықтала түсер 1 желтоқсанды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні деп мәңгілік атап өтер де, бұл күнді XXI ғасырдың алып та көрнекті тұлғасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ елін мәңгілік ел болуға бастаған күні деп те әспеттей беретіндіктеріне де бек сенімдіміз.



НАЗАРБАЕВ ӨЛШЕМДЕРІ

Сағындық Сатыбалдин,
экономика ғылымдарының докторы, ҰҒА
академигі

Егемен Қазақстан, 3 шілде 2012 ж.

Таяуда 75 жасқа толдым. Осы мерейтойыма байланысты Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтан арнайы құттықтау хат алдым. Анығын айту керек, мұндай назарды күтпеп едім. Күнделікті тірлігі жеке басын күйттеуге де жете бермейтін Президентіміздің толып жатқан мәселелерді шешумен тікелей өзі айналысатыны маған белгілі. Өйткені, ол кісінің тапсырмасымен талай жұмыс атқардым ғой. Міне, сондай жетімсіз уақытын бөліп, менің көңілімді марқайту үшін арнайы құттықтау жазған. Жасыратын несі бар, оған, мұндай ілтипатқа ақ басымды иіп, іштей мың алғыс айттым. Көшбасшысын дөп басып тани алған халқыма, халқының үмітін ақтаған Президентіме ризалықтың белгісін осылайша білдірдім.

Иә, мен Президенттің тікелей тапсырмасымен талай жұмыс атқарған ғалым-экономистің. Н.Ә. Назарбаев қызметінің жемісті болу себептерін сондықтан да мерзімдік бұқаралық ақпарат құралдарында жиі-жиі жазып халқыма түсіндіріп тұрдым. Бұл тақырып, дәлірек айтсақ, Қазақстан Республикасының қысқа мерзім ішінде әлемнің бірде-бір мемлекеті қол жеткізе алмаған биіктерге көтерілу себептері және мұндағы Н.Ә. Назарбаев факторы жайлы бұған дейін жазғандарым біраз қауымға белгілі. Енді тағы да сол тақырыпқа оралып отырмын. Оған түрткі болған Президентіміздің өзіме көрсеткен жоғарыдағыдай ілтипаты.

Сонымен, әлгі құттықтау хат қолыма тиісімен үлкен толқу үстінде «Осы Нұрсұлтан Назарбаев қандай адам?», «Н.Ә. Назарбаев өлшемдері не?» деген сұрақтар төңірегінде ой толғау керек деп шештім. Сонда бұрын да талай куәсі болған, бірақ онша маңыз бере қоймаған Н.Ә. Назарбаев «өлшемдерін» тапқандай болдым. Енді рет-ретімен соларды баяндайын.

Ең әуелі жоғарыдағы мысалдан-ақ көрініп тұрғанындай, ол – кісілікке кішілікті серік еткен, сонысына орай бүкілхалықтық сүйіспеншілікке бөленген тұлға. Дәл біздің Президентіміздей қалың бұқара арасында жиі болатын мемлекет басшысы сирек десем, мұныма ешкім дау айта алмас. Ақиқатқа тура қарар болсақ, Мемлекет басшысы бар мәселені өзінің кең кабинетінде, жайлы тағында отырып-ақ телефон арқылы бұйрық беріп шеше беруіне болады ғой. Бұлай істеуді ол білмейтін адам емес. Десек те Нұрсұлтан Әбішұлы халықтың қалың ортасында жиі болуды қалайды.

Мұндағысы сол тындырған істің нәтижесін халықтың көңіл күйі арқылы бағалау керек деген ұстаным болса керек. Қандай тамаша ұстаным! Шын мәнінде халықтың көңіл күйі жақсы болса, өзіне келіп түскен ресми мәліметтер де қате емес. Яғни, атқарушы биліктің қызметін халықтың тұрмыс-тіршілігіне қарап бағалау деген осы. Оның халық арасында жиі болып, қалың бұқараға ерекше көңіл бөлуі тек елі үшін қызмет етуді парыз санаған басшыларға ғана тән болатын қасиет екенін айту парыз. Н.Ә.Назарбаев үшін «мынау ұлық, мынау кішік» деп бөлу, алалау жоқ. Ол үшін 17 миллионға жуық қазақстандықтың бәрі бірдей. Бәлкім, біздің «айымыздың оңынан тууы» Елбасымыздың осынау тамаша ұстанымының жемісі шығар. Егер билік басындағы лауазымды тұлғалар үйреніп, бойына сіңіретін бір қасиет керек десе, мен Елбасымыздың осынау қасиетін баршаға ұсынар едім.

Біздің Қазақстан егемендігін алған соң посткеңестік аумақтағы жаңадан құрылған барлық мемлекеттер секілді үлкен қиыншылықты бастан кешті. Тоқсаныншы жылдарда тоқтаусыз рецессия, асаудай аспанға шапшыған инфляция халықты қажытты. Сол шақтың өзінде жаңа мемлекетті құрушы тұңғыш Президентіміз қиналған халқының ортасында жиі болғанын теледидардан көріп, мерзімдік басылымдардағы хабарлардан естіп біліп жүрдік. Бәлкім, халықтың экономикалық қиыншылық жүгін нардай көтеріп, ауыртпалықтың бәріне төзе білуі олардың жанында осылайша патшасының болғанын сезінуі берген бір алапат күш шығар. Иә, ол әрқашанда өз халқының жанында, ортасында жүретін Көшбасшы болып шықты.

Тұңғыш Президентіміз халықтың бақытына орай бұл тағына баспалдақтап көтеріліп, Қазақстан экономикасының қыр-сырын толық біліп келген тұлға болуы да бұдан кейінгі қызметінде Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің алуан да асқақ болуын қамтамасыз етті десем, бұл ақиқатқа тура қарағандық. Шын мәнінде Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның экономикалық жағдайын терең білуі елді тығырықтан басқаларға қарағанда ертерек шығаруына септігі тиген бір тұс еді. Сондықтан да саяси мақсатты белгілеп алған тұңғыш Президентіміз бұдан былайғы Қазақстан болмысы нарықтық экономика жағдайында қалыптасу керек, деген ұстанымға бекіген соң ел дамуының болашағын ғылыми негіздеп алуға ерекше көңіл бөлді. Отандық экономист-ғалымдарды жинап алып, ел дамуының ұзақ мерзімді бағдарламасын жасауға жұмылдырды. Бұл топта мен де болдым. Ерік Асанбаев, Сауық Тәкежанов ағаларымыз бас болған осынау жұмысқа қатысқан күндерімді өзімнің ең бақытты шағым санаймын.

Нұрсұлтан Әбішұлының ерекше қасиеті – мәселені бөлшектемей тұтастықта шешуге көңіл бөлетіндігі. Айталық, Қазақстанның 2030 жылға дейін даму бағдарламасы жасалғанға дейін ол кісі осы ойды жүзеге асыруға тікелей әсері болатын бірнеше ауқымды істерді жүзеге асырып үлгерген еді. Атап айтар болсақ, Қазақстан шекарасы дау-дамай туғызбайтындай жағдайда барлық көршілермен тіл табысып, нақтыланды. Құжаттарға қол қойылып, олар заңды халықаралық күшке ие болды. Сонан соң Елбасымыз «ашық есік» саясатын жариялады. Иә, бұған дейін Ресей Федерациясымен және Орталық

Азиядағы көрші республикалармен достық және ынтымақтастық туралы құжаттарға қол қойып үлгергенбіз. Көршілерден Қытай жағы ғана қалды. «Қалды» деу ақиқатқа келіңкіремейді, турасын айтсақ, Қытай Халық Республикасымен ұзақ мерзімді достық, ынтымақтастық, экономикадағы әріптестік құжаттары бірінен соң бірі өмірге келе бастады. Бұл орайда Елбасымыз «Ұлы Жібек жолын» ХХІ ғасыр талабына орай жаңғырту ұсынысын алға шығарды. Сөйтіп, өмірге Н.Ә. Назарбаевтың келесі өлшемі келді, ол көптарапты саясат болатын. Түсінікті тілмен айтар болсақ, Президентіміз 33 жылдық бағдарламаны жүзеге асыру үшін жан-жақтағының бәрін «алауыз ағайынға» емес, бір мақсатқа жұмылған тілеулес досқа айналдырып шықты. Каспийдің оңтүстігіндегі Иранмен де жан-жақты ынтымақтастық келісім-шарттарына қол қойылды. Бұл кезде Еуроодақ пен АҚШ КСРО державасынан мұраға қалған ядролық қару әлеуетінен өз еркімен бас тартқан Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентін «іш тарта» бастаған еді. Ал отандық ғалымдардың күшімен толық жойылған ядролық әлеует Қазақстан Республикасы аумағынан кеткеніне, сондай-ақ енді оның жанға бататын әсері мүлде жоқ екеніне көздері жеткен Батыс алпауыттары енді Қазақстанды толыққанды әріптес етуге күш салды. Өйткені, бұл шақта Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекеттегі жер қойнауының байлығын әлемнің аяғы жеткен жеріне түгел таныстырып үлгерген еді. Айтқандай, алғашқы алып инвестор әлемге танымал Шеврон компаниясы болуының өзі Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің бұдан кейінгі болмыс-бітімін айқындап бергендей. Сөйтіп, Елбасымыздың кезекті өлшемі болмыс ақиқатына айналды, ол – әлемдік алпауыттардың әріптеске айналуы.

Осылармен бір мезгілде Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің кезекті біреуі Қазақстан өмірінен көрініс тапты. Ол – елді, халықтық менталитетті, қоғамдық қатынасты түбірінен және түпкілікті өзгерту. Бұл үшін мемлекеттік меншікті жекешелендіру аз еді. Осыны дер кезінде дөп басып түсінген Мемлекет басшысы 1997 жылы астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру ойын жүзеге асырды. Мемлекеттік билік Президенттің өзі бас болып, жаңа орында, мемлекет басқаруға мүлде лайықталмаған жаңа қоныста жұмыс істей бастады. Тіпті мемлекеттің астанасын өзгерту туралы шешімге дауыс берген депутаттардың өздері де елде экономиканы «жөндеуге» де қаржы табылмай жатқан «қысқа жіп кірмеуге келмейтін» шақта астананы ауыстыра қояды деп ойлай алмағанын кейінірек мойындады. Десек те, Елбасымыз өз ойын сол аса бір қиын шақтың өзінде жүзеге асырды.

Енді өміріміздің мынадай бір деталіне назар аударайық. Жаңа астанаға қоныс аударысымен Н.Ә. Назарбаев қолға алған бір іс – не инфрақұрылымдық, не өндірістік пайдасы жоқ «Бәйтерек» кешенін тұрғызу болды. Мұны да көпшілік дәл сол сәтте жүзеге асуы керек бірінші қажеттілік деп қабылдамағаны ақиқат. Бірақ Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің дұрыстығын баршамыз кейін ұқтық. Ол – ата-баба мұраға қалдырған аңыздар арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақтың еңсесін көтеру мұраты еді. Отандастардың қиялын көкке самғатып, еңсесін көтеріп алмайынша, белгілі бір іс тындыру мүмкін еместігін Ұлт көшбасшысы дер кезінде және дөп басып тани білді.

Сөйтті де Бәйтеректі тұрғызды. Бәйтерек өзіне «жүктелген міндетті» ойдағыдай орындап шықты. Бұқара еңсесін көтерді, қиял көкке самғады. Мұндай халықтың алмайтын асуы жоқ екені белгілі.

Қысқасы, тұңғыш Президентіміз 1997 жылға дейін 33 жылға созылатын толассыз және бейбіт дамудың жемісті болуы үшін қажеттінің бәрін жасап алды. Бұл кезде Ресей Федерациясына Оңтүстік-Шығыс Азия дағдарысы қатты соққыдай тиіп, есенгіреп жатқан еді. Қазақстан болса, осы алғашқы жылдың өзінде экономикада жылдық ішкі жалпы өнімнің аздаған өсімін қамтамасыз етті. Бұл өсім 2000 жылға дейін тұрақты түрде жалғасты. Халықтың әлеуметтік жағдайы баяу ырғақпен болса да жақсара бастады. Өйткені, жаңадан жұмыс орындары ашылып, өндіріс жандана түскен. Өндіріс жанданған кезде оған қызмет ететін инфрақұрылымдарда жаңа жұмыс орындары ашылатыны табиғи заңдылық. Сөйтіп, елді сенделтіп жіберген жұмыссыздық бірте-бірте кейін шегінді.

Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің келесі бір айтарлықтай тұсы – бүгінгі қызмет нәтижелерін болашақ қажеттіліктері үшін пайдалану ұстанымы. Осы орайдан алғанда, елімізде жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істей бастағанын ерекше атап өткен жөн. Кейінгі кездегі бұл сала менеджментінің оралымсыздарын ескермесек, жалпы идея өте орынды болғанын түсіну қиын емес. Біздің қазақ – «ертеңнің қамын бүгін ойла» деген бабалар өсиетінен кенде болмаса да, ондай данышпандықты өмірінде пайдалануда іркіле беретін бір аңғал халық. Сондықтан бүгін жұмыс істегендердің жалақысынан ертеңгі қариялық кезге дайындық жасап, «несібе» бөліп қою ісін мемлекеттік деңгейде міндеттемесе, қалың бұқара өзі біліп ештеңе істемейді. Турасын айтсам, бұл бүкіл әлемнің бұқарасына тән сипат секілді. Өйткені, нарықтық экономика ғылымында мемлекеттерде жүзеге асырылатын кейбір заңдар топтамасы «бақытты болуға мәжбүрлеу» заңдары деп аталады. Бұларға жинақтаушы зейнетақы қорлары мен сақтандыру қорларын құру туралы заңдар енеді. Атауынан-ақ көрініп тұрғанындай, Президентіміз отандастарын бүгін ақшасын үнемдеп жұмсауға мәжбүрлей отырып, оның ертеңгі болашағына алаңдамауы үшін жұмыс істеді.

Дәл осы тұста Ұлт көшбасшысы көрегендігінің тағы бір мысалын айта кеткен жөн. Ол – «мұнай долларларынан» Ұлттық қор құру туралы заңның өмірге келуі. Сөйтіп, мемлекет бюджетінің шикізат секторына және шикізаттың әлемдік қор биржаларындағы бағасына тікелей байлаулы болуын жоя алды. Мұнай мен газ біраз мемлекетте бар. Әсіресе, іргедегі Ресей Федерациясында олардың қоры біздегіден көп, өндірісі мен экспорты да соған сәйкес мол. Демек, түсім де жеткілікті. Ал мұндағы билік сол мол түсімді халықтың бюджеттік кірістерін өсіруге тікелей жұмсап жатыр. Яғни, бүгінгі ресейліктердің бюджеті мұнай-газ кірістеріне тікелей байлаулы. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, ертеңгі күндері әлемдік қор биржаларындағы мұнай бағасы түсе қалса, дағдарыс бұл елде сонда болады. Ал біздің Қазақстанда ондайға қарамай-ақ ырғақты даму жалғасады. Мінеки, Н.Ә. Назарбаев өлшемдеріндегі көрегендік белгісі осылайша кестеленген.

Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің кең ауқымды және алыс болашақты дәл тани білген, сондай-ақ ғылыми негізді екенін 2007 жылға дейінгі іркіліссіз даму қарқынымыз дәлелдеп берді. Орайы келгенде бір тұсқа назар аударар кеткен жөн. Иә, 2007 жылдың тамызында басталған бүкіләлемдік қаржы дағдарысы Қазақстанға да салқынын тигізді. Турасын айтсақ, құрылыс саласы, ипотекалық жүйе, екінші деңгейдегі қаржы саласы ашық күнде қара нөсер жауын астында қалғандай «бүріскен» күйге түсті. Ал осының ықтималдылығын Мемлекет басшысы сала менеджментіне талай рет ескертті ғой. Атап айтар болсақ, олигархтарға алдағы болуы мүмкін дағдарыстарға төтеп беру үшін «күш біріктіріңдер, өздерінді өздерің алдамау үшін өндірісті корпоративті ашық басқару жүйесіне ауысыңдар» дегенді Нұрсұлтан Әбішұлы бірнеше жиында қайталаған болатын. Бірақ біздің олигархтар үшін «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» күн кешу ұнамдырақ болғандай. Бір-бірімен бәсекеге түсіп, «бет-бетіне түйе айдады». Ақыр аяғында ішкі базарда жердің, құрылыс шаршы метрінің бағасы Еуропадағы, тіпті Америкадағы мөлшерге жетіп тынды. Бұл 2007 жылы аталған салалардың толықтай «тығырыққа тірелуін» болмыс ақиқатына айналдырды. «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғыс олигархия менеджментіне жабысқандай әсерде қалдық.

Бірақ дәл осы тұста Назарбаев өлшемдерінің бірі – мейірімділік көрініс тапты. «Мұнай долларларынан» жинақталған Ұлттық қордан 4 миллиард доллар көлемінде жеңіл және ұзақ мерзімді көмек несие бөліп, екінші деңгейдегі банк жүйесін жойылудан аман сақтап қалды. Егер АҚШ және Батыс Еуропаның дамыған елдерінде 2007-2009 жылдары жүз жылдық тарихы бар жүздеген қаржы институттары өмір сүруін тоқтатса, біздің елде бірде-бір банк «келместің кемесіне мінген жоқ». Көрегендік пен мейірімділік бір кеңістікте жұмыс істеп, тұтастай алғанда, отандық қаржы жүйесін, ипотекалық саланы аман сақтап қана қойған жоқ, сонымен бірге, бұлардың қайтадан даму арнасына түсуіне жол ашты. Бұл ретте «Самұрық-Қазына» қоры арқылы екінші деңгейдегі «әлсіреген банктерге» үлестес ретінде мемлекеттік қаржының Елбасы нұсқауымен екінші деңгейге енуі оң әсер еткенін ерекше атап өткен жөн. Бұл-бұл ма, Қазақстан 2007-2011 жылдар аралығында, бүкіл дүние жүзінде қысқартулар жүріп жатқан кезеңде халқының бюджеттік кірістерін екі есе көтере алған бірден-бір мемлекет болды. Сөйтіп, көреген Көшбасшы экономиканың ғана емес, сонымен бірге, әрбір қазақстандықтың әлеуметтік жағдайының күйзелудің орнына түзеле түсуін қамтамасыз ете алды. Орайы келгенде айта кетейік, бұл уақыт, яғни бүкіләлемдік дағдарыс орын алған 2007-2011 жылдар аралығы Қазақстан үшін жұмыссыздар саны қысқарған кезең болып тіркелді. Қазір біздегі жұмыссыздық 5,3 пайызды құрайды екен. Бұл – әлем бойынша ең жақсы көрсеткіш.

«Ағайын бек көп, айтамын ептеп, сөзімді ұғар бірі жоқ», деп бақилық болар алдында маңайындағылардың бәрінен түңілген, ойға түйгенін кейінгіге жазып қалдыруды мұрат тұтқан Абай қырық бірінші қара сөзінде былай деп тұжырымдапты: «Қазаққа ақыл беремін, түзеймін деп қам жеген адамға екі

түрлі нәрсе керек. Әуел – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек». Данышпанымыз өзінен кейінгі ғасырдан соң өмір ақиқатына айналатын ғақлиялық ойын айтқан. Олай дейтінім, бүгінгі Н.Ә. Назарбаев қолында әлгі екі керектің екеуі де бар. Біріншісі – билік болса, ол – қызмет бабына орай халық сеніп тапсырған күш. Екіншісі – байлық болса, Мемлекет басшысының қолында Қазақстан Республикасы байлығының кілті бар. Жеке өзінің бай болуы шарт емес. Демек, осы екі «керекті» өзінде бар еткен заманда Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің ең соңғы тұсы көрініс табады, ол – тұтастай ұлтты «түзеу».

Президентіміз бұдан бұрынғы бір сөзінде «Болашақ» бағдарламасының түлектерімен кездесе отырып, «мұратымыз – интеллектуалды ұрпақ өсіріп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру» деген болатын. Мінеки, Абай көксеген ұлы мұратқа талпыныс деген осы болса керек. Айтқандай, мемлекетіміздің басшысы бұл мұратқа жетуге ертеде-ақ қам жасаған болатын. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, 33 жылдық бағдарлама негізінен үш ауқымды кезеңге бөлінген. Біріншісінде шикізаттық салаға басымдық бере отырып, мол, жеткілікті Ұлттық қор жинау керек болса, ол мақсат толығымен орындалды. 2010 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы кезекті шабуылдың басталғандығын жариялады. Мұның алдында Мемлекет басшысы Үкіметке «2010-2020 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын» жасауды тапсырған болатын. Үкімет тапсырманы ойдағыдай орындады. Сөйтіп, 2010 жыл отандық экономиканы түбірінен өзгертуге бағыт ұстанған үлкен шабуылдың басталған кезеңі болды. Аталған бағдарламада жеті салаға басымдық берілді. Олардың бәрі де шикізаттық емес, атап айтар болсақ, өңдеуші, ұқсатушы саланы қамтыды. Мұнай-газ химиясы, құрылыс материалдары индустриясы, қорғаныс өнеркәсібі, фармацевтика, агроөнеркәсіптегі өңдеуші сала, минералды тыңайтқыштар химиясы он жылдық бағдарламаның басым бағыттары болып шықты. Ал бұл – елімізде бұрын-соңды болмаған жаңа өндіріс орындары өмірге келеді деген сөз.

Егер шындыққа жүгінсек, Қазақстан КСРО державасы заманында фармацевтика өнімдерінен өзінің ішкі сұранысын бар болғаны 10 пайызға жетпейтін мөлшерде ғана қанағаттандыра алған екен. Біріккен Ұлттар Ұйымының тұжырымы бойынша бұл көрсеткіш 30 пайыздан кем болмауы тиіс. Ал біздің Президент тапсырмасы – сұраныстың 50 пайызын ішкі өніммен қамтамасыз ету. Құлашты қайда сермегенімізді байқауға болатын шығар.

Міне, осыдан көрініп тұрғанындай, өмірімізге жаңа өндіріс орындары келуі арқылы мүлде бөлек тұрпаттағы жұмысшы табы қалыптаспақ. Қазірдің өзінде пайдалануға берілген өндіріс орындарының жұмыс ырғағына назар аударсақ, басым көпшілігінде компьютермен басқарылатын жұмыс алаңын көреміз. Ұлттың интеллектуалдық сапасы айтарлықтай жоғарылайтынын осы мысалдың өзі дәлелдеп тұрған жоқ па?! Егер КСРО тұсындағы Қазақстан демографиясының географиялық орналасуына көңіл аударсақ, онда жергілікті ұлт өкілдерінің негізінен аграрлық салада болғанын байқау қиын емес. Ол кезде Алматыда және облыс орталықтарында қазақ жастарының

тіркеу алуы да шешілмеген мәселедей болған еді. Енді жоғарыда аталған кәсіпорындарда ұлт жастарының көптеп орналасуы арқылы қалалық қазақтар саны басқа ұлттардан кем болмасы көрініп-ақ тұр. Ең бастысы – ұлттық ой-өріс, дүниетаным, менталитет түбірінен жаңғырып, мүлде болмаған сапалық деңгейге көшеді. Ал ол деңгей Президентіміздің мұрат еткеніндей, «еуропалықтарша өмір сүру» дәрежесі болмақ.

Соңғы ақпараттарға жүгінсек, біздің елде жан басына шаққандағы жылдық ішкі жалпы өнім мөлшері 12170 долларды құраған екен. Бұл – Шығыс Еуропа бойынша орташа көрсеткішке пара-пар деңгей. Салыстырмалы түрде айта кететін болсам, біз бұрын боданында болған Ресей Федерациясының өзінде жоғарыда мысалға келтірген көрсеткіш біздегіден әлдеқайда төмен жатыр. Қысқасы, он жылдыққа арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы ұлттық сапаны көтеретін бір тетік деп атар болсақ, оның жүзеге асу қарқыны көңілде тек қана қуаныш орнатады. Мәселен, бүкіл дүние жүзі бойынша рецессия ауыздықталмай тұрған қазіргі таңда елімізде жылдық ішкі жалпы өнім өндірудің өсімі 7,4 пайыздан айналған екен. Жыл қорытындысында бұл көрсеткіш өсе түседі деген болжам ақиқатқа айналатынына сенім мол.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, бұл күндері АҚШ, Еуроодақ елдері, Жапония, Қытай, Ресей және бауыр Түрік Республикасы Қазақстанның стратегиялық әріптесіне айналған. Бұл үшін Ұлт көшбасшысы батыл да өміршең қадамдар жасады. Атап айтар болсақ, дүние жүзіндегі әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің басын бір мәміле дастарқанында қосып, құрылтай өткізуді адамзат тарихында тұңғыш ақиқатқа айналдырған тұлға біздің Елбасымыз. Осындай жағдайда Елбасы өмірлік ұстанымға айналдырған көптарапты саясат өз жемісін бермегенде қайда барсын. Демек, осы жерден біз Н.Ә. Назарбаев өлшемдерінің келесі бір тұсын байқаймыз, ол – болмысқа парасатты көзқарас. Парасат – әрқашанда терең білімнің нәтижесі. Демек, біздің Президентіміз өзінің терең білімін Жер бетіндегі адамзаттың ортақ игілігіне айналдыруға ынта қойғандай. Ал бұл өз кезегінде Қазақстанның гүлденуі мен бақытты болашағына жол ашатын үлкен күш.

Н.Ә. Назарбаев өлшемдері бүкіләлемдік құрметке ие болды. Осы өткен көктемнің алғашқы сәттерінде Оңтүстік Корея Республикасының астанасы Сеулде мемлекет басшыларының ядролық қаруға қарсы алқалы саммиті ұйымдастырылды. Міне, осы жиналғандар арасында АҚШ пен Ресей президенттері Барак Обама мен Дмитрий Медведев Нұрсұлтан Назарбаевты ортаға алып, мәлімдеме жасады. Иә, аталған алпауыт мемлекеттердің басшылары біздің Ұлт көшбасшысын құрметпен ортаға алып, Жер бетіне үлгі боларлық бастаманың авторы ретінде құрметтеді. Назарбаев өз өлшемдерінің ауқымдылығымен ғана емес, сонымен бірге, парасаттылығымен де әлемдік мойындау мен құрметке ие болды. Турасын айтқанда, Назарбаев шыққан төр – қазақ шыққан төр! Иә, ол 1991 жылға дейін біреудің боданы болып келген қазақтың есіктегі басын бар болғаны жиырма жыл ішінде төрге шығарған тұлға бола алды. Мұндай биікке әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір ұлты осындай қысқа мерзімде көтеріле алған

жоқ. Жоғарыда келтірілген нақты дәлелдеріміздің өзі біздегі экономикалық өсім әлемнің барлық және бірде-бір мемлекетінің тәуелсіздік жариялағаннан кейінгі жиырма жылында қамтамасыз етілмегенін оқырман есіне сала кеткім келеді. Біз Назарбаев өлшемдерінің парасатты, білімді, мейірімді және құлашты алысқа сермеген кең ауқымды болуының нәтижесінде елімізді басқа түгіл, өзіміз де тани алмайтын дәрежеде өзгерту мүмкіндігіне ие болдық. Қазақстан экономикалық өсім жағынан ғана емес, сонымен бірге, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының көтерілуі, ұлттық интеллектуалдық сапаның өсуі жағынан да Жер бетіндегі менмен ұлттар-дың өздері армандай алмайтын биіктерге шықты.

Н.Ә. Назарбаев өлшемдері! Бұл – ауқымды зерттеудің объектісі. Тұрасын айтқанда, Қазақстандағы басқару құрылымдарын жаңғырту мен жекешелендіруден бастап 13-14 жыл қатарынан 7-9 пайыздық экономикалық өсімге дейін, шикізаттық елден тікұшақ құрастыратын, сондай-ақ әлем үшін әлі күнге дейін жұмбақ болып жатқан химиялық элемент өндірісін жолға қойған мемлекетке дейін, ғарыш державасы болуға үлкен әзірлік жұмыстарын жүргізіп жатқан республикаға дейін көтерілген ел болу барысындағы барлық өсім көрсеткіштеріміз Н.Ә. Назарбаев өлшемдері десем, оның еш артықтығы жоқ. Өйткені, біздің ел жағдайында барлық бас жоспарды жасауға нұсқау беріп, оны өз екшеуінен өткізетін қызмет иесі Президентіміз екені баршаға белгілі. Сол жоспарлардың жүзеге асырылуын қатаң бақылап отыратын да Елбасымыз. Халқын жиі аралап, олардың жағдайын жүздерінен түсінетін де Нұрсұлтан Әбішұлы. Нұрсұлтан Әбішұлының өлшемдері адамгершілік иірімдерінде білімділік, парасаттылық, көрегенділік, мейірімділік, кішілікпен көркемделген кісілік, халықшылдық, ұлттық және жалпы адамзаттық мұраттарды тұтастыққа қарастырушылық болып толыға түседі.

Таяуда ғана Астанамызда халықаралық экономикалық форум болып өтті. Мұнда талқыланған өзекті мәселелердің бірі дүниежүзілік дағдарыстардың қоздырушысын анықтау және оны жою болғаны белгілі. Осы тұста 2009 жылдан бері Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынып келе жатқан халықаралық валюта және халықаралық қаржы жүйесін түбірінен өзгерту идеясы форумға қатысушылар тарапынан толық қолдау тапқаны үлкен қуанышты қадам болғанын айта кету керек. Бұл ретте Н.Ә. Назарбаев өлшемдері жалпы адамзаттық мұратпен астасып жатыр. Қысқасы, біздің Президентіміз Қазақ елінің Көшбасшысы болумен ғана шектелмей, өзінің терең білімі, парасатты ойлау қабілеті арқылы жалпы адамзаттың болашағын бұдан да жақсырақ етуге талпыныс жасаған адамзат тарихындағы санаулы тұлғалардың біріне айналып кетті.

Иә, Н.Ә. Назарбаев өлшемдері оны біздің ұлттың құшағына сыйдырмай, жалпы адамзаттық мұраттарға қызмет етуші зор тұлғаға айналдырып жіберді. Оның ақыл-парасаты енді біздің ғана емес, бүкіл адамзаттың игілігіне қызмет ететін нәр болмақшы. Міне, Н.Ә. Назарбаев өлшемдері дегенде ойға осылар оралады.



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЛАРЫ ТУРАЛЫ ОЙ

Құныпия Алпысбаев,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан 2012 ж.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тереңнен тамыр тартатын сындарлы саясатының нәтижесінде көптеген өміршең де кешенді стратегиялық жобалар өмірге келді. Ұзақ жылға арналған стратегиялық жоспарлар аясында жүзеге асырылатын ауқымды жұмыстардың орындалу реті мен мезгіл-уақыты белгіленді. Осыған орай нақты салалар бойынша жыл сайын атқарылатын жұмыстар Президент Жолдаулары арқылы айқындалып, өз кезегінде олар қарқынды дамудың жақсы көрсеткішіне айналу үстінде.

Өркениетке ұмтылудың, қоғамдық дамудың аласапыран ағынында өзгелерден қалмаудың бірден-бір жолы білім мен ғылым екені ескеріліп, оған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ тұрақты көңіл бөлу қолға алынған болатын. Озық елдердің білім саласын меңгеріп, ғылыми зерттеу тәсілдерін үйреніп қайту мақсатында «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Содан бергі уақыт ішінде Үкімет белгілеген гранттар арқылы бірнеше мыңдаған студенттер мен жас мамандар әлемнің көптеген мемлекеттеріндегі әйгілі жоғары оқу орындарында оқып, білім алды, тәжірибе жинақтады. Қазіргі кезде сол бағдарлама бойынша оқыған мамандар ел экономикасы мен ғылымының дамуына үлес қосып келеді. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен дүниеге келген «Болашақ» бағдарламасы қазіргі кезде де ойдағыдай жүзеге асырылу үстінде.

Ал еліміздің әр аймағында зияткерлік мектептердің ашылуы, сондай-ақ, Назарбаев Университеті мен Қазақстан-Британия университетінің құрылып, жұмыс істей бастауы – Елбасының білім мен ғылымға, ғылым қуған жастарға деген шексіз қамқорлығын көрсетеді. Тікелей шетелдік жүйе бойынша оқытылатын, шетелдің атақты ғалым оқытушы-профессорлары сабақ беретін аталған оқу орындарының ашылуы жаңа заманауи технологияны меңгерген мамандарды өз елімізде даярлаудың жарқын үлгісі болып табылады. Өйткені, қашанда ең асыл құндылықтар болып саналған білім мен ғылым ғана адам баласын өркениеттің даму баспалдақтарымен биікке көтеретіні, елдің атын күллі әлемге танытатыны баршаға аян.

Оның бағасын ерте замандарда-ақ ойшылдар мен данагөйлер ерекше атап көрсеткен болатын. Мысалы, орта ғасырдағы түркі ғұламасы Жүсіп Баласағұн осы-дан мың жыл бұрын: «Білімдіге – биік орын», «Білік» деген



бір қазық, барлығы соған оралар», – деп білім мен біліктің қадір-қасиетін тамыршыдай тап басып айтқан екен. Арада ғасырлар өтсе де, білімді адамның қоғамдағы орны, оның абыройы мен қадірі еш төмендеген емес. Қайта заман өткен сайын білімді адамдар мен ғылым арқылы табиғаттың тылсым құпиясын ашуға ұмтылған тұлғалар құрмет пен мәртебеге бөленіп жатқандығына куә болып келеміз.

Болашақта қалай дамуымыз керек? Бұл орайда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өткен жылы Ұлттық ғылым академиясында еліміздің ғалымдарымен кездесуінде сөйлеген сөзі еске оралады. «Егер маған өмірімді қайта бастауға мүмкіндік берілсе, мен Президент емес, ғалым болғым келеді деп жауап берер едім», деген еді сонда Елбасы. Зер сала қарайтын болсақ, осы сөздердің астарында үлкен мағына жатқандығына көз жеткіземіз. Ел болашағы білімді де талапты жастардың қолында, олар ғылымды өздеріне серік етсе, оның пайдасы өзіне де, мемлекетке де орасан зор екендігін қадап айтқан Президент жастарды ғылым жолын таңдауға шақырды.

Бұл мәселені Елбасы үнемі назарда ұстап келеді. Соның жарқын бір мысалы – 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы дер едік. Жарқын болашаққа бастайтын міндеттер мен жаңа кезеңге бет алғанымызды білдіретін тұжырымдар сараланған бұл Жолдауда туған халқымыздың келер күндердегі игілігі, ұрпағымыздың ертеңгі бақыты үшін ең өзекті мәселелер жөнінде бағыт-бағдар жасалды. Құжатта еліміздің соған дейінгі он жыл ішінде әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылған жұмыстарына баға беріліп, алдағы он жылдағы міндеттері белгіленді.

Президенттің сол Жолдауындағы ерекше маңызды міндеттердің бірі – білім мен ғылым саласын әлемдік деңгейде дамыту, ол үшін ғылымды және отандық ғалымдарды мемлекеттік тұрғыдан қолдау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі. Соның ішінде қазіргі заманғы білім беру мен кәсіптік тұрғыдан қайта даярлауға, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыруға, жаңа технологияларды игеруге, идеялар мен көзқарастарды пайдалануға, инновациялық экономиканы дамытуға қатысты серпін берер ойлар

сараланған. Яғни, Президент бұл орайда әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтындай маман даярлауды ұсынады. Өйткені, даму жолына түскен мемлекетімізге әлемдік стандартқа сай қазіргі заманғы біліммен қаруланған, өздігінен таңдау жасай алатын, жан-жақтылығымен танылатын, мәдениеттераралық байланысқа дайын әрі іскер, елінің тағдырына жауапкершілікпен қарайтын адам қажет. Бұл жөнінде Президент: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз», – деп атап көрсетті.

Білім мен ғылым саласына тікелей қатысты бұл мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарында дәріс беретін оқытушы - профессорлардың алдына аса маңызды міндет жүктейтіні белгілі. Ұрпақ тәрбиелеу, білім беру саласында қызмет атқарып жүрген азаматтар үшін Жолдауда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы да жауапкершілігі аса зор міндет деп білеміз. Өйткені, қай заманда да өркениетке жету жолы, қоғамдық даму үдерісі білім мен ғылымның сапалы деңгейі арқылы ғана жүзеге асады. Бұл жерде Президенттің «Жоғары білім беру саласында дәл және инженерлік ғылымдарды басымдылықпен дамыту – бұл дамуымыздың жаңа кезеңінің міндетті шарты» деп атап өтуінің мәні тереңде жатыр. Алайда, бұдан қоғамдық және ізгілендіру ғылымдарын ығыстыру деген ой тумаса керек. Себебі, әдебиет пен өнер салаларында әлемдік өркениет өнегесін бойына сіңіру, оны әр ұлт өзінің ерекшелігіне бейімдеп жүзеге асыру әлімсақтан бері жалғасып келе жатқан үрдіс. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ әдебиетін оқытудың, оның теориясы мен тарихын жаңа көзқарас, заман рухына сай зерттеу, ғылыми пайымдаулар жасау міндеті тұрғанын атап өткен жөн.

Студенттердің мол білім жинақтауы мен ғылымға терең бойлай білуін қалыптастыру қай кезде де оқытушының алдындағы басты мақсат болып келді. Қазірде де солай. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа технологияны қолдануда әр пәннің өзіндік ерекшелігін ескеру керектігі де айқын. Өйткені, сабақ берудің әдістемесінде барлық пәндерге ортақ сипаттар бар болғанымен, жеке пәндерге тән айырма-шылықтар да аз емес. Мұндай айырмашылық қазақ әдебиетін оқытуда анық байқалады. Қазақ әдебиетін терең меңгеруде жаңа технологияның қандай тиімді жолдары бар деген сауал түрлі ізденістер мен ойларға жетелейді.

Бүгінгі көзқарасқа, берілген бағалар мен ғылыми тұжырымдарға қарағанда, кредиттік технология студенттердің өзіндік ойлау қабілетін дамытып, өз бетінше ізденісі арқылы білімін байытады, ғылыми зерттеу жүргізу дағдысын қалыптастырады. Осы айтылғандарға қол жеткізу, әрине, оқытушының дұрыс бағдар беріп, тапсырманы тиянақты қадағалау, талап ету аясында ғана жүзеге асады.

Қазақ әдебиеті бойынша білікті маман болу дегеніміз, оның тарихы мен теориясын терең білу ғана емес, әр шығармаға, ондағы әр кейіпкер бейнесінің жасалу жолына, қаламгер шеберлігіне, әр образ арқылы көрінетін астарлы

ойларға, көркемдік құрылымына баға беріп, талдай білуі керек. Бұл орайда қазақ әдебиеті пәнінің өзіндік ерекшелігін, ұлттық менталитет пен эстетикалық талғам қалыптастыратын, ұрпақ бойына ұлттық әдет-ғұрып дағдысын сіңіруге ықпал ететін қасиетін ескеру ләзім. Яғни, пәнді оқыту барысында оның тәрбиелік мәнін сабақтастыра білу қажет. Сондықтан ғалымдар мен оқытушы-профессорлардың алдында Елбасымыз алдымызға қойған талаптарға сай білім беру мен ғылыми ізденістерді ұштастыра отырып жүзеге асыру міндеті тұр.

Аталған міндеттер ұстаз-ғалымдардың оқытудағы жаңа технология бойынша әдістемелік ізденістері мен ескі үлгіден арылған жаңа тұрпатты оқулықтар жазулары нәтижесінде ғана жүзеге асады. Ал оқулық жазуда ұлттық инновациялық менталитет қалыптастыратын ұстаным болғаны жөн. Осы ретте әлемдік стандарттарға сүйенумен қатар, өз топырағымызда дүниеге келген, ұлтымыздың ұғым-түсінігіне негізделіп жасалған қағидалар мен ой-тұжырымдарды басшылыққа алудың мәні зор. Бұған үлгі боларлық бағыт-бағдар ретінде ХХ ғасырдың алғашқы отыз жылы ішінде жарық көрген Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, т.б. да Алаш қайраткерлерінің ұлттық болмыс пен ұғымға негізделген оқулықтары мен оқыту бағытындағы ой-мақсаттарын атауға болады.

Алаш қайраткерлерінің оқулықтар жазу мен оқыту тәсілдерінде қазақ әдебиеті, қазақ тілі, қазақ тарихы пәндері ғана емес, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша жазылатын оқулықтардың өзін ұлттық наным-түсінік, тұрмыс-тіршілігіне негіздеп, теориялық анықтамалар мен жаттығу мысалдарын қазаққа тән өмір құбылыстарынан алып түсіндірудің үлгісі жатыр. Ұлылар қалдырған бұл өнегені бүгінгі жаһандану жағдайында жұтылып кетуден қорғау ұрпақ санасына ұлттық менталитет қалыптастыруға септігін тигізумен бірге, ұлттық болмысты инновациялық тұрғыдан дамытуға мүмкіндік туғызар еді. Бұл үрдіс өзге елдер жасаған игілікті көшіріп алып, стихиялық еліктеу арқылы даму емес, қайта ол әлемдік өркениетке өз үнімізбен, өзіндік ерекшелігімізбен үлес қосуға мұрындық болады деген сенімдеміз.

Мемлекет басшысы көтерген маңызды мәселенің тағы бірі – тілдің үш тұғырлығы. Яғни, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар меңгерудің қажеттілігі. Президент айтқан бұл үш тілді қатар меңгерудің негізгі мәні, рухани-идеялық негізі қазақ тілінде жазылған, ұлттық таным-түсінік шеңберінде жасалған рухани және ғылыми-техникалық құндылықтарды орыс және ағылшын тілдері арқылы әлемдік аренаға шығара отырып, оны ғаламдық қызмет аясында қолдану қажеттілігінен туындаған деп қабылдауымыз керек.

Президент білім беру мен ғылым салаларының сапасын арттыру туралы ойларын әр жылғы Жолдауларында үнемі жетілдіріп, жаңа межелерге жол сілтеп отыруы осы саланың қарыштап дамуына мүмкіндіктер туғызып келеді. Бұған мысал ретінде Елбасының биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауын алуға болады. «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі, бұл, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау, – деді Президент

Н.Ә.Назарбаев он міндеттің жетінші міндеті туралы. – Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор». Президент білім беру саласын әрі қарай дамытуға қатысты ауқымды алты мәселені атап өтеді. Олар: оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; педагогтар құрамының сапасын арттыру; біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру; жатақханалар желісін дамыту тетіктері арқылы білім берудің қолжетімділігін кеңейту; жастарға білім берумен қатар, оларды әлеуметтік бейімдеу үдерісінде пайдалана білуге де үйрету және оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту.

Жолдауда атап көрсетілген осы мәселелер еліміздің жоғары оқу орындарының алдына білім мен ғылым саласындағы тың өзгерістерді жүзеге асыруға жаңа міндеттер жүктейтіндігі анық. Сонымен бірге, қазіргі ғылым мен білім жүйесін дамытуға бағытталған реформаларды еліміздің барлық аймақтарында сапалы жүзеге асыруды талап етеді. Өйткені, Мемлекет басшысының биылғы жылғы Жолдауының басты ерекшеліктерінің бірі – өңірлерді дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Құжатта атап өтілген жатақхана мәселесін шешу студент жастармен қатар, көпшілік қауым тарапынан да үлкен қолдауға ие болды. Себебі, студенттердің басым көпшілігі ауылдық елді мекендерден келген жастар. Баспанасы, жатақханасы жоқ студенттер қинала жүріп, білім алып жүргенін көріп жүрміз. Егер студенттер жатақханамен толық қамтамасыз етілсе, олардың оқу үлгерімі де еселеп артар еді.

Президент Жолдауларынан туындаған ғылымды жан-жақты дамыту мақсатындағы аса игілікті іс-шараның бірі – Астана қаласында Түркі академиясының құрылуы болып табылады. Негізінен үйлестірушілік міндет арқалаған академия бүгінде зерттеу жұмыстарына дүние жүзіндегі белгілі түркологтарды тарту арқылы ғылыми ынтымақтасу үдерісінде «Әлемдік өркениетке түркілер не берді?» деген сауалға жауап іздеу бағытында ауқымды жұмыстар атқаруда және зерттеу шараларын жүргізуде.

Қорыта айтқанда, Президент Жолдаулары – жасампаздыққа бастайтын даңғыл жол, өркениетке жеткізетін айқын бағдар. Онда тұжырымдалған кешенді мәселелердің барлығы еліміздің болашақтағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуына бағытталған. Біздер – ғалымдар одан ешқашан да сырт қала алмаймыз. Өйткені, еліміз өсіп-өркендесе, білім мен ғылым да қанатын кеңге жайып, жан-жақты дами береді.

СОЗДАВАЛИ ВСЕМ МИРОМ

Валерий Могильницкий

Казахстанская правда, 6 июля 2012 г.

В прошлом году в Темиртау открыли историко-культурный центр имени Первого Президента.

Сейчас это мощное сооружение, расположенное на перекрестке главных проспектов города – Республики и Metallургов, издалика привлекает жителей и гостей своей уникальностью, оригинальными архитектурно-художественными формами.



Здание построено в виде небесной полусферы с круглым основанием. Оно возвышается на земляном холме на 16 метров, с ним может поспорить только монумент Metallургов Темиртау, который прекрасно дополняет общий фон нового комплекса.

У входа в историко-культурный центр я встретил однокурсника Нурсултана Абишевича Назарбаева по учебе в Карагандинском политехническом институте – Виктора Алексеевича Никонова. Он проработал в Темиртау на металлургическом комбинате 36 лет, а нынче преподает в Темиртауском индустриальном университете. И он мне рассказал, что ходил в историко-культурный центр не просто так «любопытства ради», а сдал в музей несколько экспонатов, связанных с жизнью и деятельностью молодого Назарбаева.

Дело в том, что Виктор Никонов во время учебы в институте жил с Нурсултаном в одном общежитии в Токаревке. Мало кто знает, что молодой Назарбаев увлекался игрой в шахматы и даже был чемпионом общежития по этому виду спорта. А шахматы тогда на всех были одни и принадлежали они Никонову. Вот эти шахматы Виктор Алексеевич решил сдать в музей. А вместе с ними и пожелтевший от времени номер «Комсомольской правды», в котором был опубликован снимок памятной встречи молодого металлурга Назарбаева с первым космонавтом СССР Юрием Гагариным на III Всемирном фестивале молодежи в Хельсинки, а также фото стройотряда студентов политехнического института, комиссаром которого был Нурсултан. Этот стройотряд отличился на возведении жилья в хозяйствах Карагандинской области. Только в совхозе «Балыктыкольский» ССО Назарбаева построил восемь жилых двухквартирных домов с сараями во дворах... Не тогда ли впервые в Назарбаеве проявились превосходные качества строителя-организатора? Позже знания и навыки по организации строительных работ на селе Нурсултану Абишевичугодились при

возведении доменных печей Казахстанской Магнитки и города Темиртау. А строительный опыт, накопленный в городе металлургов, приумноженный во сто крат, сделал его первоклассным зодчим Астаны – столицы нашей Родины.

– По-своему характеру и устремлениям Нурсултан Абишевич созидатель мирных масштабных дел, – говорил мне Виктор Алексеевич Никонов. – Когда я работал старшим термистом проката в ЛПЦ-3, в нашем цехе произошел пожар невиданной силы. Буквально за сорок минут огонь загубил несколько тысяч квадратных метров кровли, часть сгоревших металлоконструкций рухнула на оборудование, полностью было выведено из строя лудильное отделение. Выход белой жести по этой причине был прекращен. Многие руководители комбината тогда растерялись, даже генеральный директор Казахстанской Магнитки Александр Григорьевич Свичинский приуныл, не зная, что делать. Выручил Нурсултан Абишевич Назарбаев, его божий организаторский талант. В то время он был секретарем ЦК Компартии Казахстана, его появление в ЛПЦ-3 сразу вдохнуло новые силы в металлургов. В первый же день своего прибытия в Темиртау он создал штаб по ликвидации последствий пожара, поставив во главе его Александра Григорьевича.

Нурсултан Абишевич умел зажигать людей на большие дела, вести их за собой. Воспрянул духом и Свичинский, который дни и ночи находился в цехе, личным примером заряжал строителей. Буквально за две недели все завалы в пролетах были ликвидированы, и специальные службы приступили к ремонту пострадавшего оборудования. Всего за три месяца цех был восстановлен, начав выпуск жести. А зарубежные газеты прогнозировали, что на восстановление этого цеха уйдет три года!

Виктор Алексеевич сдал в музей исторические снимки, запечатлевшие пуск цеха белой жести после пожара, на которых изображены Н.А. Назарбаев, А.Г. Свичинский и рабочие, специалисты цеха...

В.А. Никонов считает, что судьба Казахстанской Магнитки всегда была тесно связана с именем Назарбаева. Особенно много Нурсултан Абишевич сделал для тружеников комбината, когда его избрали секретарем парткома Казахстанской Магнитки. Об этом периоде жизни первого Президента подробно повествуется в залах нового музея «Феномен личности» и «Стальной профиль Казахстана». Именно тогда благодаря его заботам об улучшении жизни металлургов в Темиртау появились новые жилые благоустроенные микрорайоны, детские сады и ясли, стадион на 15 тысяч мест, плавательный бассейн, проф-техучилища. На правом берегу Самаркандского водохранилища построили Дом отдыха, санаторий-профилакторий.

Когда Нурсултана Абишевича избрали Президентом Республики Казахстан, он не порвал с родным металлургическим комбинатом, той «заводской проходной», что в люди вывела его. В самые критические годы перехода на рыночные отношения он поддержал металлургический комбинат, дал ему второе дыхание, направив иностранный капитал на

поддержание Магнитки. Благодаря приходу в Темиртау иностранной фирмы «Испат Интернэйшнл» на комбинате увеличился выпуск стали, чугуна, проката. В зале «Стальной профиль Казахстана» музея в экспозициях отражены основные производства Карагандинского металлургического комбината, история его развития и сегодняшний день. Здесь в миниатюре представлена доменная печь, на которой трудился Президент, где можно увидеть, как он плавил металл, будучи горновым металлургического цеха.

Рассказывая с восхищением об экспонатах нового музея, ветеран Казахской Магнитки Виктор Алексеевич Никонов тепло отозвался об организаторах экспозиций – директоре Темиртауского историко-краеведческого музея Наталье Дмитриевне Скориковой и ее помощниках – научных сотрудниках. Они создали проект экспозиций нового музея и воплотили его в реальность, привлекая к этому важному делу большой круг энтузиастов, прежде всего ветеранов-металлургов, которые учились с Назарбаевым в Днепродзержинске в техническом училище № 8, в Карагандинском политехническом институте, заводе-втузе, трудились с ним бок о бок на Кармете. Большую помощь организаторам в создании экспозиций нового музея оказали однокурсники Назарбаева, его друзья-побратимы Алтынбек Асанов, Жаксылык Аскеев, Токтархан Искаков, Владимир Колбаса, Николай Назаров, Ермек Тулеубаев, Куаныш Омашев и другие.

В тот же день я позвонил Куанышу Омашеву, моему давнему знакомому, одному из героев моей книги «Наш Назарбаев». Он положительно отозвался об историко-культурном центре, особенно его музее, а затем сказал:

– Можно написать, что новый музей создавали всем миром жители Темиртау, каждый из нас внес определенную лепту в его создание. Я, например, сдал фото из семейного альбома, где мы засняты вместе с Президентом, учебники по доменному производству, начертательной геометрии, которые использовали во время учебы в вузе. Сейчас все они представлены в новом музее...

Наверное, самая большая ценность нового музея как раз в том, что в нем много свежих материалов, о которых мы прежде не знали. И в этом организаторам помогали не только жители Темиртау, но и других городов республики и СНГ. Директор Днепродзержинского историко-краеведческого музея Наталья Николаевна Буланова прислала 16 фотографий, документы об учебе Назарбаева в Украине в техническом училище № 8, его работе во время первой производственной практики на металлургическом заводе Днепродзержинска. Теперь в новом музее можно увидеть оригинальные документы об учебе Нурсултана Назарбаева в Днепродзержинске, его автобиографию, характеристики на него, табели успеваемости и так далее. Судя по этим документам, Назарбаев учился отлично! Об этом красноречиво говорит и свидетельство на его имя о завершении учебы в училище.

Большой дополнительный свет на многие страницы жизни Назарбаева проливают книги из библиотеки главы государства. Они появились в

историко-культурном центре Темиртау по инициативе самого Президента. Всего из Астаны прислали 114 книг, среди них немало новинок. Большой интерес у посетителей центра вызвали книги начальника Канцелярии Президента РК, доктора политических наук, профессора Махмуда Касымбекова «Первый», «Лидер и независимость», советника Президента РК Ермухамета Ертусбаева «Казахстан и Назарбаев: логика перемен» и другие. Но прежде всего читатели заказывают, конечно же, книги самого Нурсултана Абишевича Назарбаева «Стальной профиль Казахстана», «Без правых и левых», «На пороге XXI века», «В сердце Евразии», «В потоке истории», «Казахстанский путь», его выступления разных лет. Труды Назарбаева полно и содержательно раскрывают пути развития и становления Независимого Казахстана, ведь автор книг – гениальный творец истории новой республики.

Надо отметить, что историко-культурный центр им. Первого Президента не ограничивает свою работу музеем и библиотекой. В него также входит кинолекционный зал на 137 мест, который предназначен для проведения лекториев, концертов народного, классического, оперного, симфонического жанров. С большим успехом здесь, например, прошел просмотр кинофильма «Небо моего детства» о детских годах Нурсултана Назарбаева. На первом этаже здания расположился конференц-зал на 80 мест, который оснащен проекционным оборудованием, аудиоблоками.

Один из залов музея историко-культурного центра называется «Казахстанский путь». Этот путь был для нас не всегда ровным и гладким.

Но люди поверили своему Президенту, в прошлом металлургу, умеющему не только сталь варить, но и управлять огромным кораблем, имя которому Казахстан. Не зря на стенах музея высечены пророческие слова Нурсултана Назарбаева: «Желаю вам любить Родину и заботиться о ней. Беречь нашу страну, помогать друг другу и держаться всем вместе, и тогда любые испытания и преграды будут пройдены и преодолены с достоинством».

Историко-культурный центр имени Первого Президента уже посетили тысячи граждан. А сотни из них нашли здесь «постоянную прописку», участвуя в работе многочисленных кружков, полиграфических лабораторий, реставрационных мастерских, фондохранилища, расположенных в цокольном этаже.

Хотелось бы отметить многочисленные «ноу-хау», которые были применены при сооружении Центра. Так, в справке, выданной мне директором Темиртауского городского историко-краеведческого музея Натальей Дмитриевной Скориковой, отмечается, что здание музея выполнено в современном монолитном железобетонном каркасе и перекрыто куполом с несущими элементами из металлических конструкций. Кровля здания – из нержавеющей, цветного стального листа. Окна и витражи – алюминиевые, энергосберегающие, с электронной системой открывания.

Здание музея обеспечено беспроводным интернетом, позволяющим подключить библиотеку к единому сайту библиотек страны, получать электронные услуги.

В музее действуют электронные информационные киоски-стойки, с экранами Touch Screen. С их помощью можно получить развернутую информацию по экспонатам музея, дополнительный фотодокументальный и видеоматериал по экспозиции.

Для изображения карты Республики Казахстан используется видеостена, состоящая из бесшовных жидкокристаллических дисплеев. В музее создан индивидуальный видео путеводитель на базе сенсорного планшета со специально разработанным программным обеспечением.

Все эти новшества, применяемые в историко-культурном центре, позволяют считать его лучшим в стране. Во всяком случае так считают металлурги-побратимы, не жалея красочных эпитетов при упоминании центра. Они надеются, что с его помощью в городе, да и во всем Центральном Казахстане, поднимется уровень патриотического и гражданского воспитания людей нового поколения, ведь в нем содержательно, интересно, емко рассказывается о нашем Президенте, его растущем авторитете в Казахстане и за рубежом, казахстанском пути развития нашего общества и государства.



ЕЛДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ЕРЛІК

Сәбит Оразбаев,
Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты

Егемен Қазақстан, 6 шілде 2012 ж.

Нұрсұлтан Әбішұлымен таныс-біліс болып, араласқанымызға қырық жылдай уақыт өтіпті. Нұрекеңнің Президент болатынын қайдан білейін, алғаш көргенде тек көзінің жанып тұрған өткірлігіне назар аударғам. Жүзі тұнған мейірім болатын. Өнерді жақсы көреді екен. Біздің теледидардағы «Қымызхана» театрымыздың дүрілдеп тұрған кезі. Сонда Шөңгебай болып ойнаймын. Алматыда бір азаматтың үйінде мәжілістес болып, әңгіме-дүкен құрдық. Бұрынғы ата-бабадан қалған толғауларды ел білсін деген ниетпен «Халық қазынасы» дейтін хабарды бір жыл жүргізгенім бар еді. Соның бәрін Нұрекең біледі екен. Өзінің де дауысы керемет жақсы, өлең айтады екен. Маған Төле бидің толғауын айтыңыз деп қолқа салды.

Бұл қазақтың баласы
Тегінде нені көрмеген?
Нешеме жайсаң данасы
Шешен де болып сөйлеген,
Көсем де болған ойменен.
Бірақ соның бәрі де
Ыдырап жатқан қазақтың
Қоса алмады бастарын.
Мен боламын дегендер
Ақтамады сенімді.
Көкірек қаққан хандарым
Лауазымға таласып
Быт-шыт қылды елімді.
Алауыз болып ағайын
Аз дұшпаннан жеңіліп,
Қайыстырды белімді, – деп безілдеген толғау ол кісіге қатты ұнады.

Бұдан соң домбыраны Нұрсұлтанның өзі алып, өлең айтты. Қазақтың халық әндері. Қыза-қыза келіп итальян әндеріне түсті. Диапазоны кең екен. Шүйіркелесіп сөйлесіп, бір-бірімізге жақсылық тілеп тарағанбыз. Болашақ Президентімізбен таныстық осылай басталған еді.

Осыдан бір айдан кейін біздің театр гастрольмен Қарағандыға келді. Онда мен Тахауи Ахтановтың драмасында Әбілқайыр ханның рөлін ойнаймын. Қарағанды – атақты актеріміз Мүлік Сүртібаевтың елі. Өзінің

өтініші бойынша барғанбыз. Бірінші, екінші күндері халық жақсы келді де, сосын саябырлап қалды. Сосын бәріміз: «Ау, елің-жұртың, ағайын-туысың, атқа мінген азаматтарың қайда?» деп Мүлікке қалжың айттық. Ол да шырылдағанмен, не істей қойсын? Менің сары тіс курстасым, режиссер Райымбек Сейтметов қара терге түсіп қиналды. Өнерге қамқоршы Евней Букетов дейтін ректор қалада жоқ көрінеді. Содан мен Нұрсұлтанға барайық дедім. Обкомның өнеркәсіп жөніндегі хатшысы болып Теміртаудан жаңа келіп жатқан кезі екен. Өзінің айтқаны бар: «Арқаға келсеңіз, хабарласыңыз», деп. Сыпайылық үшін айтқан сөзі шығар деп, бір жағынан, салмақ салуға ыңғайсызданатын да сияқтымын.

Сонымен, бардық, қабылдады. Ойпырмай, сондай бір жағдайымызды жақсартып жіберді. Мән-жайды білгесін бір сәттің ішінде кен-өндіріс орындарының директорларына телефон соғып, бүкіл шахтерлерді аяғынан тік көтерді. Қазақ басшыларына біздің көзімізше: «Мына Әуезов атындағы қазақтың қара шаңырақ театрын білесіңдер ме? Онда осындай-осындай, Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов, Серке Қожамқұлов сияқты құдіретті кісілер қызмет жасайды. Мұхтар Әуезов атындағы театр Қарағандыға келіп отыр. Соған неге бармайсыңдар сендер? Шахтерлерді неге апармайсыңдар?» деп сол жерде әрқайсысына тапсырманы бөліп-бөліп берді. Мәселемізді табан астынан шешіп тастады. Біз таба алмаған Евнейге де телефон соқты. Сөйтіп, студенттерін ертіп университет ректоры Евней де келді. Театрымыз көрерменге лық толып, аузы-мұрнына сыймай кетті. Бір уақытта Нүрекеңнің өзі келді спектакльге. Әбілқайыр туралы «Ант» спектаклін қойып жатқанбыз. Келмесе де риза едік. Төбемізді көкке жеткізді. Ойыннан кейін жинап, артистердің бәрін құттықтады, бәрімен шүйіркелесіп сөйлесіп, танысты, спектакль жөнінде пікірін айтты. Сонда байқағаным, обкомның жас хатшысының қазақ тарихынан да хабары мол екен. Ол кезде Әбілқайыр туралы мүлде аз білетін кезіміз.

Осы спектакльге келгенде Нүрекең Әбілқайыр туралы да, сол заманның жай-күйі жөнінде де өте жақсы сөздер айтты. Жалпы, бабаларымыздың, хандарымыздың арқасында осыншама ұлан-ғайыр жерді алып қалғанбыз, деді. Батыста – Әбілқайыр, орталық Арқада – Абылай хан дей келе, сол жаугершілік жорықтар заманындағы неше түрлі батырлардың аттарын айтты. Қайран қалдық. 70-ші жылдардың орта шамасы. Ол кезде бұлар айтатын нәрсе емес. Айтуға болмайды. Сондай кезеңдер еді ғой. Осындай жайлардан Нүрекеңнің тереңдігін, батылдығын байқап жүрдім.

Біршама уақыттан кейін, уа, не дейсің, баяғы бізді қарсы алатын Назарбаев Алматыға Орталық комитеттің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы болып келіпті деп естідім. Жұрттың бәрі барып құттықтап жатыр. Мен бара алмадым. Құп көріп қуансам да, бас салып барып құттықтауды ыңғайсыз көрген болуым керек. Сөйтсе Нүрекең өзі: «Мен телевизордан театрды күнде көріп отырамын. Анау Сәбит ағамыз қайда, Оразбаев?» деп сұрайды дейді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Алматыға келгесін Жамбыл мен Мұқан Төлебаев көшелерінің қиылысындағы үйге кіріп, бізбен көрші тұрды. Пәтері үйдің үшінші қабатында, қыздары бар, Сара Алпысқызы бар. Ерулікке шақырдық.

Ректор Өмірбек Жолдасбековті қостық. Өмекеңнің де КазГУ-ды бір шыбықпен айдап дүрілдеп тұрған кезі. Анау-мынау адамды алымсына қоюы қиын. Мырзатай Жолдасбековті де қосқам, ол Нұрсұлтан Қаскелеңде мектепте оқып жүргенінде көрген, содан бері таныс екен. Сонда бір таңғалғаным, Өмекең айтты: «Украинада Патон деген Ғылым академиясының президенті бар. Алдағы аптада Москваға кетем. Сонда бір досым академик болуға дауысқа түседі. Барлығы дұрыс, тек сол Патон ғана көнбей жатыр», деді. Сол арада Нұрсұлтан Әбішұлы: «Мен қазір ол кісіге телефон соғайын», деді. Өмекең сеніңкіремей: «Ол кісіні білуші ме едің?» деп сұрады. Нүрекең: «Е, қазір сөйлесіп көрейін», деді де, сол сәтінде-ақ телефон соқты. Ар жақтағы академик Патонның даусы естіліп жатыр. «Ну, Нұрсұлтан Абишевич, дорогой мой, как дела?» деп аңқылдап сөйлесті де кетті. Одақтағы ең атақты академиктердің бірі. Өмекең Мәскеудегі академияға өтпекші орыс досының фамилиясын бір жапырақ қағазға жазып, қолына ұстата қойды. Нұрсұлтан Әбішұлы Патонға байыппен сөйлеп: «Біздің Мәскеуде бір досымыз бар еді. Жұма күні сайлау болады екен, сіздің соған көзқарасыңыз қалай?» деп еді, «Надо подумать, ну, если ты просишь, я буду голосовать за него», деп бір-ақ қайырды. Сөйтіп, үлкен шаруаны әлгі жерде Нұрсұлтан Әбішұлы дем арасында бітіріп берді. Содан Өмекеңнің Нұрсұлтанға деген көзқарасы, құрметі дүр сілкініп шыға келді. «Ой, айналайын, естіп едім бұрын да, біліп едім осындай екеніңді, құтты болсын қызметің», деп батыр адам Нүрекеңнің алдында шыр-пыры шығып, бәйек болды да қалды.

Нұрсұлтан Әбішұлы кейін Министрлер Кеңесінің төрағасы болды, оның ар жағындағы қызметі баршаға мәлім.

Боданнан құтыламыз ба деп үміттеніп, әрекет жасап, заңын шығарып, зиялылардың басын қосып, біреуі көніп, біреуі көнбей, сонымен егемендігімізді алдық. Алғаннан кейін де өз ағайындарымыздың арасында да ел болып кете аламыз ба деген күдік шықты. Не болар екен деген күмән көлденеңдей берді. «Назарбаев мәселені қалай шешер екен?» деп сырттан сынап қараушылар да болды. Осы арада Нұрсұлтан Әбішұлы барша түйінді сарабал саясатымен, кемеңгер ақылымен өте тамаша шешті. Өзбектер керекті мамандарды ғана алып қалып, орыстардың бәрін сыртқа жіберді. Түркімендер де солай қылды. Ал біздегі жағдай, ұлттардың арасалмағы басқаша болатын. Бұрынғы қиямет-қайымдарды білеміз. Арамыздан ши шықса, тағы да бітіспес дау-дамай болып кетуі мүмкін. Өткенде Астананың әкімі Иманғали Тасмағамбетов жақсы айтты. «Еділ тұрмақ, Есілден де айырылып қала жаздадық қой», деді. Сол кездегі ахуалды өте дәл сипаттаған. Елбасы даналығы сонда, біріншіден, елімізді мекендейтін адамдардың барлығына сендер осы жерде тудыңдар, осы жерде өстіңдер, ендеше, сендердің барлықтарыңызға біз бірдей қараймыз деп шын жүректен шыққан сөзіне шынайы сендіре білді. Саясатымыз жақсы болғаннан кейін елдің көңілі жайланып, мамыражай бейбіт өмірге ыңғайлана берді. Осыны бір орнына келтіргеннен кейін қазақ халқының абыройын көтеру жолында бұрынғы тарихта болмаған мақсат-мүдделерді жүзеге асыруға кірісті.

Сондағы ұстанған бір темірқазық нысанасы – тыныштық, достық, бейбітшілік. Қай заманда болмасын достық жүрген жерде бейбітшілік болады. Ал бейбітшілік жүрген жерде өмір гүлденеді, қоғам өркендейді, адам баласы өсіп-өнеді. Осының бәрі адамның бақытына, халықтың бақуаттылығына негіз болып қаланады. Нұрсұлтан Әбішұлы дәл осы жағынан өте ақылды шаруалар жасады. Халқымыздың тату-тәтті тұруына барлық мүмкіндіктерді туғызды. Екінші бір бітірген үлкен шаруасы – шекарамызды бекітуі. Елдіктің биігіне жетіп, шекарамызды заңдастырып, бұған бәріміздің де, басқалардың да көңілін сендіріп, көздерін жеткізіп, зерделеріне құйып, көршілес Қытай жағымызды да, Ресей жағымызды да, оңтүстігімізді де әр сүйеміне дейін әбден нақтылап бекітіп берді.

Осылай еткен Нұрсұлтанға елі, халқы қалай риза болмас. Бұқар жыраудың Абылайға айтқанындай толғасақ, шекараны шегендеу арқылы халқына қайғысыз ұйқы сыйлап отыр ғой. Нұрекеңнің мінезі де жақсы-ақ, адами қасиеті де асыл. Өзі өте қарапайым бола тұра, өте данышпан адам. Бір кереметі, жады өте мықты. Атақты Авиценна, яғни біздіңше Әбуғали ибн Сина он жасында Құран Кәрімді бір оқығанда жаттап алған көрінеді. Сол сияқты Нұрсұлтан Әбішұлының жады да дүниедегі ең ұлы жадтардың қатарына жатады дер едім. Онысына өзім куә болған кездерім де бар. Еш нәрсені ұмытпайды. Әр кездегі достарын да есте сақтайды. Достыққа мықты, жолдастыққа адал. Сонан кейін ол студент кезінде, комсомол кезінде талай басқа халықтардың талантты азаматтарымен танысқан. Кейін олар да өсті. Бұл жайдың да біздің жалпы пайдамызға шешілгенін көріп отырмыз. Ресми жағдайлары бір бөлек, Нұрекең гольфта, серуенде, бейресми басқосуларда жүріп-ақ талай проблемаларды орнына келтіргенін білеміз. Қилы мінезді Ельциннің өзі де Байқоңыр мәселесінде келісе алмай жүргенде ақыры: «Ну, ладно, Нурсултан, раз ты просишь, я не могу отказать. Я тебя люблю. Пусть будет по-твоему» деп біздің Нұрекеңнің жақсы қасиеттеріне бас иген. Сөйтіп, үлкен дау-дамайдың мәселесін шешіп алатын болған ғой.

Америкамен дос болу, Құрама Штаттармен тіл табысу – дүние жүзіндегі халықтардың барлығының арманы. Ал олар өз құны мен қуат-құдіретін біледі, құр сөзге көнбейді. Олармен достасу үшін сенің де солармен теңдес қасиетің болуы керек. Олар қазына байлығыңмен бірге ақыл-парасатыңа, пайым тереңдігіне де қарайды, елдігіңнің өресін бағамдай-ды. Сол елдің бет-бейнесіндей сөзін ұстаған, сертіне берік, саясаты сарабдал серке азаматтары болуы керек. Осының бәрін олар қазақтың аймаңдай перзенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасынан тапты.

Елбасы тәуелсіздіктің жиырма жылында Қытайға да бірнеше рет сапарлап, екі арада жақсы қарым-қатынас орнатты. Бәзбіреулер осының өзін әр саққа жүгіртіп, пыш-пыш әңгіме қылып, өсек жүгіртеді. «Қазақ десен, өзіңе тиеді» дегендей, ел бағына туған ерді жел-күнге тигізбей қалтқысыз қолдаудың орнына осындай бір жаман әдеттен әлі күнге арыла алмай жүруіміз өкінішті-ақ. Ал Қытаймен тіл табысу деген ежелден аса қиямет, қиынның қиыны. Ресей осы кезге дейін бұлармен тоңтерістеу еді. Артынан араағайындық дәнекерлікке салып жүріп осы Нұрсұлтан Әбішұлы арқылы

Қытаймен аралары жақсы болып кетті. Құдай берген бір жүзінен нұр төгілген көпшілдік қасиеті сол, қай жерге барса да бұрыннан білетіндей, бұрыннан араласып-құраласып жүргендей қытықсыз жұғысып кетеді. Ал басқа елдің патшалары болса, қауымға еркін ендеп кіре алмай қалатынын байқаймыз. Мен тіпті қағаздан оқығанда қолы қалтырап тұрған біреуін көргенім бар.

Бұрынғы бабаларымыз ең алыс нәрсе білім мен надандықтың арасы деген екен. Мамандығына келер болсақ, Нұрсұлтан Әбішұлының өзі металлург. Оған қоса қазір экономист, саясаткер. Оның сыртында өзі әнші. Өнерді жан-тәнімен, тереңнен сезініп сүйеді. Жасырақ кезіндегі Нұрсұлтанға Димаш Ахметұлы бір сөздің ретінде қойды таңертеңнен бастап күн шыққанға дейін қалай жаюдың ретін тәптіштеп түсіндіріпті. Одан берідегі жылдарда Одақтағы ең жас Министрлер Кеңесінің төрағасы болған, одан соң бүкіл Қазақстанның тізгінін өз қолына алған Нұрсұлтан Әбішұлы ауылдың жайын, мал шаруашылығы мен егіншіліктің барлық мәселелерін жіпке тізіп айтқанда, осы саладағы ұлан-ғайыр біліміне де таңғаласыз. Осыдан үш жыл бұрын Шымкенттегі Ақдала дейтін жерде Қайрат Тәжітаев дейтін жас маман шаңы шығып жатқан жерге қызанақ егіп, көз қызығарлықтай керемет мол өнім алды. Жаңа жабдықтар мен технологиялар пайдаланды. Алма, өрік, басқа жемістер екті. Әлгі жерді жайнатып жіберді. Сондағы жас баланың жетістігіне Елбасының қуанғанын айтсаңыз! Ұшақпен арнайы келіп, үсті-басым шаң болады демей, көкөніс алқабын армансыз кешіп аралады, дейді. Көріп, қолымен ұстап, сондай шаттаныпты. Содан комбайнның үстіне шығып, «Жүргізіңдер комбайнды!» депті. Қазақтың жас жігітінің жетістігін республика көлеміне таратып жаю үшін Нұрекең Ақдаладағы сияқты жұмыс істеу керек деп үнемі айтып жүрді. Өзгелер үшін риясыз қуана білу де адамдық қасиеттің асылы ғой. Қазір Қайрат Алматы облысын гүлдендіріп жүр.

Мемлекет ісінде майда нәрсе жоқ. Ал енді руханият саласына келгенде «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы қаншама шаң басып жатқан жәдігер шығармаларымызды жарыққа шығарды. Ол үшін қаншама қыруар қаржы бөлді. Өмірде түсімізге кірмеген қатпарлы тарихымызды, небір қайраткер, абыз ғұламаларымызды қазір дендеп танып жатырмыз. Кеңес өкіметі кезінде сендердің әдебиеттерің Бұқар жыраудан басталады деп қанымызды қайнатты ғой. Ар жағынан дәметпендер, деді. Сол ар жағындағы сақтар заманындағы біздің тарихымызды құрту үшін ғана нешеме том қарсы кітап жазылды. Осы құрдымға кеткен тарихымызды да Елбасының арқасында аршып алдық.

Нұрсұлтан Әбішұлы біздің Мұхтар Әуезов атындағы академиялық театрымызға бірнеше рет келді, бір келгенінде «Абылай ханның ақырғы күндері» спектаклін көрді. Қауыммен әңгімелесіп, жағдайымызды сұрап, нарықтың ең қиын кездерінде мемлекеттік қамқорлыққа алды, қаржы бөлгізіп, пәтер бергізді. Әуелі Әуезов атындағы қара шаңырақ ордадан бастайын деп, содан кейін басқа барлық театрлардың жағдайын жасады.

Ол кісінің көрегендігі мына «Болашақ» бағдарламасынан да байқалады. Біреулер: «Ой, өңкей сарыауыз балапандарды алып келді, жас балалар не бітіреді?» деп те сөз қылды. Ал зер салып, мән беріп қарап тұрсаң, оларды жас деуге болмайды.

Орда бұзар отыз бен қамал алар қырықтың аралығында. Біразы министрлік қызметті дөңгелетіп әкетті. Біздің болашағымыз үшін білімді де білікті кадрлардың керектігіне байланысты қаншама қаржы бөліп, балаларды оқытты. Қазір солардың алдыңғы лектері келді. Құдайға шүкір, барлығы да жұмысқа орналасып, жемісін бере бастады. «Балауса ексең байисың, тікенек ексең құрисың» деген мәтелдің мәнін Елбасымыз осылай ұғындырды.

Ақын Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» деген жақсы поэма жазды. Мырзатай Жолдасбековтің ұйытқылығымен Президенттің мәдени орталығында осы дастанды сахналап едік. Қойылымды көруге Нұрсұлтан Әбішұлы келді.

Қазағым, жеттің күткен арманыңа,
Қарашы, көз жіберіп жан-жағыңа.
Мінеки, он жыл толды көшті бастап,
Нұраған Астананы салғанына.
Тарихтың артқа тастап азап күнін,
Іргелі елге айналдың, қазақ, бүгін.
Ақ орда, Бәйтерегі асқақтаған,
Астана – мәңгі-бақи азаттығың!»

Шын мәнінде Астананың қандай ғажап қала болғандығын көрген жұрттың, мұнда қадам басқан құтты қонақтардың бәрі біледі. Адамның қиялына сыймайтын нәрсе. Осы жақында ғана «Жаңа әлемдегі еуразиялық мәдениет» деген халықаралық форумға барсам, құдай-ау, көрмегеніме біраз уақыт болып еді, нендей ғимараттар салынған, көркіне көз сүрініп, көңіл сүйінгендей. Опера театры жаңадан салынып жатыр екен. Жастар театры ашылып жатыр. Астанамыз өнер мен мәдениеттің ғажайып жаңа ордасына айналғандай. Осыған жайлап-жайлап, бірте-бірте, байыпты саясатпен келдік. Сонда да болса елордамыз жылдам салынып, өте тез өсіп, жедел көркейіп жатқан қала.

Бар еді үш арманым депті Абылай:
«Әттең-ай, дегеніме жетпедім-ай.
Үш жүздің басын қосып, қала салып,
Ел қылып өз алдына кетпедім-ай?!»

Абылайдың осы арманын Елбасы орындады. Орындағанда жақсылап, Абылайдың ойындағыдан әлдеқайда асырып орындады. Мықты мемлекет болдық. Экономикамызда, саясатымызда, ішкі қарым-қатынасымызда, көптеген басқа салаларда айтары жоқ табыстарға жеттік. Ата-бабамыз мінбеген жүйрік мәшинені, күн сәулесі сүйген күміс қанат ұшақтарды бүгінгі қазақ мінді. Жалпы, кім не десе о десін, мен айтар едім, біздің тарихымызда Нұрсұлтандай адам болған емес. Бұрынғы тарихта мұндай болып па еді, бұрынғы қазақ мұндайды көріп пе еді? Бүгінде дүниежүзілік қоғамдастықта Назарбаев аты Қазақстанның баламасындай болып, Нұрсұлтан есімі Астананың егізіндей жарастық табуы халқымыздың, еліміздің алдағы көрер барша жақсылықтарының бастауындай болып елестейді маған. Елдік жолында ерлік жасаған Елбасы еңбегінің қызығын халқы көрсін. Лайым, құдайым ұзағынан сүйіндірсін деп тілейік!

ҮЗЕҢГІ ДОС

Сәдуақас Есімбай,
Егемен Қазақстан, 6 шілде 2012 ж.

Қамшының сабындай ғана адам өміріндегі шыбық мініп, балапан қуған балалық шақтың, одан кейінгі мектеп қабырғасындағы бозбала кездегі сыныптастардың, есейіп ержеткен студенттік дәуреннің әрқайсысының жөні де, жолы да бөлек. Әсіресе, періштедей пәк алаңсыз оқушы кездерді айтсаңызшы. Ол кездері тұлымы желкілдеген ойын баласының өмірге, адамдарға деген кіршіксіз көзқарасы, ойлауы, киім киісі, жүріс-тұрысы, тіпті отырып алып қиялданатын армандары да ұқсас болады. Бала күнгі достың өмірде кездесетін өзге дос-жараннан ыстығырақ көрінері содан да шығар. Ондай дос әркімде бар. Мәселен, Президент Назарбаев та сол өмір заңдылығын басынан кешіп, есею, ержету шақтарын өзінің тұрғыластарымен бірге өткізді. Сондай жанның бірі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен он жыл бірге оқыған сыныптасы – Сәдуақас Есімбай.



– Сәдуақас аға, бәріміз де мектеп табалдырығын аттап, мұғалімнің алдын көріп, оқушы болдық қой. Бүгінде он жыл бірге оқыған сыныптастарымызды көрсек, тәтті қиялға беріліп, балалық шағымызға саяхат жасап, мәре-сәре болып жатамыз. Бірақ, Мемлекет басшысымен он жыл бірге оқу әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін белгілі. Осы ретте Президент Нұрсұлтан Әбішұлының қандай оқушы, қандай сыныптас болғаны бәрімізді қызықтырады. Балалық шақ ертегісіне шегініс жасап көрсеңіз...

– Рас, айтасыз. Жалғыз мен ғана емес, Шамалғандағы, одан кейін Қаскелеңдегі Абай атындағы орта мектепті 1958 жылы бітірген түлектері, балалық шағымызды, бозбалалық дәуренімізді тәуелсіз елдің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен байланыстырғаны үшін тағдырымызға дән ризамыз. Әңгімені ретімен бастайын. Біздер 1947-1948 оқу жылында Шамалғандағы Фурманов атындағы сабақтар орыс, қазақ тілдерінде жүретін аралас орта мектептің табалдырығын Нұрсұлтанмен бірге аттадық. Маған қарағанда бойы сұңғақтау, өткір көзді, аққұба келген, үстіндегі киімдері өзіне

өлшеп тіккендей жарасып тұрған баламен бірге отырдым. Таныстық, есімі Нұрсұлтан екен. Алғашқы жылдары әке-шешесі тауда тұрды. Бір-екі жылдан кейін Шамалғанға көшіп келді. Көрші болдық.

Ол уақытта қазіргідей емес, бес-он баланың басы құралса, бір сынып деп оқи беретінбіз. Отан соғысы жылдарының зардабы және партияның талабымен ауылдың зиялы азаматтары балаларын орыс мектебіне бергендіктен, қазақ сыныбында алты-жеті бала ғана оқыдық. Бұл күн сайын барлық пәннен сабаққа дайындалып баруға міндеттейтін. Ал күнде барлық пәннен баға алуымыз бәрімізді тұрақтылыққа, бейімділікке үйретті.

Шамалғанда көптеген ұлттардың өкілдері тұрды. Солардың балаларымен араласып-құраласып қатар өстік. Таудан сарқырай құлаған өзеннің сұп-суық суына түсуші едік. Соның бойында мал жайдық. Балалық-ай десеңші, азаннан кешке дейін ойынға тоймайтынбыз. Қыста сол өзенде коньки немесе жотаға шығып шаңғы тебетінбіз. Үй шаруасынан да қалмайтынбыз, көкөніс көшеттерін отырғызып, оларды суарып, шөбін жұлып, күзде жиын-терімге қатысамыз. Сұлтан және Қадырғали Байбек үшеуіміздің бірінші сыныптан бастап мектепті бітіргенге дейін жұбымыз жазылған жоқ.

– «Бір әріпті үйреткен де, он әріпті үйреткен де ұстаз» деген. Алғашқы мұғалімі жайлы Елбасы қашанда жақсы лебіз білдіріп отырады. Жақсы ұстаз да ана сияқты ақ тілеулі болады емес пе?

– Бізді біріншіден төртінші сыныпқа дейін барлық пәннен сабақ беріп, қолымызға алғаш қалам ұстатқан ұстазымыз, аса қадірлі мұғаліміміз Тәкура (Тәкку) Алғадайқызы Ысмайылова (1922-1990) еді. Міне, сол алғашқы ұстазымыз біз сияқты жүздеген қара домалақ балғындарды тәрбиелеп, қанаттандырып, өз қолымен мектептен түлетіп ұшырды. Мектеп бітіргеннен кейін де шәкірттерінің өмір жолын қадағалап, ылғи да сұрастырып отыратын. Сондай кездесудің бірінде маған Сұлтанды мақтап: «Сұлтан шәкіртімнің мектеп қабырғасында мені таңғалдырғаны – оның ұстазға деген соншалықты ықыласты ілтипаты, оқуға деген жауаптылығы, одан кейін бойындағы бекзаттылығы, жан дүниесінің жарқындылығы, мейірбандылығы. Оның ойлау қабілеті, сөйлеу мәнері, ақыл-ойы жасына лайық еместі. Алғыр, есте сақтау қабілеті мықты еді. Әне, көрдіңдер ме, қандай қызмет атқарып жүргенін!» – деуші еді жарықтық апай еңбегінің жемісіне масаттанып.

«Мектеп – білім ордасы, ұстаз – мектеп тұлғасы» - дейді халық даналығы. Мектептегі алғашқы ұстазымызға деген біздің сүйіспеншілігіміздің айғағы – біз біліммен қоса жақсы тәлім-тәрбие алдық. Хат танымайтын балалар, ұстаздың айтқанын Пайғамбардың хадистеріндей сезіндік. «Екілікке жылап, жасынды төккенше – бестікке терінді төк», «Білім алмай – болдым деме, еңбек етпей – толдым деме» деген қағидаларды ғұмыр бойына ұстанған ұлағатты ұстазымыздың өмірімізге берген тәлімгерлігі де, даналығы да шексіз еді-ау. Сондықтан да біз алғашқы ұстазымызды еш уақытта ұмытпаймыз.



1990 жылы Тәкура Алғадайқызы қайтыс болғанда, Сұлтанның апайдың қызы Қарлығашқа: «Үлкен ұстаз, мейірбан ана, кең пейілді, парасатты азамат, көпшілік құрметтісі Тәкеңнің күтпеген жерден келген қазасы бәрімізді қатты күйзелтіп, тебірентіп кетті. Қайғы-мұңдарыңызға ортақпыз! Қадірлі ұстазымыздың ел азаматтарын тәрбиелеп өсірудегі өлшеусіз еңбегі ешқашанда ұмытылмайды. Ол кісінің асыл қасиеттері, жарқын бейнесі біздің жүрегімізде әрдайым сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!» деген көңіл айтқан жеделхат жолдауы шәкірттің ұстазға деген таза махаббатының айғағы болса керек.

– Сәдуақас аға, Президенттің отбасымен жиырма жылдай құдайы көрші болған екенсіз. Жақсы көрші алыстағы ағайын-туғаныңнан да жақын деп жатады...

– Оныңыз рас, Әбіш аға мені бір көргеннен бауырына тартып, соғыстан келмеген әкемді есіне алып, менімен ересек адамдай сөйлесетін. Ол кезде

мен де батырсынып, қысылмай-ұялмай ол кісіге көп әңгіме айтушы едім. Әбіш әкеміз сөзімді бөлмей, түгел тыңдап, дұрысын дұрыс деп, қателігін көзге айтатын. Оның үстіне бос әңгімені ұнатпайтынын білгендіктен, әдетте мен келе сала ағаның (мен де «аға» дейтінмін) істеп жатқан жұмысына көмектесіп, ұзақ әңгіме-дүкен құратынбыз. Әңгімелері өте қызық әрі ұзақ болушы еді. Әбіш әкемізбен жиырма жылдай көрші болғанда, екі қолын алдына салып отырғанын көрмеппін. Үйінде болсын, бау-бақшасында болсын, әрқашанда қимыл-тіршілік үстінде жүретін. Қыстың күні радиоқабылдағышты қосып қойып, әйтеуір бір пайдалы іспен айналысатын. Сұлтанды еңбекке жас кезінен баулыған әкесі еді. Сол кісіден еңбексүйгіштікті, табандылықты, өткірлікті, шындықты үйреніп, тәлім-тәрбие алды десем, қателесе қоймаспын.

Сұлтанды алғаш мектепке жетектеп әкелген анасы – Әлжан шешеміз еді. Колхоз жұмысынан, үй шаруасынан қолы босай бермесе де, бастауыш сыныптарға жиі келіп, оқу жайын, үлгерімін, тәртібін үнемі қадағалап, сұрап-біліп тұратын. Баласы сабақтан келгеннен кейін тамағын беріп, біраз демалдырып, тапсырмаларын орындауына 2-3 сағат уақытын бөлетін. Ол кезде аулаға ешкімді кіргізбейтін. Анда-санда мен келіп қалсам, Сұлтанды ойынға жібермей, «үйде жоқ» деп, сырттан шығарып салатын. Көршілер немесе басқа да адамдар келсе, де оларға ақырын сөйлеткізіп, шаруаларын аулада бітіретін.

Бір күні бақшаның ішімен ақырын басып үйіне кірсем, Сұлтан айнаға қарап, үйге берген тапсырманы дауыстап айтып отыр екен. «Сенің өзің әртіс болайын деген ойың бар ма?» – деп күліп жібердім. «Оны өзім де білмеймін, бір тылсым күш айнаға тартып тұрады. Сабақты айнаның алдында пысықтағанды ұнатамын. Бір жағынан класта үйге берген тапсырманы айтқанда міңгірлеп тұрмайын дегенім ғой», – деп жауап берді. Сосын Сұлтанға: «Ойнап келейік» десем, «Маған ренжіме, біраздан кейін кел», – деп шығарып салды.

Сегізінші сыныпты бітірген жылы үйге Әбіш әкеміз бен Әлжан анамыз екеуі келді. Әбіш аға мені жанына алып: «Сәдуақас, сенің әкең Омар екеуіміз Үшқоңырда колхоздың бойдақ танасын бақтық, дос болдық. 1942 жылы соғысқа кететін кезде үйге келіп, сені Әлжан екеуімізге табыстап: «Әбеке, мынау немісіннің қарқыны жаман, менің бұл қанды қырғыннан қайту-қайтпауым екіталай. «Жаман айтпай жақсы жоқ», қайтпай қалсам, артымнан ерген жалғыз тұяғым – Сәдуақасым саған аманат. Өкіл бала етіп, қамқорлығыңа алсаң, екі дүниеде ризамын», – деген еді. Аманат деген қиын нәрсе. Сол әкеңнің аманатын орындауға тырысудамыз», - деді. Сөйтіп, сол жылы қарындасым Айкүміс екеуіміз топыраққа сабан араластырып, кірпіш құйып, үй салдық. Сонда маған екі жылдай қолынан келген көмектерін аямаған өкіл әке-шешем мен Сұлтан үшеуінің қамқорлығын көзім жұмылғанша ұмытпаймын. Шамалғанның Октябрь көшесіндегі 100-ші үйді көршілеріміз қазір де «Сұлтан салған үй» деп атайды.

– Адамның мінезі туғаннан қалыптасса керек. Оқып жүргенде Нұрсұлтан Әбішұлы-ның қандай ерекше қасиеттерін байқадыңыз?

– Бір күні Сұлтанның: «Осы ауылымызда және ауданымызда кім мықты?» деген сұрағына мен: «бригадир мықты» десем, «жоқ, колхоз бастығы» деді. Мен «райком мықты» дегеніме, «жоқ, бюро мықты» деді. «Сол бұйраң кім? Анау Мәскеудегі Орталық Комитеттің бұйрасы ма?» - десем, «жоқ ауданның бюросын айтамын. Сол бюродағы қаралған адамдарды алдымен «бұйралап» жұмыстан шығарып, одан соң қамап тастайтын көрінеді. Шіркін, сол бюроның мүшесі болсам деп армандаймын» дегенде, «Сұлтан, осы сенің армандарың әр түрлі бола бере ме? Өткен аптада «Лениншіл жас» газетін оқып отырғанда: «Тау-кен қазбаларын іздеймін. Менделеев кестесіндегі барлық элементтер Қазақстан жерінде бар екен. Солардың бәрін картаға түсіріп, кестеде жоқ басқа химиялық элементтерді де табар едім» дегенің қайда?» дедім. Сонда: «Ол арманыма ағам (әкесін осылай атайтын) келіспеді», – деді. Бірде Ұзынқарғалы қыстауында геологиялық партия мүшелерінің адасып кетіп, әбден қалжыраған, аттары өліп, жүк таситын түйесі кетіп қалып, өздері өлім халінде жатқан жерінде ағам ауыздарына су тамызып, екі-үш күн әлдендіріп, олардың жүруге шамасы келгеннен кейін Алматыға аттандырған. Соны мысалға келтіріп: «Сондай геолог болғың келе ме?» – деп сөзін қысқа қайырған.

Әкесі Сұлтанның оқуын жалғастыруы керек екенін жақсы түсінетін. Әбіш ағаның отбасына бас сұққан мектеп директоры да, мұғалімдер де бір ауыздан Сұлтанның әрі қарай оқуы керектігін әрқашан айтатын. Осы көзқарасты адасқан геология партиясының бастығы, қауға сақал да айтыпты. «Осы балаң кейін үлкен бастық болады, ел басқаруы мүмкін, бірақ КСРО-ны емес, ол үшін азиат болмау керек. Балаңның көзінен от ұшқыны сезіліп тұр» депті.

Сұлтанның саясатқа, халықаралық мәселелерге, оның ішінде Ұлы Қытай мемлекетіне көңіл бөле бастауы сонау мектеп қабырғасынан басталған. Ол былай болғанды. 1958 жылдың ақпан айында Алматы облысы, Қаскелең аудандық «Коммунизм үшін» газетінің редакторы Үсенбай Тастанбековті аудандық комсомол хатшысы В. Кудрин кабинетіне шақырып, Қытайдан бір хат келгенін, ол хатты БЛКЖО (ВЛКСМ) Орталық Комитеті арнайы біздің ауданға жібергенін айтып, оны редакторға табыс етеді. Қытай тілінде жазылған хатты ҚХР-дың Сычуань провинциясы, Цзыгун қаласындағы №5 орта мектептен Чжоу Бай-Сяо жолдапты. Хатты қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің қызметкері Ақас Садықов аударған екен. Оның мәтінінде Кеңес Одағының жетістіктерін айта келе, өзінің «халық мұғалімі» деген абыройлы қызметке орналасқан комсомол екенін, бала кезден осы елмен жете танысуға құмарлығын, ол үшін сондағы бір комсомол мүшесімен байланыс жасап, достық пейілмен хат алысып тұруға тілек білдіріп, өзінің және Янцзы өзеніне салынған көпірдің суретін жібереді. Редакция алқасы қытайлық досқа Абай қазақ орта мектебінің оныншы сынып оқушысы, үздік шәкірт, белсенді комсомол мүшесі, қоғамдық жұмыстарға араласып жүрген Сұлтанدى лайықты деп табады. Ал Сұлтанның жазған хаты аудандық «Коммунизм үшін» газетінде (16.03. 1958 ж.) қытай досының жіберген суреттерімен қоса жарияланды. Мақаланы оқи сала Сұлтанға барып: «Баспасөз бетіне тұңғыш шығуыңмен! Бұдан бұлай сені газет пен журналдан

ылғи да көретін болайық!» – деп тілегімді білдірдім. «Сәдуақас, ұлы Лениннің айтқаны бар емес пе: «Коммунизм – Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деп, ел түгелге жуық электрлендірілу алдында тұр. Енді коммунизмді толықтай жеңу үшін КПСС (КОКП) ОК-нің Бас хатшысы Н.С. Хрущев айтқандай, электрлендіруге қоса бүкіл елді химияландыру» қажет. Мектеп бітіргеннен кейін химия саласының бір мықты маманы болсам деген ойым бар», – деді. «Ойың дұрыс», – дедім.

– Сәдуақас аға, Нұрсұлтан Әбішұлының өнерге жақындығы кішкене кезінен байқалған ба еді?

– Әрине. Өйткені, ата-анасы ауылдағы ең өнерпаз адамдар болды. Әкешесінің тәрбиесін көріп өскен Сұлтан да өнерден құралақан емес еді. Жетінші сыныпқа көшкенге дейін домбыра шертіп, мандолин мен күйсандықта ойнап, қазақтың халық әндерін нақышына келтіріп шебер орындайтын. Реті келгенде әзіл-қалжыңның да түбін түсіретін.

Туа біткен таланты, ұйымдастырушылық қабілеті көптің бірі болып қара көбейтіп ортада жүруді қаламауы, бала кезінен қалыптаса бастаған белсенділік, іскерлік қасиеттері Сұлтанды сол кездің өзінде-ақ көш басына жетеледі. Ұлы адамдардың, белгілі тұлғалардың, кемеңгер ойшылдардың негізі, зерделік санасы, сана құдіреті сонау балалық кезде қалыптасатынын Сұлтан дәлелдеп отыр деп айта аламын.

Әңгімелескен Гүлзейнеп Сәдірқызы
Суретте: Н.Ә. Назарбаевтың он жыл бірге оқыған достары
Сәдуақас пен Қадырғали

ҚАДАМЫ ҚАРЫШТЫ ҚАРАҒАНДЫ

Самрат Ж., Несіпбай А.
«Егемен Қазақстан» 2 желтоқсан 2012 жыл

Еліміздің барлық өңірлері де Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өздеріне қандай да бір қатыстылығын айтып, мақтан етіп жатады. Батыстықтар да, шығыстықтар да, оңтүстіктер де, солтүстіктер де Елбасының келген сапарларында немесе үлкен мінберден айтқан сөздерінде, естеліктерінде өздері туралы айтқан жақсы сөздерін, ұнамды пікірлерін үнемі еске алып, оны мақтан тұтып, марқая жариялап жүреді. Барлық қазақстандықтар үшін Елбасының берген бағасы, айтқан тілегі ең жоғарғы сипат, үлкен құрмет, баға жетпес қазынадай қабылданады. Осының бәрі еліміздің өз Көшбасшысына деген құрметінің, алғаусыз махаббатының көрінісі.



Еліміздің барлық түкпірлері Елбасының өздеріне жақындығын айтып, осылай іш тартып жатқанда қарағандылықтардың Президентке деген жақындығы, мақтанышы тіпті айрықша екені даусыз. Өйткені, Нұрсұлтан Назарбаев дарыны айрықша тұлға екендігін ең алғаш осында көрсетіп, саяси қайраткер ретінде осы өңірде қалыптасты. Қазақша айтқанда, қыран қанатының қатаюына осы өлкенің құнары игі әсер етіп, құты дарыған деп айтсақ, қателеспейміз. Бұл туралы Президенттің өзі де талай естеліктерінде айтты. Теміртаудағы Қарағанды металлургия комбинатының қып-қызыл шок шашып жататын балқыту цехында мың градустық ыстыққа пісетін болатты қайната жүріп, жас Нұрсұлтанның өзінің де ерік-жігері жанылып, мінезі қалыптасты. Міне, сондықтан да Елбасының Қарағанды өңіріне, әсіресе Теміртауға деген махаббаты ерекше екені күмәнсіз. Еліміздің Тұңғыш Президентінің күні алғаш рет аталып отырғанда, Нұрсұлтан Әбішұлының

Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келуінде де осындай символикалық мән жатыр.

Бұдан бір күн ғана бұрын Сарыарқаның ақ түтек бораны соғып тұрған сайын даласы Елбасы келерде тына қалды. Аспан да жарқырап ашылды, бірақ күн айтарлықтай аязды. Бұл да адам өмірі мен табиғаттың өзара үндестігін көрсетсе керек. Халқы қалаған адамды табиғат та құрмет тұтатын секілді. Тіпті, осы жердегі қойнынан түлеп ұшып, қазір бүкіл елге жылы шуағын шашып, барша әлемге танылып отырған перзентінің келуіне Жер-ана да қуаныш білдіріп тұрғандай көрінді.

Елбасын Сарыарқаның ақ жамылғыға оранған сайын даласы осындай жылылықпен қарсы алса, халқының қуанышында тіпті шек болмады. Тікұшақтан түскен Президент бір кездері ыстық цехтан шыққанда жастық жалынмен қуана дем алатын таза ауаны бір сәт еске алғандай, біраз тыныстап тұрды. Елбасын Премьер-Министр Серік Ахметов пен облыс әкімі Әбілғазы Құсайынов бастаған топ қарсы алды. Осыдан кейін Президенттің кортежі Теміртау қаласы әкімдігінің ғимаратына қарай бет алды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты есік алдында Теміртау қаласының әкімі Нұркен Сұлтанов бастаған қалалықтар күтіп алды. Осы жерде Нұрсұлтан Әбішұлымен бір кезде Теміртау қалалық партия комитеті мен атқару комитетінде бірге қызмет еткен Нина Уахитова, Владимир Рыскаль, Виктор Стринжа, Виктор Котляров, Камалтин Мұхамеджанов, Әли Қарабалин секілді еңбек ардагерлері тосып тұрды. Президент олармен емен-жарқын амандасып, жастық, жалынды шақтарын, бірге қызмет еткен күндерін сағынышпен еске алды. Сырт қараған адамға осының бәрі жан толқытатын сәттер еді. Президент өзінің бұрынғы қызметтестеріне сол кездерде болған әртүрлі қызықты жәйттерді де айтып, жиналғандарды күлкіге қарық қылды.

Одан кейін Президент бастаған топ бұрын өзі отырған №6 кабинетке өтті. Бұл бөлмені теміртаулықтар бұрынғыша жасандырып, дәл Нұрсұлтан Назарбаев отырған кездің сәніне келтіріп қойған екен. Бұл күй де Президенттің сол қиын да қызықты күндерді есіне түсіріп, бір сәт толқи ойлануына мүмкіндік берді. Нұрсұлтан Әбішұлы осы ғимараттың екінші қабатында орналасқан «Тұңғыш Президенттің мұражайына» көтерілді. Осы бөлмеде Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы Нұрсұлтан Назарбаев 70-жылдардың басында үш жылдай отырған екен. Бұл кабинет те сол кездегі өмірді, теміртаулықтардың өткен ғасырдың 70-жылдарындағы қайнаған тірлігін бұзбай жасақталып, бәрін де еске түсіруге қолайлы етіп жасалыпты. Екінші хатшының бөлмесіндегі Лениннің суреті мен мүсіні де сақталыпты. Теміртау қаласының сол кездегі картасы да ілінген. Мұнда да Елбасы өзінің сол кездегі өмірін, кейбір қимас оқиғаларды жанындағылармен бірге еске түсіріп, біршама аялдады.

Қалалық партия комитеті отырыстарының кейбір хаттамаларын, өзінің қол қойған құжаттарын көріп, Президент сол шақты жадынан тағы бір мәрте өткізді. Одан әрі осы ғимараттың басқа бөлмесінде Елбасы бастаған 70-жыл-

дардағы қызметкерлеріне – бүгінгі ардагерлерге қазақ дәстүрімен дәм ұсынылды.

Теміртау қаласы Қарағанды облысы өнеркәсіп өнімдерінің 31 пайыздан астамын береді. Үстіміздегі жылдың 10 айында оның өнімдері былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 10 пайызға азайған. Бұл негізінен темір прокаттарын өндірудің төмендеуі себебінен орын алып отыр. Теміртауда құрылыс қарқыны былтырғы жылмен салыстырғанда сәл артып, 23,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Қалада шағын кәсіпкерліктің даму қарқыны артып келеді. Биыл ол 36,8 млрд. теңгенің өнімін беріп, былтырғы жылдың сәйкес мерзімінен 43,5 пайызға асып түскен. Осы салада еңбек ететіндер саны 22150 адамға жетіпті.

Қалалық әкімдіктің ғимаратынан шыққан соң Елбасы өзін Теміртау тұрғындары көптен бері күтіп тұрған «Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығына» келді. Қалалықтар ғимараттың сыртына да, ішіне де молынан жиналыпты. Осы жерде Президент өзін қарсы алып тұрғандарға жылы лебіз білдіріп, қысқаша сөз сөйледі. Мен Теміртауды ешқашан ұмытпаймын. Қарметкомбинат парткомының хатшысы болып жүргенде салғызған спорт кешені, балабақшалар, тұрғын үйлер, оң жағалау – бәр-бәрі көзіме оттай басылды. Әлі күнге сіздердің халдеріңіздің қандай екенін сұрап, біліп отырамын. Қазір қала бұрынғыдан да өсіп, құлпырған. Мен бұған қуаныштымын. Сіздердің сайлаған Президенттеріңіз ретінде мен әлі де халықтың әлауқатын жақсарту жолында еңбек етемін. Одан әрі Президент елдің бірқатар жетістіктерін атап берді. Сөзінің соңын теміртаулықтарға бақытты тұрмыс тілеумен аяқтап, енді бүгінгі мереке күні тезірек үйлеріңізге барып, жылыныңыздар деген әзілмен аяқтады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Теміртауға сапары «АрселорМиттал» АҚ дайын өнім жасауға арналған құрыш кесектер құятын конвертерлік цехта жалғасты. Бұл кәдімгі Нұрсұлтан Назарбаев еңбек жолын бастаған атақты Қарметкомбинат қой. Кортөж оның ішіне ендеп кіріп келе жатқанда, Елбасы тағы да осында жүрген кездерін еске түсіріп, жастық шағын жадында жаңғыртқаны анық.

Құрыштан жасалған ұзын кесектердің көлемі 130x10 және 150x150 мм. екен. Төртбұрышты кесек блюм деп аталатын көрінеді. Олардан артынан арматуралар, бұрыштар, швеллерлер, дөңгелектер және т.б. жасалады екен. Цех 2010 жылы басталып, 2011 жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріліпті. Жобаның толық құны 5 млрд. 483 млн. теңге болған. Оның іске асуының арқасында жаңадан 88 жұмыс орны ашылған. Цех жылына 1,2 млн. тонна құрыш кесектерін шығарады. Елбасы бұл жерде сұйық құрыштың қалай ағып, қалыптарға қалай құйылып жатқанын көріп, цехты біршама қызықтады. Құрыш кесектер құю цехының жұмысы туралы Нұрсұлтан Назарбаевқа «АрселорМиттал» АҚ бас директоры Махадеван Виджай түсінік беріп тұрды. Осыдан кейін Елбасының кортежі Қарағанды қаласына бет алды.

Еңбекке шыңдалу мен қайраткерлікке толысудың алтын бесігі болған ыстық ұяға Ұлт көшбасшысының тап осындай күні келіп, орталарынан

табылып, аймақ тынысымен танысуы қарағандылықтардың көңілін шаттыққа бөлегені анық. Қарағанды дегенде әдетте адамның көз алдына алып өндіріс ошақтары, оттары жарқыраған өлке елестейді.

Елбасының «Қазақстан жолы» кітабында «Республиканың индустриялық орталығы менің көз алдымда өтті. Қарағанды облысын өзінше бір шағын Қазақстан деп атауға болатын», деп жазғанындай, жер қойнауында елімізде барланған марганецтің – 100, вольфрамның – 85, бариттің – 70, қорғасынның – 54, мыстың – 36, көмірдің 32 пайызы шоғырланған. Сондықтан өңір ежелден өндірістік бағытқа басымдық беріп келеді. Ал өндіріс – қашанда экономикалық дамудың қайнар көзі, қозғаушы күші.

Бүгінгі күні Жезқазған мен Балқаштағы, Жәйрем мен Теміртаудағы, Шұбаркөл мен Ақжалдағы қайнаған еңбек те соның айғағындай болып, дүрілдеп жатыр. Республикалық индустрияландыру картасына қарағандылықтар енгізген 6 мың адамды жұмыспен қамтамасыз ететін 56 өміршең жобаның бүгінге дейін 40-қа жуығы іске қосылса, биыл тағы 3-еуінің тұсауы кесілді. Олардың ішінде Шахтинскідегі метан газынан электр қуатын өндіруге арналған қондырғы, Жезқазғандағы «Ютария» LTD» ЖШС-нің тігін өндірісі, Қарағандыдағы «ТИАТР» ЖШС-нің полиэтилен құбырларын шығару зауыты бар. Бұған қоса, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан 94 жобаның жаңғырығы да өндіріс дабылын арттыра түсуде. Бұлардың қай-қайсысы болсын экономикалық маңыздылығы жағынан бір-бірінен кем соқпайтын жобалар. Мысал үшін айтар болсақ, шахталардағы метан газының барланған геологиялық қоры 550 млрд. текше метр болса, соны арзан энергия көзіне айналдыру мәселесі осы жобалар арқылы шешілуге бет бұрған.

Экономикалық-әлеуметтік әлеуеті мықты өңірдің инвестициялық тартымдылығы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы ауқымының кеңейе түсуіне игі ықпалын тигізіп отырғаны – жағымды жайлардың бірі. Табиғи және минералды шикізаттың молдығы, облыстың географиялық тиімді орналасуы сияқты негізгі үш фактордың қолайлылығының, оның үстіне Жезқазған – Бейнеу, Шұбаркөл – Арқалық темір жолдарының аймақтың транзиттік қуатын еселеп арттырмақтығы, ыңғайлы бизнес-климат аймақтық экономиканың инвестиция тартымдылығын жылына орташа есеппен 20 пайызға ұлғайтатындығы есептеліп шығарылған. Биыл шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істейтін 450 компанияның негізгі капиталға салған инвестициясы көлемінің 15,9 пайызға артып, 190,2 млрд. теңгені құрағаны соның бір айғағы. Жақында өткен «Қарағандыинвест-2012» форумы өңір ерекшелігіне орай мұның ең жоғары шек еместігін көрсетті. Алдағы жылы іштен және сырттан құйылатын қаржы көлемі 300 млрд. теңгеге жеткелі отыр.

Жаңа өндірістердің жаппай ашылып жатуы, шағын және орта бизнестің белсенділігінің күшеюі үстіміздегі жылы жұмыссыздық деңгейін 4,4 пайызға төмендетті. Атап айтқанда, 5 мыңнан астам азамат барлық салада қыз-қыз қайнаған еңбек дүбіріне қосыла алды. Осындай экономикалық табыстармен бірге, тұрғын үй құрылысы бойынша облыстың бірнеше жылдан бері

елімізде алдыңғы орындардың бірінен табылуы қарағандылықтардың мақтан тұтар көрсеткіштері қатарында. Биыл пайдалануға берілмекші 203,6 мың шаршы метр тұрғын үй межелеген деңгейден асып түсіп, талай отбасыларын қуанышқа бөледі.

Өңірдегі оң өзгерістер мен жаңғыртулар жайлы айтқанда, әлбетте, стратегиялық маңызы зор Жезқазған-Бейнеу, Арқалық-Шұбаркөл темір жолдары құрылысының 500 және 200 шақырымды құрайтын бөлігі облыс үлесінде екенін айналып өте алмайсың. Бүгінде бұл учаскелердегі жұмыс күннен күнге қызып келеді.

Үстіміздегі жылдың 10 айында қарағандылықтар 186,6 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімдерін шығарса, бұл көрсеткіш былтырғы жылдың сәйкес мерзімінен 106,5 пайызға артық. Бұған өңір халқы ғана емес, барша қазақстандықтар жақсы білетін «Еуразиан Фудс» АҚ, «Қарағанды кәмпиттері» АҚ, «Имсталькон» АҚ, «SILICUM KAZAKHSTAN» компаниясы, «Қарағанды ЭнергоОрталық» АҚ өздерінің сүбелі үлестерін қосты. Қаладағы құрылыс көлемі өңірдегі осы саланың жартысына жуығын құрайды. Биыл қарағандылықтар үшін 39,3 млрд. теңгенің құрылысы іске қосылып, былтырғы сәйкес мерзімге қарағанда ол 9 пайызға артқан. Соның ішінде 118 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Шағын кәсіпкерлік жақсы қарқын алып келеді. Биыл ол барлығы 253 млрд. теңгенің өнімін өндірді, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 1,5 пайызға артық. Бұл салада еңбек ететіндердің жалпы саны қазір 100 мың адамнан асқан.

Қараша айының басындағы мәліметке қарағанда, облыста 977 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Биыл жалпы саны 993 адам қоғамдық жұмыстарға тартылыпты, ал 687 адам кәсіптік қайта даярлауға жіберілген.

Президент сапары алдында бүкіл елді дүр сілкіндірген, барша қауымды қатты қуантқан ЕХРО-2017 халықаралық көрмесінің Астанада өтетіндігі қарағандылықтарды да шаттыққа бөледі. Мерей бір, мәртебе ортақ, дейді олар. Елорданың аз жылдарда-ақ әлем тамсанған әсем шаһарға айналуына көршілік парызы ретінде көмек-қолдауын аямаған кеншілер қаласы бұл жолы да оған тірек болуға дайын екендіктерін білдіруде. «Қарағанды облысы және ЕХРО-2017» дөңгелек үстелінің іле ұйымдастырылуы да соған арналған алғашқы шара болыпты.

Қарағандыда Елбасы Н. Назарбаев «Ариста» кешеніне келді. Осы жерде жүзге жуық жастар жұбы Президентке бал биі бойынша өнер көрсетті. Арасында қазақ тілінде Елбасына арналған құттықтау сөздер, жастарға жасаған қамқорлығы үшін алғыстар айтылып тұрды. Нұрсұлтан Әбішұлы жастарға арнаған өзінің қысқа сөзінде оларды Тұңғыш Президент күнімен құттықтап, басқа да өркениеті озық елдерде осындай, «Президент күні» мерекесінде балдық би биленетінін естіп, сіздердің сол дәстүрді жалғастырғандарыңызға ризамын. Бәрі де әдемі болды. Әрқашанда жақсы өнерді осылай бойларыңа сіңіре беруге ұмтылыңдар, дей келіп, оларға бақытты өмір мен баянды тұрмыс тіледі.

Елбасының Қарағанды өңіріне жұмыс сапарының алғашқы күні Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне (бұрынғы ҚарПТИ) келумен

аяқталды. Университеттің оқытушы-профессорлары мен үздік студенттерінен тұратын топ Президентті есік алдынан құрметпен қарсы алып, өздерінің жетістіктерімен және Елбасы тапсырмаларының қалай орындалып жатқандығымен қысқаша таныстырды. Атағы алысқа кеткен осынау оқу орнында Елбасы өзінің бір топ курстасымен кездесті.

Бүгін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қарағанды өңіріне сапары одан әрі жалғасады.

ҚАРАҒАНДЫ – ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ОТАНЫ

Сектенұлы С., Жанысбай С., Айтжанова Қ.
Орталық Қазақстан, 4 желтоқсан



1 желтоқсан күні еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қарағанды облысына жұмыс сапары басталды.

Сапар басында Елбасымыз Теміртау қаласында қалалық әкімдік ғимаратында болды. Мұнда өткен ғасырдың 70-ші жылдары стилінде қалпына келтірілген ҚР Тұңғыш Президентінің кабинет мұражайы ашылды. Мұнда Мемлекет басшысы қызмет істеген болатын. Сонымен қатар, құрметті қонақ Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тарихи-мәдени орталығында болып, аралап көрді. Бұдан кейін Елбасымыз Metallургтер алаңында жиналған халықтың алдында сөз сөйлеп, Тұңғыш Президент күні мерекесімен шын жүректен құттықтады. «Теміртауға келу мен үшін әрдайым қуаныш», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Бұдан кейін ел Президенті «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның металлургиялық комбинатында болып, болатты үздіксіз құятын машинаның жұмысымен танысты. Осы заманғы технологиямен жұмыс істейтін бұл машинаны Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында Нұрсұлтан Назарбаев өзі іске қосқан болатын.

Осы жобаны жүзеге асыру арқылы кәсіпорын төртбұрышты құймалар және сапалы сортты прокат шығарудың өз өндірісін жасап, шығарылатын өнімдерінің түрлерін көбейткен болатын. Мұндай өнімдер бұрын шетелден әкелінетін еді. Жобаны іске қосу арқасында қосымша жұмыс орындары ашылды. Болатты үздіксіз құятын МНЛЗ №3 машинасы сырттай қарағанда үлкен металл конструкциясынан тұрады. Ол негізінен сұйық шойын құйылған алып ожаудан және аралық ожаудан, 6 кристаллизатор, роликті бөлшектен тұрады. Осы жерде қажетті қалыптар құйылады. Үздіксіз шойын

құйылатын машинаның 6 шүмегі бар. МНЛЗ №3 машинаға қажетті шикізат конвертер цехтарында балқытылатын шойын болып табылады.

Елбасының жұмыс сапары бұдан кейін Қарағанды қаласында жалғасын тапты. Құрметті қонақ алдымен «Ариста» мейрамхана кешенінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің құрметіне арналған «Салтанат» деп аталатын балды көріп, тамашалады. Мұнда кілең жас жігіттер мен қыздар мерекелік киім – кара костюм, ақ көйлек киініп дөңгелене биледі. Жастардың биін тамашалаған Елбасы риза болып, оларға сәт-сапар тіледі, «Өнерлерің өрге бассын» деп бата берді.

Бұдан кейін ел Президенті Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне келді. Бұл жерде Мемлекет басшысын оқытушы – профессорлар құрамы, студенттер және осы жоғары оқу орнында Н.Назарбаевпен бірге оқыған курстастары қарсы алды. Олармен емен-жарқын әңгіме болды.


Қазіргі уақытта Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті Қазақстандағы ірі техникалық жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. «Электронды университет» мәртебесін алған республикамыздағы жоғары оқу орындарының алғашқы алтылығына енген. Еліміздің ІІ инновациялық конгресінде ҚарМТУ «Үздік оқу орны» номинациясы бойынша дипломмен марапатталған. 2008 жылы Еуропалық бизнес-ассамблея комитеті (Оксфорд, Ұлыбритания) осы оқу орнын халықаралық бағдарламаны жүзеге асырғаны және оқытушылардың жоғары кәсібилігі үшін «Еуропалық сапа» халықаралық наградасын берген. 2009 жылы ҚарМТУ Болонья қаласындағы (Италия) университеттердің ұлы хартиясына қол қойған. Осының арқасында ол әлемдік білім беру кеңістігіне шығып, Еуропалық білім стандарттарына жақындағанын растады.

* * *

2 желтоқсанда ел Президенті Н.Назарбаевтың Қарағанды облысына жұмыс сапары жалғасын тапты. Алдымен Мемлекет басшысы жөндеуден өткен облыс әкімдігінің ғимаратын аралап көрді. Бұдан кейін осында «Сарыарқа» арнаулы экономикалық аймағының қызметіне қатысты жиналыс өткізді.

Бұрын белгілі болғандай, арнаулы экономикалық аумақ Мемлекет басшысының 2011 жылғы қараша айындағы Жарлығына сәйкес құрылған болатын. Бұл аймақтың міндеті ыңғайлы инвестициялық жағдай қалыптастырып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияны тарту болып табылады. Соның ішінде металлургия өнеркәсібі және металл өңдеу саласын дамытуға көңіл бөлетін болады. Әсіресе, әлемдік сауда маркасы бар өндірушілерді тарта отырып, дайын өнімдер өндірісін кеңейтуге көңіл бөлетін болады.

Бүгінде арнаулы экономикалық аймақта бюджеттен бөлінген 150 млн. доллар көлеміндегі қаржыға барлық инфрақұрылымдар жасалып, 53 резидент тіркеліп, 24 жоба орналастырылған. Жалпы алғанда, арнаулы экономикалық аумаққа қатысушылардың инвестициялық портфелінде 2 млрд. доллар қаржы бар. Жобалар металлургия, құрылыс индустриясы, машина жасау салаларында іске асырылады.



Жиналыс үстінде облыс әкімі Әбілғазы Құсайынов еліміздің Президентіне аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы және үдемелі индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекет бағдарламасын жүзеге асыруы жайлы айтып берді. Өз компанияларының алдағы жұмыстары туралы мемлекет басшысына «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның басшылары баяндап берді. Сонымен бірге, «Сарыарқа» АЭА алаңында индустриализация картасына енген

«Метаннан электр энергиясын алу қондырғысы», «Интерактивті жабдықтар өндіру» жобалары көрсетілді.

* * *

Мұнан кейін Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев облыс әкімдігінде жұртшылық өкілдерімен кездесу өткізді. Облыс әкімдігінің мәжіліс залына жиналғандар алдына келгенде жылы амандасып, олардың жайғасып отыруын өтінді. Одан соң жұртшылық өкілдері өздерінің Елбасына деген алғыстары мен жүрекжарды пікірлерін білдірді.

Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестігі «Арай» ансамблінің әншісі Меруеш Башай:

– Азаттықты аңсаған ата-бабаларымыздың асыл арманы орындалып, қазақ еліміз егемендігін алды. Жат жердегі қандас бауырларыңыз елге оралды. Солардың бірі мен, өзіңіздің ақ батаңызды алып, шақыруыңызбен 2008 жылы Моңғолиядан келдім.

Елге келіп, еркін өмір сүріп жатырмын. Сол жақсы көңілден туған өлең жолынан бір шумақ оқуға рұқсат етіңіз.

Айбыны күшті Алашым,
Жаңғыртып тау мен даласын,
Бұдан жиырма жыл бұрын,
Атырау, Алтай арасын,
Қолына көк ту ұстатып,
Қолтықтап атқа қондырды,
Нұрсұлтандай баласын.
Құрыштай піскен сол бала,
Ақылы, күші мол, дана,
Олжа салды ойрандап,
Еңсесі биік ордама.
Олжаға бөлеп орданы,
Ел ертеңін болжады.
Қазақтың тәуелсіздігін,
Аттан түспей қорғады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы (Қарағанды қаласы) ғылыми-сарапшылар тобының жетекшісі Вилен Молотов-Лучанский:

– Мен еврей мәдени орталығының төрағасымын. Бүкіл этно-мәдени бірлестіктер атынан, Қазақстан халықтары Ассамблеясы атынан Қазақстанның гүлдене беруі үшін жасап жатқан еңбегіңіз үшін зор ризашылықпен алғыс айтуыма рұқсат етіңіз. Сіздің арқаңызда елімізде келісім ахуалы қалыптасты.

Қазір Сіз әлеуметтік жаңғырудың жаңа бағдарламасын жария етіп, халықтың шығармашылық белсенділігіне жан бітірдіңіз. Мен Сіздің Қазақстан халықтар Ассамблеясының XIX сессиясында сөйлеген сөзіңізді, қоғамдық көшбасшыларға, жастарға Ассамблеяның рухын әрбір азаматқа жеткізуге, болашаққа қызмет етуге шақырған тілектеріңізді ешқашан ұмытпай, есте сақтаймын.

Жезқазған қаласы ардагерлер кеңесінің мүшесі, еңбек ардагері Мүсілім Тоқтасынов:

– Мен Жезқазған өңірі халқының, Сізге деген шексіз алғысын жеткізуге келіп тұрмын.

Сіздің тікелей қолдауыңызбен осы аймақтың дамуына кешенді жоспар жасалынды. Халықтың әл-ауқатын, тұрмысын жақсартуға қосымша 130 млрд. теңгедей қаржы бөлінді. Елдің еңсесі көтеріліп, бір серпіліп қалдық.

Бүгінде Жезқазған – Бейнеу, Арқалық – Шұбаркөл теміржолдары салынып жатыр. Қазақстанда кейінгі жылдары 5 темір жол салынған екен. Солардың барлығының ұзындығы 1000 шақырымды құраса, осы салынып жатқан екі жолдың ұзынды – 1200 шақырым болып отыр. Басқа аймақтармен ара қашықтық 500 шақырымға дейін қысқармақ. Осы жолдардың бойында қаншама елді мекендер салынбақ. Мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылмақ. Бүгінгі таңда темір жол құрылысына жұмысшылар, әсіресе, жастар орналысып жатыр. Бұл ғасырлық жоба 5 жылда орындалмақшы. Бұл дегеніңіз ғажап, қол жетпес арман емес пе.

Шахтинск қаласы «Құрылыс» ЖШС №2 өндірісінің бастығы Мақсат Мұратбекова:

– Мен кен-шахта жабдықтарын шығаратын өндірістің бастығы болып істеймін. Осы өндірісте істегеніме 24 жыл болыпты. Мен қарапайым жұмысшы болып бастадым, «Лайықты еңбек» деген тақырып маған өте жақын. Менің басшылығыммен 500-ден астам адам еңбек етеді. Олардың орташа айлық табысы 112 мың теңгеден асады. Масылдық пиғыл біз үшін өте жат. Мұны елдің барлығы, әсіресе, бүкіл әлем жұртшылығы ғаламдық дағдарыспен бетпе-бет келіп отырған қазіргі шақта жақсы түсінеді.

Бізде істеймін деген адамға жұмыс жетеді. Сондықтан да, біз келер күнге зор сеніммен қараймыз. Сізге Еңбек адамына қолдау көрсетіп отырғаныңыз үшін зор алғысымызды білдіреміз. Еңбек еткісі келетін және тамаша табысы бар адамдарға біздің елімізде барлық жағдай жасалған.

Балқаш қаласындағы «Зере» құрылыс компаниясының директоры Серік Пішенбаев:

– Мен Балқаш қаласында кәсіпкермін. Ең бірінші кезекте Сізді «ЭКСПО – 2017» көрмесін Қазақстанда өткізу құқығын жеңіп алуыңызбен

құттықтаймын. Егер металлургтер қаласының даму қарқыны туралы айтар болсақ, ТКШ-ын жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру қарқыны қуантады...

Осы жерде оның сөзін бөлген Президент:

– Жаңғырту жайын халық қалай түсінеді? – деп сұрады.

– Жақсы түсінеді, – деп жауап берді С. Пішенбаев.

– Тұрғын үйді жаңғыртудың пайдасын халық білді ме?

Енді біле бастады, – деген жауап қатты кәсіпкер. – Қала қысқа мерзім ішінде түрленіп шыға келді, осы бағдарламамен 14 үй қалпына келтірілді, аулалар көріктендірілді. Балалар алаңдары, осы заманғы спорт корттары, субұрқақтар салынды. Бұл тек бастауы ғана. Балқаштықтар жаңа өзгерістер алдында, олар бұл бағдарламаға зор ынтамен кірісті.

Бұдан соң, Елбасының 1989 жылы Қарағанды қаласындағы кеншілер ереуіліне шыққандар алдында сөйлеген сөзі киносюжет болып көрсетілді.

Шағын кино көрсетіліп болған соң Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сөзді алыстан орағыта бастады.

– Жаңағы экранда көрсетілген осыдан 33 жыл бұрын болған оқиға. Негізі, мемлекеттің шаруасы барлығымызға бірдей. Елдің барлығы жұмыс істеуі керек. Тек мүгедектер, аурулар және зейнет жасындағы қарт адамдар ғана жұмыс істемеуі мүмкін. Олар өздеріне тиесілі жәрдемақыларын алады. Ал, ақсақалдар, еңбек ардагерлері, олардың еңбек тәжірибелері көпке үлгі. Бірақ, Жезқазғандағыдай өз беттерімен мөр жасап алып, билікке таласатындары да бар. Елдің бәріне билік жете бермейді. Жұмыс жасау қажет. Жұмыссыз өмір жоқ. Өйткені қазіргі кезде азық-түлікке де, суға да, жылуға да, электр қуатына да ақша төлеу керек. Кейбіреулер бізге

корпорация немесе комбинат көмектессін, ақша берсін дегенді айтады. Комбинатты дамыту қажет. Егер комбинат тоқтап қалса не болады? Ол ешкімге, ештеңе бермейді. Демократия өз алдына. Бірақ, құр даурықпа демократия болмайды. Естеріңізде болар, сонау 1993-1995 жылдар. Бүкіл дүкендердің сөрелері бос қалған кез. Міне, сол кезде маған инвестор тартуға тура келді. Карметкомбинатқа үндістер сол уақытта 170 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салып, еліміздің экономикасын сақтап қалдық.



Кеңестік уақыттың дәуірі өткен. Басқа елдерде біздегідей жағдай жоқ. Бәрі экономикаға байланысты. Бізде жыл сайынғы экономикалық өсім қарқыны 6-7 пайызды құрайды. Бұл 30-шы жылдарға қарай тіпті жоғары болады. Біз 25-30 жылдары экономикамыз 1,5 есе ұлғаятын елдер қатарына қосылдық.

Біз қазір мүлде жаңа, мүлде басқа елде отырғандаймыз. Біздің азаматтарымыз басқа елге жұмыс іздеп бармайды, қайта олардың адамдары

бізге жұмыс іздеп келеді. Бүкіл әлемді жайлаған дағдарыс әлі басылған жоқ. Бұл күндері Испания, Греция, Португалия, Италия сияқты атақты елдер өте қиын жағдайды бастан кешуде. Біз болсақ, одан әрі даму жолын қарастырып жатырмыз. «Кедендік одақ» осындай мақсатпен құрылды. Бұл – менің бастамам. Оған қазір Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы және Қазақстан мүше. Қарап отырсаңыз Ресейдің алдыңғы қатарлы өндірістері біздің елге келіп, бірлескен кәсіпорындар құра бастады. Бұл – жақсылықтың белгісі. Ал, Оңтүстік Америкада «Интеграциялық одақ» деген құрылды. Жай уақытта олар бұған бармас еді. Біздің жүргізіп жатқан жұмыстарымыздың барлығы заңды, соған орай келешекте әлемдік рынокка шығу жоспарымызда бар.

Екінші бір мәселе – индустриаландыру. Естеріңізде болар, кеңестік кезеңде миллиард пұт астық жинаушы едік қой. Соған қарамастан басқа елдерден астық сатып алатынбыз. Қазір өзіміз шет елдерге астық сата бастадық. Ұн сатудан әлемде бірінші орынға шықтық. Қазір экономикамыз мүлде басқаша.

Өздеріңіз білесіздер, елдің барлығы шағын несиелер ала бастады. Ауылда тұратындар осындай несие алып, 5-6 сиыр, оншақты тауық сатып алады да шаруашылығын дөңгелете береді. Ондай несиелерді банктер қазір 18 пайызға дейін беріп жүр. Оның кем дегенде 5-6 пайызын мемлекет өз мойнына алады.

Тағы бір мәселе – денсаулық сақтау. Бұрын Қарағандыда жүрекке ашық ота жасау деген болып па еді? Әрине, жоқ. Қазақстандықтардың орта жасы – 70 болып отыр. Келешекте бұдан да жоғары болмақ. Денсаулық сақтау саласын бұрынғыдан да дамыта беретін боламыз.

Негізгі мақсатымыз – жастарды еңбекке баулу болып табылады. Бүгін осында зияткерлік мектеп ашамын. Онда дарынды балалар оқитын болады. Талантты балаларды жинамақ ойымызда бар. Бұдан соң олар Назарбаев Университетінде оқитын болады. Ондай бала кез келген жерде жұмыс істейді.

Ендігі бір мәселе – қазақ тілі елімізде басты тіл болмақ. Мәселен, Америкада барлығы өздерін «американдықпыз» деп атайды. Болашақта бізде де сондай болады. Орыс тілі ешқашан жоғалмайды. Үш тілді білу парыз. Біз, сонда ғана басқа елдерге, әлемге шығатын боламыз. Тілді неғұрлым көп білген адам – соғұрлым ақылды болмақ. Мәселен, Үндістан Англияның отарынан бостандық алған соң ағылшын тілінен бас тартқан болатын. Бірақ олар көп ұзамай мұның қате екендігін түсініп, қайтадан ағылшын тілін қабылдады. Қазір балалармен кездесемін. Олардың көпшілігі үш тілде сөйлейді. Баланы жас кезінен үйретсе, соғұрлым жеңіл болады. Интернет кеңістіктің өзі ағылшын және орыс тілдерінде ғой.

Енді бір айта кететін мәселе – біз ядролық қарудан дұрыс бас тарттық. Бұл – өте дұрыс шешім болды. Атом қаруы бар ел әрқашан бақылауда болады. Бір-бірін аңдып отырғанның несі жақсы. Ядролық қауіпсіздігімізге АҚШ, Англия, Франция, Ресей сияқты мемлекеттер кепіл болған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қарағандыда, құрылысы жүріп жатқан химия-биология бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік Мектебінде» болды. Президент мектеп ғимаратын, соның ішінде гимнастикалық және спорт залдарын аралап көрді. Мұнда бір топ жастармен жүздесті. Оның арасында студенттік құрылыс отрядының, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-да еңбек етіп жүрген жастар бар.

Нұрсұлтан Назарбаев елімізде білім мен денсаулық салаларын жаңғырту, спортты дамыту, өскелең ұрпақты жұмыспен қамту жөніндегі бағдарламаны қоса алғанда, жастар үшін қыруар істер атқарылып жатқанын атап өтті.

– Зияткерлік мектепке талантты балалар іріктеліп алынады, кейін олар «Назарбаев Университетіне» түсе алады. Осылайша біздің еліміздің элитасы дайындалады. Бүгінде жастар тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін жұмыс істеуге тиісті, - деді Мемлекет басшысы.

Елбасының алдында Қарағандының жастары Президент бастамаларын қолдайтындықтарын, ел үшін аянбай еңбек етуге әзір екендіктерін білдірді. Студенттік құрылыс отряды облыстық штабының төрағасы Ербол Сармурзин – өңірдің жастары құрылыс жұмыстарына белсенділікпен араласып, адам еңбегі мәртебесін арттыруға өз үлестерін қосып келе жатқанын жеткізді.

Ербол Сармурзин:

– Біз екі жыл қатарынан Сочиде Олимпиадалық нысандар құрылысына қатыстық. Сіздің тапсырмаңыздың арқасында, келесі жылы біз Жезқазған-Бейнеу темір жол құрылысына қатысатын боламыз. Біз Қазақстанды өркендету жолында аянбай еңбек етуге дайынбыз.

Одан кейін сөз алған «Қазақмыс» корпорациясының цех бастығы Мұрат Бөрібаев өзінің мамандығы Елбасының мамандығындай металлургия маманы екенін мақтан тұтатынын айтты. Сонымен қатар, ол «Қазақмыс» корпорациясында жұмыс істей жүріп, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіндегі оқуын жалғастырған екен.

Мұрат Бөрібаев:

– Мен болашақ инженер ретінде кәсіпорынға қажет болдым. Ал қазір цех бастығымын, Сіздің мамандығыңыз сияқты металлургия саласының маманымын. Сондықтан өз жұмысыма екі есе жауапкершілікпен қараймын. Жастар Сіздің барлық бастамаларыңызды әрдайым қолдайды деп сендіргім келеді.

Елбасы заманауи технологияларды пайдалануда жаңа білім алудың маңызды екенін атап, өңірдің жастарына барлық игілік пен алға қойған мақсатқа жету жолында жетістіктер тіледі.

Зияткерлік мектебінің құрылысы 2012 жылы аяқталады. Оның жобалық қуаты 720 оқушыға есептелген, жатақхана корпусы 120 орынға лайықталған. Ғимараттың жалпы аумағы - 21 мың шаршы метр. Үш қабаттан, он төрт блоктан тұрады. Мұнда 62 оқу кабинеті, үш физика, химия және биологияға арналған кеңейтілген зертханалар бар. Оқу кабинеттері мен зертханалары Қазақстан, Ресей, Ұлыбритания, Германия және АҚШ оқу құралдарымен және жиһаздарымен жабдықталған. Ұзын сөздің қысқасы, мұнда дарынды

балалар үшін барлық қажеттіліктер қамтылған. Халықаралық білім стандарттарына толық жауап беретін болады.

Ал мұнда оқитын балалар үшін қазан айында іріктеу жүргізілді. 7,8,9-сыныптардағы балалардан 1310 өтініш келіп түскен екен. Конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» грантын тағайындауға 558 бала ұсынылған.

Оқушыларға дәріс беретін мұғалімдер де сайдың тасындай әбден іріктелді. Сынақтан сүрінбеген 100 мұғалім Назарбаев Университеті базасында 2011-2012 жылдары оқуда болған.

Бүгінде еліміздің 6 қаласында 7 зияткерлік мектеп бар. Атап айтқанда, Астанада -2, Талдықорғанда, Көкшетау, Семей, Өскемен және Оралда. Дәл қазіргі уақытта 14 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Олар Астанада -2, Алматы-2, Петропавл, Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Шымкент -2, Қызылорда, Тараз, Ақтау қалаларында. Бұл мектептердің мақсаты – ұлттық интеллектуалдық әлеуетін дамыту. Яғни, аса құнды капитал – адам капиталын ел экономикасында кеңінен қолдану. Әлбетте, өнертапқыш-ғалымдарымыз көп болса, ғылымдағы өрісіміз де кеңейе түсері хақ.

СОДЕРЖАНИЕ

1. Нурсултан Назарбаев, Лидер нации первый день новой эпохи Казахстана.....	3
2. Нигматулин Н. Нурсултан Назарбаев – основатель казахстанской модели парламентаризма.....	14
3. Келимбетов К. Архитектор реформ.....	27
4. Ганс-Дитрих Геншер, Қазақстан қазіргі биігін Назарбаевтың арқасында бағындырды.....	31
5. Мансұров Т. Қазақстанның тұңғыш Президенті – еуразиялық интеграцияның көшбасшысы.....	34
6. Бақтиярұлы Б. Ұлт көшбасшысы және тәуелсіздік.....	43
7. Ерғалиев Ж. 1 желтоқсан немесе мәңгілік ел болуға бастаған күн.....	51
8. Сатыбалдин С. Назарбаев өлшемдері.....	56
9. Алпысбаев Қ. Жасампаздық жолы елбасы жолдаулары туралы ой.....	64
10. Могильницкий В. Создавали всем миром.....	69
11. Оразбаев С. Елдік жолындағы ерлік.....	74
12. Есімбай С. Үзеңгі дос.....	80
13. Самрат Ж., Несіпбай А. Қадамы қарышты Қарағанды.....	86
14. Сектенұлы С., Жанысбай С., Айтжанова Қ. Қарағанды – Елбасының еңбек Отаны.....	92

*В книге использованы фотографии
из Официального сайта Президента Республики Казахстан
и ресурсов INTERNET*

**Основы имиджелогии
на примере Первого Президента**

Под общей редакцией
академика НАН РК А.М. Газалиева

Подписано в печать 28.05.13. Формат 60x84/8. Объём 21,5 печ.л.
21,3 уч.-изд.л. Тираж 100 экз. Заказ №970. Цена договорная

Издательство Карагандинского государственного технического университета
100027, Республика Казахстан, Караганда, Бульвар Мира – 56